

Абай институтының
ХАБАРШЫСЫ

Алматы

№1 (7)

2011

Ғылыми-ақпараттық,
әдеби журнал 2010 жылдан
бері екі айда бір шығады.
ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігі Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп (24.12.2009),
№ 10586-Ж куәлігі берілген

(ЮНЕСКО, Франция, Париж, қ.)
сериялық басылымдарды
тіркейтін ISSN Халықаралық
орталығында тіркелген және
халықаралық нөмір берілген

Бас редактор
Дәдебаев Ж.Д.

Редакциялық кеңес
Әбдешұлы Қ., Абдуалиев А.,
Аманшаев Е.А., Әбдиманұлы Ө.,
Әмірбеков Ш.А., Ғайыпов З.С.,
Мырзахметов М., Акматалиев Ж.А.,
Бисенбаев П.Қ. (ғылыми редактор),
Есембеков Т., Есім Ғ., Шәріп А.Ж.,
Жақсылықов А.Ж., Омаров Б.Ж.,
Кәкішев Т.К., Қамзабекұлы Д.,
Момынова Б., Мадиева Г.Б.

Редакциялық алқа
Тарақ Ә.С., Мұсалы Л.Ж.,
Ахмедьяров Қ.К., Кәрібаев Б.Б.,
Әбдікова Қ.Т., Адаева Е.С.,
Сағындық Н., Мәмбетов Ж.,
Медеубек С., Таева Р.М.

Жауапты хатшы
Дәуітова Г.Р.

Құрылтайшы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Шығарушы
Абай институты

**Редакция мен шығарушының
мекен-жайы**
Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Абай ғылыми-зерттеу институты.
E.mail: Abai_instkaznu@mail.ru

ИБ № 5326

Басуға 22.02.2011 ж. жіберілді.
Пішімі 70x110 1/16, Тапсырыс № 559.
Көлемі 12,5 б.т. Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды

Мақала авторларының пікірі редакцияның
көзқарасын білдірмейді.

МАЗМҰНЫ**АБАЙТАНУ**

Дәдебаев Ж. Абай институты	3
Жеменей И. Абай және Шығыс.....	6
Молдабеков Ж. Абай мен адамтану	14
Жанатайұлы К. Абай туралы естелік.....	19
Темирболат А. Категория хронотопа в поэзии Абая	24

СӨЗ ӨНЕРІ

Дәдебаев Ж. Ғабдолла Тоқай: ғұмырбаян ғибраттары.....	35
--	----

ТІЛ БІЛІМІ

Мәмбетова М. Ассоциативтік эксперимент.....	45
--	----

**АУДАРМА ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ
ӘДЕБИЕТТАНУ**

Luther Martin An open letter on translating.....	49
Мұсалы Л. Аудармашы шеберханасына саяхат	64

ҚОҒАМТАНУ

Кәрібаев Б. Тәуке хан.....	67
-----------------------------------	----

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Кәрібозов Е. Ж. Молдабековтің жаңа кітабы туралы.....	78
--	----

ЖАС ҚАЛАМ

Ешметова Б. Көне ру таңбаларының сыры.....	80
Дәуітова Г. Балалар прозасын аударудағы ізденістер.....	82
Бекбулатова Д. Поэтика заглавия рассказа С.Моэма	85

**ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**

Жусанбаева С. Пән мазмұны және оқыту әдістемесі	88
Программа инновационного развития кафедр	90
Әбдікова К. О кафедре	92
Шет тілі кафедрасы	98



БІЗДІҢ АВТОРЛАР

Дәдебаев Ж.Д. – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Ұлттық жоғары мектеп ғылым академиясының, Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академиясының, ҚР Білім академиясының, Халықаралық Айтматов академиясының академигі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры.

Жеменей И. филология ғылымдарының докторы, профессор, шығыстанушы

Молдабеков Ж. – философия ғылымдарының докторы, профессор

Кәрібозов Е – филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы

Темирболат А.Б. – филология ғылымдарының докторы, әдебиет теориясы және фольклористика кафедрасының меңгерушісі

Мәмбетова М.Қ.– филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценты

Мұсалы Л.Ж. – филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценты

Кәрібаев Б.Б. – тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры

Жусанбаева С. - филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценты

Абдикова К.Т. - филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценты

Дәуітова Г. - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ізденушісі

Бекбулатова Д. - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты. Ғылыми жетекшісі – Есембеков

Ешметова Б.Б. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты. Ғылыми жетекшісі – Аманжолов А.С.

АБАЙТАНУ



Ж. Дәдебаев

АБАЙ ИНСТИТУТЫ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Абай институтының тарихы. Институттың ғылыми жұмыстары. Зерттеу нәтижелері. Абайдың шығармашылығы. Тірек сөздер. Абай, институт, ғылым, зерттеу, шығармашылық.

Ж. Дәдебаев

ИНСТИТУТ АБАЯ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. История института Абая. Научные работы института. Результаты исследования. Творчество Абая. Ключевые слова. Абай, институт, наука, исследование, творчество.

Zh. Dadebaev

INSTITUTE OF ABAI

Abstract. The issues dealt in this article. History of the Abai Institute. The scientific work of the institute. Creation of Abai.

Keywords: Abai, institute, science, research, creation.

Абай ғылыми-зерттеу институты – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы іргелі ғылыми орталықтардың бірі. Университет жанында жемісті жұмыс жасап келе жатқан бірнеше еншілес ғылыми-зерттеу институттары бар. Олардың басым көпшілігі жаратылыстану ғылымдары саласында іргелі және қолданбалы зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Абай институты 2009 жылдың 24 наурыз айында университеттің сол кездегі ректоры Б.Т. Жұмағұловтың қолдауымен Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде құрылды. Институттың қызметінің басты нысаны – гуманитарлық ғылымдар саласы, ал негізгі мақсаты аталған салада зерттеу жұмыстарын жүргізу, жаңа білім жасау, оны сақтау, өндіріске енгізу, насихаттау бағыттарындағы шараларды ұйымдастыру, үйлестіру және іс жүзіне асыру болып белгіленді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 75 жылдық мерейтойын мерекелеуде оқыған «Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс» тақырыбындағы актілік дәрісі,

«Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы университеттің білім беру қызметінің барлық бағыттарын, тұтас жүйесін бүгінгі инновациялық-ақпараттық даму тұрғысынан парықтауды және жетілдіруді талап етті. Елбасының лекциясы мен Қазақстан халқына Жолдауынан туындайтын міндеттердің аясында Абай институты үшін жаңа білім өндірудің, оны коммерциялаудың, дайын өнім ретінде ғылыми өнімдер рыногында бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің мәні айрықша жоғары. Сондықтан да Абай институты өз қызметінің алғашқы күндерінен бастап іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуге ерекше маңыз берді, іргелі зерттеулердің тиянақты жүргізілуі жаңа білім жасаудың, жаңа технологияларды игерудің, сондай-ақ гуманитарлық ғылымдар саласының бүгінгі күн үшін аса маңызды, өзекті бағыттары бойынша жұмыс жасап келе жатқан ғылыми мектептерді жаңғырту мен жетілдірудің, сонымен қатар жаңа ғылыми мектептер қалыптастырудың негізі болады деп білді. Институт айналасында топтасқан ғалымдардың

әрқайсысы үлкен ізденістерге барды, гуманитарлық ғылымдар бойынша жарияланған зерттеу жұмыстарын орындау бағдарламаларының конкурстарына, мемлекетаралық, халықаралық ғылыми бағдарламалар конкурстарына қатысты, жекелеген ғалымдардың бастамасы бойынша жасалған зерттеу бағдарламаларын орындауға атсалысты. Қазақ тілі мен әдебиетінің, әлем тілдері мен әдебиетінің, тарих пен мәдениеттанудың, философия мен әлеуметтанудың аса маңызды мәселелерін шешуге қатысты. Абайдың шығармашылық мұрасын бірнеше ғылым салаларының тоғысқан, түйіскен тораптары аясында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ұлттық тіл білімі, салыстырмалы тіл білімі, жалпы тіл білімі, ұлттық әдебиеттану, салыстырмалы әдебиеттану, жалпы әдебиеттану аясында, әдебиеттану мен тарих, әдебиеттану мен мәдениеттану, әдебиеттану мен заң, әдебиеттану мен этнопедагогика, әдебиеттану мен философия, әдебиеттану мен әлеуметтану, саясаттану, әдеби компаративистика салаларында, Жолдауда көрсетілген «еліміздің тәуелсіздігін баянды ету, қазақтың ұлт болып өркендеуіне жол ашу, оның тілі мен мәдениетінің кең құлаш жаюына мүмкіндік туғызу» мақсатындағы стратегиялық міндеттерді іс жүзіне асыру жолдарын пайымдау бағытында терең ізденіс жұмыстары жүргізілді. Шешендік өнердің байырғы өрнектері және олардық қазақ әдебиетінің бастау-көздеріне қатысы пайымдалды. Айтыс өнерінің ірі өкілдерінің ақындық шеберлігі сараланды.

Абайтану ғылымының өнген ортасы, алтын бесігі, қалыптасқан жері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті екені белгілі. Сондықтан да Абай институтының зерттеу жұмыстарының аясында абайтану ғылымына ерекше көңіл бөлінуде. Қазақстанда абайтану ғылымы саласында аз жұмыстар жасалған жоқ. Қыруар ғылыми жинақтар, монографиялар, оқу құралдары жарық көрді, кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды, абайтану ғылымымен бірыңғай айналысатын ұйымдар мен мекемелер құрылды. Абайдың шығармалары әлем халықтарының тілдеріне аударылды. Алайда абайтану ғылымының ақынның өз Отанындағы деңгейі бүгінгі заманның рухани сұраныстарына толық жауап бере алады деп айтуға ерте. Абайдың ойларын, көзқарасын, қағидаларын, ашық және жұмбақ сырларын қазақтың, қазақ ғалымдарының өзі толық танып болған жоқ. Әр ізденуші өз пікірін айтатыны рас. Әр зерттеуші Абайдың жұмбағын шешуге талпынды. Әрқайсысы сол жұмбақты өзінше шешкен болды. Бәрі дұрыс. Дегенмен Абайдың

жұмбағын толық шешкен зерттеушіні қазақтан да, басқадан да табу оңай емес. Абайдың: «Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде, сонан тапқан - шын асыл, тастай көрме», - деген бір ауыз сөзінің мәнін терең түсініп, оның барлық мағынасына бойлау тауқыметінің өзі ғасырдан-ғасырға жетерлік жүк. Абай сөзінің мұндай жасырын жатқан сырын бір адам емес, Абай институты сияқты кемел ғылыми ұжым ғана тани алуы мүмкін. Осы орайда институт Абай шығармашылығын гуманитарлық ғылым саласының барлық бағыттары бойынша және барлық ғылым салаларының тоғысқан жүйесінде, пәнаралық деңгейде зерттеуді отандық ғылымда бірінші рет жолға қойып отыр.

Абай шығармашылығын, қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетін, әдеби мен әдетін, даналығы мен даралығын танудың, білудің, пайымдаудың, бағалаудың өз еліміздегі және өзге елдердегі әлеуметтік, көркемдік, эстетикалық мәселелерінің зерттелуіне келетін болсақ, бұл бағытта да шешімін, зерттелуін күтіп жатқан сан түрлі міндеттер бар. Абай институты бұл жерде қазақ әдебиетін, Абайдың әдеби мұрасын туысқан халықтар елінде, шектес елдерде, әлемдік деңгейде қабылдау, түсіну, бағалау жайын бағдарлауды өз алдындағы көкейкесті ғылыми міндеттердің қатарына жатқызады.

Институт алдында қыруар ғылыми міндеттер тұр. Институттың беті мен бағытын анықтауда оның алдында тұрған міндеттерді сипаттап өтудің артықшылығы жоқ. Бірақ мақсат пен міндет бар да, сол мақсат пен міндеттерді шешу жолында атқарылған істер, ол істердің нақты нәтижелері және бар. Мақсат пен міндет қанша биік, маңызды болғанмен, оларды жүзеге асыруға келгенде, нақты ғылыми нәтижелер болмаса, істің бәрін бос деуге тура келеді. Абай институты өз алдына биік мақсат, маңызды міндеттер қоюмен бірге оларды іс жүзіне асырудың мүмкіншіліктері мен жолдарын да дәл анықтай алды. Бұл өте маңызды еді.

Абай институтының ұйымдастыру және үйлестіру жұмыстарының аясында Абайдың әдеби мұрасы негізінде диплом жұмыстары, магистрлік, кандидаттық, докторлық диссертациялар орындалуда. Абай шығармаларының туысқан халықтар тілдеріне (қырғыз, өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрт, құмық, түрік, түркімен, т.б.), өзге тілдерге (қытай, орыс, ағылшын, француз, неміс, парсы, т.б.) аударылуы және бағалануы туралы монографиялық зерттеулер жүргізілуде. Олардың басты нәтижелері «Абай институтының хабаршысында» және басқа ғылыми басылымдарда жарияланып келеді.

Қазақ әдебиетінің, Абайдың әдеби мұрасының өзге халықтардың тілдеріне аударылуы, өзге халықтар танымында қабылдануы және бағалануы әдебиетаралық мәселе болып табылады. Оны тек қазақ әдебиеттануы шегінде қарастыру, тану, шешу қиын. Бұл мәселе салыстырмалы әдебиеттану аясында ғана түпкілікті шешімін таба алады. Негізінде, қазақ әдебиетінің әлемдік кеңістікте танылуы мен бағалануын бағамдау тек қана салыстырмалы әдебиеттану аясында нәтижелі бола алады. Салыстырмалы әдебиеттану, басқаша айтқанда, әдеби компаративистика, әлем университеттерінің бәрінде арнайы мамандық ретінде оқытылады және зерттеледі. Салыстырмалы әдебиеттану (әдеби компаративистика) саласындағы дүниежүзілік қауымдастық та бұған өзінің игі әсерін тигізуде. Осы бағыттағы әлемде болып жатқан үдерістердің сипатын зерделеу барысында институт салыстырмалы әдебиеттануды дамыту (әдеби компаративистиканы) ұлт әдебиеттерінің өз аумақтарында шектелмей, әлемдік кеңістікке шығуының басты шарты және бірден-бір ұтымды жолы деген маңызды ғылыми тұжырымға келді. Тиісті мемлекеттік органға магистратура және докторантура сатылары бойынша «Әдебиеттану» мамандығын ашу туралы ұсыныс берді. Ұсыныс оң шешімін тапты. Әлемдік білім беру тәжірибелерін тереңдеп зерттеу мен зерделеу ендігі тұста «Салыстырмалы әдебиеттануды» (Әдеби компаративистиканы) жеке мамандық ретінде арнайы ашқанда ғана отандық әдебиеттануымыздың әлемдік білім беру және ғылыми педагогикалық мамандар даярлау кеңістігіне ене алатыны туралы ақиқатқа көз жеткізіп отыр. Институт бұл мәселені де жете зерттеп, ғылыми негізделген қағидалары мен ұсыныстарын дайындады. Институттың осы мәселе бойынша дайындаған негіздемесін қабылдау мен іс жүзіне асырудың ұлттық жоғары білім және жоғары білімнен кейінгі білім жүйесін жетілдіру үшін аса зор әлеуметтік маңызы барын атап айту орынды. Өйткені бұл негіздемеде инновациялық мән жатыр. Абай институты ұлттық әдебиетті, ұлттық әдебиеттануды әлемдік ғылым және білім кеңістігінде тану мен танытудың бірден-бір тиімді жолы осы деп біледі.

Абай институтының ерекше мән беріп, арнайы зерттеп келе жатқан мәселелерінің қатарында білім берудің инновациялық технологияларын жасаудың алатын орны үлкен. Бұл бағытта бірнеше өзекті тақырып бойынша ізденіс жұмыстары жүргізілді: білім алушылардың өздік жұмыстарын ұйымдастыру

мен бағалаудың инновациялық технологиясы жасалды; диплом жұмысы мен магистрлік диссертацияның сапасын бақылау мен бағалаудың инновациялық технологиясы дайындалды; бакалавриатта білім алушылардың кәсіби тәжірибесін ұйымдастыру мен өткізудің инновациялық технологиясы жасалып, өндіріске енгізілді; магистранттардың ғылыми-педагогикалық тәжірибесін өткізудің инновациялық технологиясы жасалды, т.б. Аталған технологиялар сыннан өткізілді, жетілдірілді, коммерцияландырылды.

Абай институты өзінің материалдық және интеллектуалдық ресурстарымен студенттердің, магистранттар мен докторанттардың (PhD) кәсіби, ғылыми, ғылыми-педагогикалық тәжірибелерін өткізудің базасы қызметін де атқаруда. Білім алушылар тәжірибеден өту кезеңдерінде теориялық білімдерін іс жүзінде пайдалана отырып, оқытушылық, зерттеушілік қабілеттерін ашуға мүмкіншілік тапты, сонымен қатар тәжірибелі профессорлардың басшылығымен жаңа білімді өндіріске енгізудің жолдарын үйренді, білім берудің инновациялық технологияларын жасау үдерістеріне тікелей қатысып, нақты саланың әлеуметтік сұраныстарымен танысты, білімдері мен біліктіліктерінің, кәсіби компетенциясының ұшталуына қол жеткізді, теориялық ізденістері соны өріске шықты. Мұның өзі институттың іргелі және қолданбалы зерттеулерінің ғылыми және практикалық маңызының айтарлықтай үлкен әлеуметтік мәні барына білім алушылардың, болашақ мамандардың көзін жеткізді, олардың алдағы кәсіби қызметтерінің нәтижелі болатынына сенімін нығайтты.

Институттың сан салалы қызметінің басты нәтижелері 2010 жылдан бері қарай 12,5 б.т. көлемінде екі айда бір шығатын «Абай институтының хабаршысы» атты ғылыми-ақпараттық, әдеби журналда жариялана бастады. 2010 жылы журналдың 6 саны жарық көрді. Журналда институттың зерттеу жұмыстарының нәтижелері бірнеше тұрақты бөлімдер бойынша жарияланатын болды: а) сөз өнері; ә) тіл білімі; б) салыстырмалы әдебиеттану; в) қоғамтану; г) сын және библиография; д) абайтану тарихынан; е) жас қалам; ж) оқытудың инновациялық технологиялары. Әр бөлімнің өз талаптары бар. Олар институттың Жарғысында анықталған мақсат пен міндеттерді іс жүзіне асыруға бағытталған.

Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін бағалаудың, сынақтан өткізудің жолдары көп. Абай институты өз зерттеулерінің негізгі нәтижелерін ғылыми конференцияларда

талқылауды дұрыс деп тапты. 2010 жылы халықаралық бірнеше ғылыми конференция өткізді. Олардың ішінде бұрыннан жалғасып келе жатқан «М. Әуезов және әлем әдебиеті», «Көркем аударма және әдеби компаративистика» секілді дәстүрлі конференциялар бар. Олардың әрқайсысының тұрақты қатысушылары, мамандары қалыптасқан. Ал «Абай және қазіргі заман» атты халықаралық ғылыми конференция алғаш рет өткізілді. Онда Абайды танудың қазіргі замандағы маңызы мен мәні, басты даму бағыттары мен өзекті мәселелері, оларды шешудің жолдары, күтілетін нәтижелердің қоғамдық сананы байытуға, адам капиталының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, еліміздің өсуі мен өркендеуіне қосатын үлесі туралы іргелі ойлар, келелі кеңестер талқыланды. Абайтану саласында соңғы жылдары қол жеткен ғылыми нәтижелерге, олардың теориялық деңгейлері мен практикалық маңызына терең талдау жасалды, абайтанудың алтын бесігі болған Қазақ ұлттық университетінде қоғамдық және гуманитарлық ғылым салаларында соны серпілістер, тың толғаныстар, заман талабына сай жаңару мен жаңғыру барын көрсетті. Филология, тарих, философия, әлеуметтану, шығыстану ғылымдарында шығармашылық ізденістердің тереңдігі мен іргелілігі аталып өтті. Конференцияға қатысушылар «Абай және қазіргі заман» конференциясын жыл сайын өткізіп тұру туралы шешім қабылдады.

Институтта ғылыми, әдістемелік, көркем әдебиеттер мен оқулықтардың, оқу құралдарының электронды қоры жасалған. Онда мыңнан аса әдебиеттер бар және мұның өзі ұдайы толықтырылуда. Абайдың әдеби мұрасы жанрлық ерекшеліктеріне орай топтастырылып, қазақ, орыс, ағылшын, француз, парсы, түрік және басқа тілдерде веб-сайтқа орналастыруға дайындалған. Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы еңбектер өз алдына бөлек топтастырылған. Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы еңбектердің алфавиттік жүйедегі электронды библиографиясы

жасалды. Бұл қазіргі шақтағы Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы ең толық көрсеткіш болып табылады. «Абай институтының хабаршысында» аталған әдебиеттердің тізімі «Абай институтының электронды мұрағатынан» деген айдармен тұрақты түрде жариялануда.

Институт ғалымдарының бір тобы өз бастамалары негізінде жасалған халықаралық зерттеу бағдарламасы бойынша ізденістер жүргізуде. Бағдарламаны орындауға отандық зерттеушілермен қатар Қырғызстанның, Өзбекстанның, Тәжікстанның, Қытайдың, Түркиянің мамандары қатысады. Институт өзінің халықаралық байланыстарын алдағы уақыттарда кеңейтуді көздеп отыр.

«Абай және қазіргі заман» деп аталатын ғылыми зерттеу жобасын орындау бағытында іргелі істер атқарылуда. Бағдарламаның өзіне тән ерекшеліктері бар: біріншіден, бағдарлама арнайы қаржыландырусыз орындалады; екіншіден, бағдарламаны орындауға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары ғана қатысады. Бағдарлама аясында жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелерін «Абайтану. Абай институтының еңбектері» деген атпен көптомдық серия түрінде баспадан шығару көзделеді. Серияның бірінші томы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналады. Бұл еңбек монография түрінде университет баспасынан тақырыптық жоспар шегінде жарыққа шығатын болар деген үмітіміз бар. Сонымен қатар осы бағытта университетте абайтану саласында бұған дейін жүргізілген зерттеулердің нәтижелері толық жинақталып, аталған серия аясында 10 том көлемінде баспаға дайындалу үстінде. Әрине, абайтану саласында жасалатын жұмыстар осымен шектелмейді, жалғаса береді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты қалыптасу үстінде. Мақсат үлкен. Міндет зор.

* * *

И. Жеменей

АБАЙ ЖӘНЕ ШЫҒЫС

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Абай шығармашылығы. Абайдың шығыс әдебиетімен байланыстары. Абай және шығыс философиясы. Абай және ислам мәдениеті.

Тірек сөздер: Абай, ислам, философия, араб халифаты, шығыс.

АБАЙ И ВОСТОК

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Творчество Абая. Творческие связи Абая с восточной литературой. Абай и восточная философия. Абай и исламская культура.

Ключевые слова: Абай, ислам, философия, арабские халифаты, восток.

I. Zhemenei

ABAI AND EAST

Abstract The issues dealt in this article. Creation of Abai. Abai's creative connections with eastern literature. Abai and Eastern philosophy. Abai and Islamic culture.

Keywords: islam, philosophy, Arabian caliphates, sharh.

Абай шығармаларын оқыған ғалымдар ақынның шығыс әдебиетінен нәр алғанын айтып та, жазып та жүр. Бірақ «шығыс» сөзі жағрафиялық, философиялық тұрғыдан алғанда, аумағы кең ұғым. Жағрафиялық территориясының кендігіне қарай оны қиыр, орта және таяу шығыс деп үш аймаққа бөледі. Ал бұл елдердің философиялық дүниетанымы әр басқа. Оған Қытай, Үндістан, Жапония, Иран, Араб, Түркі жұртының философиялық мектептері жатады. Сонымен қатар ұлттардың ерекшелігіне карамастан, Ислам философиясы, дүниетанымы аты мұсылман үмметке ортақ философиялық мектепті қалыптастырып келеді.

Қазақ әдебиетінің шығыстық сыры осы исламдық мектеп аясында араб, парсы әдебиетімен ұштасып, астасып жатыр. Оның да белгілі дәрежеде тарихи-саяси, ғылыми-мәдени себептері бар. Біз бұл сырдың тым тереңіне бармай-ақ түркі, парсы және араб елдерінің мәдени-әдеби байланыстарын орта ғасырлардан қарастырсақ та көп жайттың мәніне қанық боламыз. Қазақ тарихы мен мәдениетіне қатысты шығыс беттерін парақтау үшін ислам тарихына шолу жасағанымыз жөн болады. Өйткені ислам тарихы арқылы жалпы оқырман ислам дүниесіне жақындай түседі.

Ислам тарихында Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбар қайтыс болған соң, сахабалар кеңесінде (ижмаһ) Әбубәкір (ғ.с) пайғамбардың орынбасары ретінде мұсылмандардың тұңғыш халифасы болып тағайындалды. (632-634) Әбубәкірдің қазасынан кейін екінші халифа Омар (ғ.с), (634-644), үшінші халифа Осман (ғ.с), (644-656), төртінші халифа Әли (ғ.с) (656-661) болып сайланды. Аталған төрт халифа «Рашедин халифалар» (турашыл халифалар) атауымен Ислам тарихында танылды. Олардың заманында сол дәуірдің екі ірі империясы - Иран мен Рим күйреп, Ислам дінінің негізгі саяси, философиялық іргесі қаланды. Ұлы төрт халифасын қолдап, қуаттаған мұсылман жамағаты «сүнни», ал, олардың арасынан тек қана Әлидің (ғ.с) халифалық мансабын мойындап, қалғандарын мойындамаған топқа

«шийт» (шиға, яғни Әлиді жақтаушылар) жамағаты делінді. Сол кезден мұсылмандар екі мәзһаб ретінде тарих барысында қалыптаса бастап, кейін саяси негіздері қаланды. Шийт ағымының саяси негіздері XV ғасырда Иранның Әзірбайжан өлкесінен шыққан Шейх Сафиеддин әулеттері тарапынан Иранның ресми мәзһабы ретінде жарияланды. Сол кезден күні бүгінге дейін сүнни мен шийттер арасындағы саяси дүниетанымдық айырма екі жақтың қанды қақтығыстарына себеп болып жалғасып келе жатыр. Осы орайда ескеретін жайт, XV ғасырға дейін барлық мұсылман елдері: Түркістан, Иран, Араб жұрты мемлекеттері сүнни мәзһабты мұсылман болатын. Шейх Сафи әулеттері Иран жұртында «шийттікті» ресми мәзһабы деп жариялаған соң, сүнни мұсылмандарды қанға бөледі. Олардың тірі қалғандары үрейден амалсыз шийттікті қабылдады. Сондықтан XV ғасырға дейін түркі, парсы, араб мұсылмандары сүнни мәзһабында болғандары үшін бір-бірімен өте жақын қатынаста болды. Бұл тарихи тәжірибелер дін мен мәзһаб бір болса, елдер арасында ынтымақ зор болатынын айғақтайды. Мәселен, сол заманның әлемге танымал болған Хафиз, Сағди, шейх Аттар, маулана Руми, Жәми, Жүсіп Хамадани, тағы басқалары сүнни мәзһабында болғандары үшін түркінің Қ. Йасауи, Ж. Баласағұн, М. Қашғари, Нәкшбәнд, Атаи, Науаи сынды ақын, ғалымдарымен ортақ исламдық дүниетанымда тоқайласты. Ислам елдерінің рухани мүддесі бір болды.

Міне, осы ақиқат тұрғысынан Орталық Азияда XV ғасырға дейігі кезеңде түркі, парсы, араб халықтары мен оқымысты зиялы қауымының ынтымақтаса ислам дінінің өркендеуіне аянбай қызмет жасағанын саралаймыз.

Аталған төрт (Әбубәкір, Омар, Осман, Әли) халифаның билік құрған кезеңі өзіндік сипатымен ислам тарихында бедерленеді. Өйткені олардан кейінгі ислам халифатында исламияттың рухани белестерімен бірге саясилану қыры да бой көрсете бастады.

Саяси билік идеологияның қоғамда аса маңызды рөл атқаратындығын жақсы біледі. Сол үшін олар қашанда мемлекеттік идеологияға әрі мемлекет ішіндегі идеологиялық ағымдарға аса мән береді. Әрі идеологиялық топтарды мұқият бақылап отырады. Сол үшін «дін» өзінің рухани тазалыққа ағартушылық қайнар рөлімен бірге елдердің саяси ынтымақтасуына да үлкен үлес қосып келе жатқандығы жасырын емес.

Міне, осылай ислам тарихының бастапқы «рашедин халифалар» (632-661) дәуірінен кейін мұсылмандар халифатынан жаңа саяси ағымдар шыға бастады. Олардың алғашқысы Моавие әулеттері болған. Олар 661-750 жылдары Ұммие халифатын құрды. Олардың дәуірінде Түркістанға да бірнеше рет жорық жасалды. Мәселен, батыс Түркістандағы түркештер араб әскеріне тойтарыс беріп жатты. Бірақ араб халифаты түркі даласын толықтай өзінің билік шеңберіне ала алған жоқ. Тек қана Моавие ибн Әбусофиян құрған Ұммие династиясы халифатының соңғы халифасы II Мәрван Иранның батыс аймағында ирандық сардар Әбумүслим Хорасанимен соғысқанда, шайқас майданында оның қолынан қаза тапқан соң, халифат тізгіні Абдолла Сәффаһтың қолына тиді. Сөйтіп, ол ирандықтардың әскери және саяси көмегінің арқасында Аббаси халифатының негізін қалады. Аббасилер Ұммие халифаты құлаған 750 жылдан бастап 1258 жылға дейін ислам әлеміне билік құрды. Олар өз кезегінде Орталық Азияның ислам дініне бет бұруына байланысты үлкен үлес қосты. Өйткені Аббас халифаты түркілердің сұрауы бойынша оларға қытай қосынына қарсы шайқасуға келісті. Сөйтіп, мұсылман әскери күші мен түрік әскері бірлесіп, Қытайдың Таң империясының жаулаушы армиясына қарсы 751 жылы Атлақ қаласы түбінде кескілескен шайқаста арабтар мен түрік қосыны қытай әскерін күйретіп, ұлы жеңіске қол жеткізді. Сол уақыттан бастап түрік халықтары ислам дініне ерекше ықыласпен әрі сенімді көңілмен бет бұра бастады. Әсіресе, қарахандықтар (840-1212) билік құрған кезеңде, ислам дінін мемлекеттің ресми діні етіп жариялаған соң, ислам діні түркі даласында өркендеп, гүлдене бастады. Соның арқасында ислам қағидалары түркі мәдениеті мен әдебиетінің өзегіне айналды.

Екінші жағынан ислам дінінің саяси рөлі Орталық Азияда арта түсті. Атлақ шайқасында араб әскерінің қатарында хорасандық парсылардың барынша көп болуы алдағы уақытта түрік, араб, парсылардың саяси-мәдени кеңістігіне елеулі әсер етті. Үштіктің мәдени

өрісіне парсы тілі мен әдебиетінің тікелей араласуына Саманилер билігінің негізін қалаған Исмайылдан (849-907 ж.) бастап Самани әулеттерінің Мауароннәһрдегі саяси билігі (892-1005 ж.) ықпал жасады. Сондай-ақ Шаһ Исмайыл Саманның 893 жылы Тараз қаласын жаулап алуы да Таразды Орталық Азияда исламдық орталыққа айналдырды. Өйткені Саман әулеттері ислам дінінің кеңінен өрістеуіне аса зор мән берді. Әрі Самандар парсы тілі мен мәдениетіне ерекше көңіл бөлді. Саманилердің саяси ұстанымы жойылып бара жатқан парсы тілінің қайта жандануына негіз болды. Өйткені араб халифаты VII ғ. екінші жартысынан IX ғ. екінші жартысына дейін Иран жерінде екі ғасырға жуық саяси-мәдени үстемдік құрып, парсы тілінің Иран жеріндегі қолданыс аясын тарылтып жіберген-ді. Парсылардың тілі мен ұлттық рухы әлсіреп, ұлттық болмысына ауыр күн туған сол дәуірде саманидтердің саяси сахнаға шығуы Иранның ұлтжанды ақындарына шабыт беріп, парсы тілінде шығармалар жазуларына мол мүмкіндік тудырды. Солардың арасынан Әбілқасым Фирдауси (941-1011) «Шаһнаме» дастанын жырлап, парсы тілінің Иран жұртына, тіпті түрік халықтарының арасына кеңінен таралуына жол ашты. Шайыр «Шаһнаме» шығармасын қандай мақсатта жырланғанын өлең жолдарына арқау етіп, былай дейді:

Отыз жылдай тауқымет шегіп, ана тілімді тірілттім,
Сол арқылы парсыларды өз тіліне жүгінттім.
Замананың желі менен бораны да жоя алмас,
Әсем, зәулім сарайды мен сөзден салып, құбылттым.

Міне, Мауароннәһр мен Хорасан кеңістігінде саманидтер билік құрған кезде түркі даласы ислам дінінің әсерінен араб тілі мен әдебиетін қабылдаған-ды. Ал Саман әулеттерінің саяси үстемдігінен парсы тілі де түріктердің тілі мен мәдениетіне етене жақын араласып кетті. Парсылардың ұлттық санасының оянуы өз кезегінде түрік халықтарының түркілік санасының оянуына септігін тигізді. Мәселен, XI ғасыр шамасында жазылған «Қорқыт ата кітабы» атты шығарманың оқиғаларынан түріктердің Алтай, Орта Азия, Жетісу, Сыр бойы, Сары дала – «Қыпшақ даласы», Персия, Кавказ, т.б. кең - байтақ аумаққа билік жүргізіп отырғанын байқаймыз. Бірақ түркі тіліне мемлекеттік мәртебе беруді ойланбаған-ды. Соның салдарынан олар түркілер билік құрған өлкелерде өзге мәдениеттердің ықпалында ассимиляцияға ұшырап отырған. Иран елінің ұлттық санасы саяси билік пен зиялылар арасындағы үйлесімділіктің арқасында оянып, бой көтергені

қараханидтердің дұрыс саяси бағыт қабылдануына оң әсер етті. Содан қараханидтер дәуірінде ислам дінімен бірге түркі тілі түркілік сананың екі тірегі болып қаланды. Соның нәтижесінде Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» туындысын, Махмұд Қашғари «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбегін, Қожа Ахмет Йасауи «Хикмет» атты шығармасын түркі тілінде жазып шықты. Түркі тілінде жазылған бұл туындылар түркі тілі мен мәдениетінің қайта жанданып, өрлеуіне жол ашты. Сонымен қатар аталған авторлар өз еңбектерінде ислам дінін дәріптеп, ислам қағидаларын түркі оқырмандарына үйретуді мақсат етті. Соның арқасында түрік халықтары бір дін, бір мәзһаб төңірегінде топтасты. Түркінің дін бірлігіне самани билігі де елеулі үлес қосты. Өйткені самани әулеттері парсы тілді болғанымен діни ұстанымда сүнни ханафи мәзһабда болды. Сонымен бірге парсы тілді ақындар да сүнни мәзһабында болғандықтан, сол бағытта түркілерді қуаттап отырды. Мәселен, Рудаки, Хафиз Ширази, Сағди Ширази, Шейх Аттар Нишабури, Хожа Әнсари, Маулана Руми, Әбдірахман Жами сияқты әйгілі ақындар түркінің исламдық идеологиясына орасан әсерін тигізді.

Самани билігі Х ғасырда түркілердің саяси үстемдігі жүре бастағанда әлсірей түсті. Әсіресе Жетісу мен Қашғар өлкелерінде қарахандардың билігі (942-1123) күшейіп, артынша Ғазна мен Хорасанда Ғазнауи патшалығы (962-1183) нығайды, ал Хорезмшахтың билігі Хорезмнен бастап Иран жеріне дейін жүріп жатты. Осындай саяси жағдайда самани билігі аталған елдердің даму екіпініне шыдас бере алмайтыны анық болды. Бір жағынан, Арал теңізінің шығыс және солтүстігінде Оғыз бірлестігінің билік етіп жатқандығы түркілердің, бөлек-бөлек болса да, Тұран даласына толық билігін жүргізе алатынын көрсетті.

Шығыс Түркістан, Ташкент, Исфиджаб, Ферғана, Самарқан, Бұхара, Чағаниян, Хотан уәлаяттарын өз билігіне алған қарахандар 1008 жылы ғазнауилермен Балх маңында соғысты, саяси билікке қол жеткізген селжұқтармен (1040-1157) қақтығысты. Мәселен, селжұқ билеушісі Мәлік Шаһ (1072-1092) Бұхара, Самарқан, Өзкент сықылды шаһарларда өзінің саяси билігін орнатып, қарахандарға ауыр соққы береді. Сондай-ақ 1130 жылы тағы бір селжұқ билеушісі Сұлтан Санжар (1118-1157) Самарқанды жаулап алды. Сөйтіп селжұқтар қарахандарға қарсы жаңа бір әскери-саяси күш ретінде бой көрсетті. Сондықтан қарахандықтар мүлдем жойылып кетпесе де, саяси қуаты

әлсірей бастағаны байқалды. Көпке ұзамай 1137 жылы қарахандар шығыс жақтан келген қарақытайлықтардың қысымына түсті. Бұл жаңа саяси күш Батыс Түркістанның ішкі істеріне араласа бастады. Оған, әрине, Қарахан билігінің ішкі алауыздықтары себеп болды.

Селжұқтардың тарихи миссиясы тек қана Орталық Азияның кеңістігімен шектеліп қалған жоқ. Олар 1071 жылы Византияның әскери күшін Иранның Мәлазгерд мекенінде тасталқанын шығарып, жойып жіберді. Соның арқасында Орталық Азиядағы түріктер Византияның, яғни Кіші Азияның билігін қолға алуға мүмкіндік алды. Бұл тарихи жаңа бастама кейін 1299 жылы ислам әлемі халифатының тізгіні түркілердің қолына өтуіне негіз қалады. Өйткені сол жылы Осман 1293 жылға дейін созылған Осман әулетінің халифатын құрып, ислам дүниесіне елеулі үлес қосты.

Жоғарыда атап көрсеткендей, түркі хандары ата-баба топырағында саяси билігін жүргізе білсе де, өздерінің шенқұмарлық нәпсісінен шыға алмай таққа таласып, бірін-бірі жойып жіберіп отырды. Бірақ та саяси тартыс қаншама өршіп тұрса да, мәдени өмір ерекше қарқынмен XV ғасырдың табалдырығына дейін өз өрлеуін жалғастырып келді. Әдебиеттегі Әлішер Науаилар мен Әбдірахман Жәмілер, сәулет өнерінде Қожа Ахмет Йасауи мен Тәжі Маһал кесенелері түркі санасының биік өрісін көрсетеді. Шынтуайтына келгенде, сол кезеңдері мәдениет пен әдебиетте тонның ішкі бауындай исламдық дүниетанымның арнасында парсы мен түркі ақындары, өнер иелері, ғұлама ғалымдары бірге болды. Олар исламның өркендеуіне, халықтарының бақытты өмір сүре білуіне атсалысты, яғни араб, парсы, түрік халықтарының арасында ортақ ислам мәдениетін құру процесі де жүріп жатты.

Сол дәуірде түрік халықтарының түркілік санасы оянған болатын. Қорқыт ата, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари, Ахмет Йасауидің шығармалары соған дәлел. Әсіресе Махмұд Қашғари түрік халықтарының исламнан бұрынғы өлең түрінің үлгілерін ұсынды. Мысалы, Алып Ер Тоңа туралы жоқтау өлеңін:

Алып Ер Тоңа өлді ме,
Жалған дүние қалды ма?
Заман өшін алды ма,
Енді жүрек жыртылар... –

деп оқығанда, түркілердің саяси тарихы мен әдебиетінің түп-тамыры тереңде жатқанын лезде аңғарылады. Әсіресе, аталған төрт тағанға зер салып қарағанда, қазақ әдебиеті ежелгі түркі әдебиетінің нағыз мұрагері екеніне көз жеткізесіз. Бұл тоқтамға қанық болу үшін қазақ

халқының ұлы шайырлары Д. Бабатайұлы мен А. Құнанбайұлының төрттаған үлгілеріне назар салсақ та жеткілікті. Абай өлеңінің:

Әбілет басқан елер ме,
Сөзге жуық келер ме?
Түзу сөзге сенер ме,
Түзелмесін білген ер, –

деген шумағының өрнегі Алып Ер Тоңаның жоқтау жырының өрнегімен ұқсас, бірін-бірі қайталап тұрғандай әсер қалдырады.

Орта ғасырларда түркі даласы, анығырақ айтқанда, қыпшақ-қазақ даласы саяси билік арасындағы талас-тартыстарға қарамастан, ислам өркениетіне өзінің қомақты үлесін қоса білді. Өйткені Иран мен түркі елінде саяси қақтығыстардың қаншама зардабы мол болса да ислам елдерінің ғалымдары мен ақындарының арасындағы білім алмасулары мен рухани қарым-қатынастарының емін-еркін күйде болуының арқасында ислам өркениетінің Х-ХІІ ғасырлары Алтын дәуірі болып, тарих қойнауында өшпес рухани-ғылыми мұра қалдырды. Яғни, бұл кезең ислам әлеміндегі қайта өрлеу дәуірі болған-ды. «Шығыстану ғылымында көп заман бойында ренессанс тек батыстық, сол үшін буржуазиялық құбылыс болды дейтін сарын болды. Біз үшін ХІV ғасырдағы Италия ренессансынан 500 жыл бұрын туған шығыс, әсіресе, Орта Азия ренессансының мәні зор». Мәселен, Тұран жерінде Түркістан, Тараз, Баласағұн, Бұхара, Самарқан, Иранда Исфahan, Нишабур, Рей, Араб өлкелерінде Бағдат, Шам және Мысырдағы жоғары оқу орындарының, медреселерінің есігі үш елдің талапты дарын иелеріне айқара ашық болған. Соның шарапатынан әлемдік математика ғылымына елеулі үлес қосқан математик – Мұхаммед ибн Мұса ибн Шәкір, Абдолла Хорезми (770-850), Түркістанда дүниеге келіп, Араб елінде фәни дүниемен қоштасқан, ислам философиясының негізін қалаушы, Аристотельдің логикасын айқындаушы, Ислам мен Батыстың дүниетанымына нақты үлес қосқан біртуар ғалым – Әбу Нәсір әл-Фараби (870-940), Түркістан топырағында туылып, парсы жұртында жерленген, күні бүгінге дейін оның еңбектері ғылыми ортаның сұранысына ие болып келе жатқан Әбу Әли ибн Сина (980-1037), тарих, математика, астрономия, жағрафия, топография, физика, медицина, геология, минерология, т.б. ғылым салаларында қалам тартқан энциклопедист ғалым Әбу Райхан Әл-Бируни (973-1048/50), дәрігер, математик, астроном, философ, әдебиетші Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Зәкәрия ибн Яһия Рази (865-925/35) сынды

ойшыл ғалымдардың зерттеулері бүгінгі заманның ғылыми-техникалық және гуманитарлық ғылымының асқақтай өркендеуіне негіз болды. Сөйтіп, ислам әлемінің ортақ мақтанышына әрі адамзат рухының мөлдір бұлағына айналды. Сондықтан оларды ислам әлеміндегі «Алтын дәуірдің жемісі» деуімізге әбден болады.

Шын мәнінде, Орта ғасырларда иран, араб, түркі әдебиеті ислам дінінің, дүниетанымының негізінде бір-бірімен тығыз байланыста болды. Сол себептен түркі, парсы, араб тілдерінде бірдей сөйлей алатын да, жаза алатын да хандар мен ғалымдар көп болды. Сол дәуірде үш тілді меңгеріп, оларды араластыра сөйлеген бұл дәстүрді Ибн Батута «Алуан тіл» деп атаған. Ал, үш тілде жазылған шығарманы «Ләмаат» (түрлі-түсті) деген. Бұл тұста мынаны айтқан жөн: ирандықтар мен түрік халықтары көрші болғандықтан, тікелей қарым-қатынас жасады да, араб әдебиеті мен мәдениеті көбіне-көп парсы ғалымдары дәнекерлігімен түркі зиялыларына жетіп жатты.

Түркі тілі әскери, қайсарлық тіл болып саналғандықтан, түркі хандары мен әмірлері билік құрған дәуірде парсы тілін кеңсе тілі ретінде пайдаланды. Содан парсы тілінің жан-жақты өріс алуына мүмкіндік туды. Араб тілі ислам дінінің арқасында түркі билеушілері арқылы Үндістан мен Орта Азия әрі Осман империясының аумағында едәуір дамыды. Сөйтіп, орта ғасырларда парсы мен түркі тілінде ислам идеологиясының негізінде көптеген тарихи-әдеби еңбектер жазылды.

Олардың мәдени ықпалдастық нәтижелерінің мықты болғандығы соншалық, Шыңғыс хан (1155-1227) бастаған жойқын шабуылдар да Орталық Азияда үштіктің өріс алған әдебиеті мен мәдениетінің жалынды ошағын біржолата өшіріп тастай алмады. Үш тілдің қайсысы болмасын, бір-бірінің тарихи өмірін жазып қалдырды. Оған айқын дәлел – Шыңғыс хан заманынан бастап моңғол тарихымен қатар түрік халықтарының тарихын баяндайтын Ата Мәлік Жовейнидің «Тарих-и-Жаһангошай» (1259), Һамдолла Мұстуфидің «Тарих-е-Гозиде» (1330), Рашидеддин Фәз-лолланың «Жәми-ат-Тауарих»(1372), Әмір Темір дәуірінің тарихын баяндайтын Шарафеддин Әли Йезидің «Зафарнама» (1425), т.б. ғылыми, тарихи еңбектер парсы тілінде жазылғаны.

Моңғолдар мен Әмір Темір, Шибан әулеттері билік еткен заманда да үштіктің тілі мен мәдениеті бір-бірінен аражігін үзбестен өмір сүргенін тарихи деректерден көре аламыз. Сол себептен болар, тараздық ғалым Шейх Ахмет Құдайдад Тарази түркі, парсы, араб

әдебиеті теориясы хақында 1436-37 жылдары «Фонун әл-бәлағе» (Көркем сөз өнері) атты еңбегін жазды. Онда Шейх Ахмет Тарази түріктердің жазба әдебиетін аруз өлшемі мен ұйқасы негізінде қарастырды. Демек, XV ғасырда үштіктің әдеби шығармаларының формасы, яғни пішіні бір-біріне тиісінше жақындай түскен-ді. Бірақ бұл уәзіндік өлшеммен жырлау түркі әдебиетінде араб-парсының тілдік және әдеби ықпалынан қалыптасқандығын мойындау керек. Бұл ахуалдан, яғни араб-парсының тілдік және әдеби ықпалынан оқшауланып, ежелгі түрік халықтарының тілі мен шығармашылық ерекшелігін бүгінгі ұрпаққа барынша таза күйінде жеткізе алған - қазақ халқы. Оның өзіндік құпиясы – бағы мен соры мол болған көшпелі өмір. Түрік әдебиетін отырықшы аймақтарда араб-парсы әдебиетінің аруздық өлшемдері бойынша қалыптастырған - Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр (1483-1530), Әлішер Науаи (1441-1501) Сәккаки, Лұтфи, Атаи сынды ақындар. Бірақ қазақ әдебиеті түркінің поэзиялық ежелгі формасын сақтап қалды.

Шынтуайтына келгенде, парсы мен түрік халықтарының тарихи-саяси, мәдени дүниесі бір-бірімен тонның ішкі бауындай байланысып жатыр. Сондықтан олардың тарихын, саяси ахуалын, мәдени құндылықтарын бір-бірінен ажыратып, жекелеп зерттеу мүмкін емес. Өйткені Орталық Азияның рухани әлемінде Иранның Хамадан қаласының маңында туған Жүсіп Хамаданның (1048-1140) ағартушылық мектебі үлкен ықпал етті. Ол Бағдат қаласында білім алды. Түркістан кеңістігінде түркі, парсы тілдерінде шәкірттер тәрбиеленді. Ал Түркістан топырағында туып, Мысыр мен Иранның Табриз қаласында оқып жетілгеннен кейін, ата жұртына қайтып оралған Нәжмеддин Кобраның да (1145-1221) түркі, иран, араб тілдері мен мәдениетіне, исламдық дүниетанымға қосқан үлесі айтарлықтай болды. Аталған екі тұлға мәдени-рухани өміріміздің ортақ қазынасы іспеттес деп білсек, саяси тарихтың беттерінде түркінің жеңімпаз сардарлары мың жылға жуық Иран елін биледі. Иран елін билеген түрік халықтарының әулеттері: Ғәзнәвилер (962-1194), Хорезмшахтықтар (1097-1231), Жалайыр әулеті (1340-1433), Әмір Темір әулеттері (1370-1506), Қарақойлылар (1408-1420), Аққойлылар (1468-1514), Сәфәви әулеті (1502-1736), Афшарлар (1736-1804), Қажарлар (1795-1907) еді. Есесіне парсытілдес Саман әулеттерінің Мауароннәһрді билеген (892-1005) кезеңі әрі Исмаил ибн Саманидың 893 жылы Тараз қаласын жаулап алғаны өлкеде парсы мәдениеті

мен тілінің ықпалының өшпес ізін қалдырды. Ежелден аты шыққан Тараз қаласы ислам әлемінің мәдени-ғылыми кеңістігінде ерекше орынға ие болды. Тараздан шыққан Шейх Ахмет Құдадад Тарази, Махмұд Бин Әли ат-Тарази, Әбу Таһир ат-Тарази, Шамс Тарази сынды ғалымдардың шыққаны осыған дәлел бола алады. Әрі парсы жазбаларынан ирандық ақындардың жыр шумақтарына Тараздың аруларын, шеберлерінің жасаған садағын, еңселі атты жауынгерін, Тараздан шыққан сәнді киімін, көрікті шеберханаларын, Тараздың арғымағын, тағы да басқа сүйікті жандарын өзек еткені түркі мен парсы жұртының тарихи байланысы тереңде жатқанын көрсетеді. Мұның барлығы да Тараз шаһары ислам әлемінде мәдени-ғылыми сипаттағы орталықтың бірі болғанын дәлелдей түседі. Жалпы осындай ықпалдастықтың салдарынан ортағасырлық кезеңде көптеген түркі сөздері парсы тіліне енді, керісінше көптеген парсы сөздерін түркілер қабылдады. Сонымен қатар көптеген ортақ сөздерге де тоқайласты.

Мәселен, қазірдің өзінде түркінің «аға» мен «ханым» деген екі сөзі парсылардың күнделікті тіршілігінде кеңінен қолданылып келе жатыр. Есесіне қазақ тілінде парсының «мырза-әмір текті» (мыр – «әмір» сөзінің қысқартылған түрі, за – «зада» сөзінің қысқартылған түрі, «туған» деген мағынада), яғни «әмірзада» сөзінің қолданылуы екі елдің терең мәдени ықпалдастығын көрсетеді.

Сондай-ақ, тәжіктердің тілінде де, қазақ тілінде де көптеген ортақ сөздер қазірге дейін қолданылып келе жатыр. Садреддин Айнидің (1878-1954) «Естеліктер» кітабынан алынған сөздерді мысал етіп келтірейік: *бөлек, өгей, химше (қамшы), руимал (орамал), хуржин (қоржын), таңге, құда, майда, ақсақал, бай, саудагер, кембағал, көрпе, қорғашим (қорғасын), ябан (жапан), йамақ (жамау), қожайын, йәнге (жеңге), ай, той*. Тіпті «той» және «тойдан кейін» деп аталатын екі тарауына қарап той сөзі қалыпты қолданыстағы сөзге айналғаны халықтық салттың екі ел арасында қаншалықты жақын екендігінен хабар береді.

Ал парсы және қазақ тілдерінде ортақ сөздер мыңдап саналады. Оның көпшілігі діни қиссалар, діни ағартушылыққа арналған шығармаларда ислам дініне қатысты ортақ терминдер, мұсылман елдерінің ортақ рухани қазынасы болып есептеледі. Мәселен, *Құдай, пайғамбар, періште, рух, намаз, ораза, құрбан айт, сахаба, имам, мешіт, тақуа, жәннат, ібіліс, шайтан, тозақ, жың* сынды сөздер мұсылмандардың дүниетанымына, өмірлік философиясына, психологиялық ахуалына әсер

етері хақ. Тіпті «крест» сөзінің баламасы ретінде енгізілген парсының «шармых» – қазақша айтқанда «төрт шеге» сөз тіркесі де қазақ тіліне кіріп үлгерді. Осы сияқты тағы бірталай сөздер мұсылман елдерінің дін бірлігіне негіз болды. Соның арқасында олардың арасында рухани-мәдени байланыстар нығая түсті.

Түрік халықтарының парсы тілі мен әдебиеті, жалпы алғанда, мәдениетімен байланысы тек қана Орталық Азия түріктерімен шектелмей, Иран жерінде әрі Шығыс Түркістанда, Анадолыда да тоқайласып жатты. Парсы тілінің жан-жаққа кеңінен қанат жаюына Үндістанда Зәһиреддин Бабыр үлес қосты. Анадолы, яғни қазіргі Түркия жерінде Осман империясы (1299-1922ж.) билігінің шарықтау шағы кезінде, XVI-XVII ғ. аралығында, парсы тілі мен әдебиетінің дамуына дәнекер болды. Сондықтан түркі халықтарымен парсы, арабтардың тілдік, тарихи-саяси, тарихи-мәдениет бағыттарда ортақ құндылықтарының көбейе түсуі ислам діні ортақ дін болғандығынан еді. Шығыс Түркістанда да Саид ханның хандығы кезінде араб, парсы елдерінің классикалық әдеби туындылары түрік-ұйғыр тіліне аударылып, ислам мәдениетінің ортақ тұстары арта түсті. Османлы ғалымдары да белгілі дәрежеде Иран поэзиясының әлемдік руханият сарайына енуіне алтын қақпа болды. Олай дейтініміз, 1389 жылы Хафиз көз жұмған күннің ертеңіне Шираз халқы ұлы ақынмен қоштасса да, оның рухы жылт етіп ұшқындай бастап, әлемнің рухани кеңістігіне сәулесін шаша бастайды. Бұл алғашқы кезде ауыздан - ауызға ілігіп, біртіндеп кең қанат жая бастаса, келе-келе Осман империясының билік құруы кезінде аталмыш империяның аймақтарында екі тілді, озық ойлы, шығыс «бұлағының» кәусар дәмінен сусындаған зерттеуші ғалымдар Хафиз ғазалдарына шарх («түсінік») жазып, әлем жұртшылығына ұсынған.

Хафизтану саласындағы елеулі әрі бағалы еңбектер – «шархтар». Бұл тәсілдер мұсылман елдерінің ғылымында еңбектерге түсінік жазу дәстүрге айналған әрі ғылыми танымның ерекше жолы болып есептелген. Қасиетті кітап «Құранға» байланысты жазылған тәпсірлер көп. Ислам ғалымдары тәпсірді исламтану ғылымының ауқымды арнасының бірі ретінде бағалап отыр. Белгілі философ әл-Фараби де Платонның, Аристотельдің еңбектеріне түсінік жазған. «Шарх» кез келген еңбекке байланысты жазыла бермейді. Ол әдебиет не ғылым саласындағы құнды да қажетті, көпшілік

сұранысына ие болған туындыға ғана арнайы жазылады.

Хафиз «Диуанына» шарх жазған алғашқы ғалымдар түріктер болды. Соның ішінде Хафиз өлеңдерін жат өлең жолдарынан тазартып, әуелгі қалпына келтіруде түрік ғалымы Суди елеулі еңбек етті. Оның жасаған редакциясы кейінірек Хафиз өлеңдерінің канондық мәтіні ретінде Еуропа тілдеріндегі басылымдарға негіз болды.

Судидің Хафиз туындыларының басты ерекшелігін дөп басып беруі зерттеушілердің назарын аударып, ілтипатына ие болды.

Түрік тілінде хафизтану саласына жазылған Сорури мен Шәмһи шархтары өзіндік салмағы бар танымал еңбек болса, Суди қаламынан шыққан түсінік толыққанды еңбек болып табылады. Қазір Хафизге арналған ағылшын, француз және түрік тіліндегі зерттеулердің көбі Суди шархына сүйенеді. Оның негізгі сыры Судидің ақын қолданысындағы сөздердің лексикалық мағынасына тоқталып, халық тіліне барынша жақындатуында, яғни оның шархтары қарапайым, оқырман қабылдауына жеңіл болды. Соның арқасында еуропалық елдер арасында кеңінен тарады.

Ортағасырлық мұсылман мәдениетіне тән сипаттардың бірі қолжазба кітаптың кеңінен таралуы. Мамандардың шамалап есептеулері бойынша, бір уақытта болған араб қолжазбаларының ғана жалпы саны бес миллионға жуық, ал қазір дүние жүзінде алты жүз отыз мыңға жуық араб қолжазбасы бары айтылып жүр. Біздің заманымызға дейін жеткен парсы қолжазбаларының жалпы саны екі жүз мыңнан кем емес. Ал ортағасырлық түркі қолжазбаларының саны ондаған мыңға жетеді. Мұның өзі түрік халықтары мен араб-парсы елдерінің орта ғасырда саяси-мәдени байланыстарының тамыры тереңде болғанын айғақтайды.

Мауароннәһр мен Хорасанда мұсылмандар оңды нәтижелерге қол жеткізді. Саяси күштердің саяси билікке таласудағы қақтығыстары да ислам қоғамындағы демократиялық теңдік және мәдени-ғылыми ізденістерге кедергі бола алмады. XII-XV ғасырлар аралығында ислам дінінің арқасында түркі, парсы, араб елдері арасында мықты рухани - мәдени байланыс орнықты. Үштіктің ғалымдары үш елдің ғылыми орталық шаһарларында білім алуға, білімін жетілдіруге және ұстаздар алмастыруға мүмкіндіктері мол болды. Екіншіден, араб, парсы, түркі тілдерінде үш елдің мәдениеті, тарихы, әдебиеті жайында көптеген еңбектер жазылды. Сол жазба еңбектер батыс ғалымдарының зерттеу еңбектері арқылы

әлемдік адамзат өркениетіне өзіндік үлесін қосты.

Ежелгі Иранның Ахемени әулетінен шыққан ұлы Дарий патша (б.з.б. 521-486 ж.) мемлекеттің баянды болуында тіл мен діннің бір болуы керектігін ұрпағына өсиет етіп кеткен. Ал тілі мен діні бір болмаған елдердің ділі де түрленіп, алауыздыққа жол ашатыны анық. Бұған мысал ретінде түрік халықтарының да ортағасырлық тарихынан ұйғыр халқының ілгерідегі буддизмге, зорастримге, несторианға, даосизмге сеніп, діни нанымдағы алауыздықтарға барып, бірін-бірі жеккөріп, ұзақ уақыт бойына бір-бірімен қырғиқабақ күн кешкен немесе дін үшін қырқысып отырған жайларын айта аламыз. Ұйғыр халқының түрлі діни ағымдағы өкілдерінің өзара тартысы да ел ынтымағына дін факторының қаншалықты ықпалы бар екендігін дәлелдей түседі. Сондай-ақ жайнап гүлденген Ливан мемлекетінің түрлі діни ағымдар мен секталардың көбейіп кетуі салдарынан қаншалықты зардап шегіп жатқанын айтсақ болады. Көп дінді елдің ынтымағын бұзу пейілі отаршыл күштерге қиынға соқпайтыны да айқын. Бір елдегі діни ағымдардың, жасанды діндер мен секталардың саны мен белсенділігі артқан сайын сол елдің алауыздығы өрши түседі.

Йасауиға, Кобрауиға, Нәкшбандиға тариқаттарының арқасында түркі елі исламдық сенімдегі тұтастыққа қол жеткізе білді. Соның игі нәтижелерінің салдарынан қазіргі уақытқа дейін түркі әлемінде діни секталық алауыздық туындамай, рухани ынтымақтастықпен өмір сүріп келе жатыр. Дәл осы тұрғыдан, яғни түрік халықтарын ислам дінінің сүнни ханафия мәзһабына тұтастай баули білгендері үшін Йасауи, Кобра, Нақшбанд сынды ұлы мұсылман сопыларды құрмет тұтып, олардың салған ынтымақ жолын алауыздыққа алып баратын діни секталардың қарқынды ағымынан қорғап қалу қазіргі және ертеңгі ұрпақтың міндеті болмақ.

Түркі тілінің халық арасында кеңінен қанат жайып, өріс алуына Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари, Қожа Ахмет Йасауи сынды ойшылдар көп үлес қосқанымен, саяси билік-тегілер түркі тіліне елдердің ынтымақ тірегі болуы үшін өзіндік мемлекеттік концепциясын жасай алмады. Бұл, өз кезегінде кеңестік дәуірде жасалған жоспарлы түрдегі саяси шабуылдардан қорғана алмағандықтан, қазіргі түркі тілдерінің бір-бірінен алшақтауына алып келді. Өйткені шағатай тілі барлық түрік халықтарының ортақ әдеби тілі ретінде кеңес дәуірі басталғанша қолданылғанымен, мемлекеттік концепциясы жасалмағандықтан, түрік

халықтарының ортақ ынтымақ тірегі болып қала алмады.

Мұсылмандар арасына ислам діні сүнни мәзһабінің таралуына парсы және түркі халықтарының ақындары, сопылары мен ғалымдары елеулі үлес қосты. Мәселен, ирандық шейх Жүсіп Хамадани сүнни мәзһабінің Ханафия фиқһын ұстанған ұлы сопылардың бірі-тін. 940 жылы Сұлтан Сатұқ Бұғра хан өз мемлекетінің дінін ресми түрде ислам діні деп жария етсе де, исламияттың алға жылжып өрістеуі өте баяу болатын. Қожа Ахмет Йасауи мен оның ізбасарларының тынымсыз күресінің арқасында түркі әлемі ислам дінінің сүнни мәзһабіне бір ауыздан бекінді. Сүнни мәзһабі үшін түркі мен парсы ақындары мен ғалымдары Жүсіп Хамадани, Қожа Ахмет Йасауи, Нәжмеддин Кобра, Нәкшбанд, Әлішер Науаи, Әбдірахман Жәми, Абдолла Әнсари, Шейх Аттар, тағы басқа ислам дүниесіне әйгілі сопылар тарапынан ғасырларға созылған күрестің үздіксіз жүргізілгендігінің арқасында түркі, парсы, араб халықтарының арасында исламның сүнни мәзһабі орнықты. Бұл саяси тұрғыдан да ел ынтымағының кепілі болған-ды. Ислам дүниесінің ғалымдары исламиятқа деген іңкәрлік түйсікпен бәрінің ортақ мүддеге ойысуына негіз болды. Соның арқасында IX- XV аралығы мұсылман елдері үшін, саяси қайшылықтарға қарамастан, өрлеу дәуірі болды. XV ғасыр шеңберінде ислам әлемінің ресми түрде екі мәзһабға (сүнни, шийт) бөлінуі ислам елдерінің трагедиясына айналды. Бұл түйін қазіргі уақытқа дейін өз шешімін таппай, дертке ауысып бара жатқандай. Оның үстіне исламға қарсы топтар мұсылман елдерінің ішкі қайшылықтарын одан әрі тереңдетуге бар күшін жұмсап келеді.

Исламның өрлеу дәуірінің тарихына қанық, исламның рухани биіктігіне көзі жеткен Абай, ислам әлемінде пайда болған IX-XV ғасырлар аралығындағы рухани-мәдени қайнардан сусындаған данаға, ислам дүниесінің ойшыл ақынына айналды. Сол үшін де Абай - шығыстың исламдық кеңістігінің рухани перзенті. Абайды тану қазақты танумен бірге, исламды һәм түркі, араб, парсы елдерінің мәдениеті мен әдебиетін тану іспеттес. Сондай-ақ Абай жолымен Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Тұрмағамбет сынды ойшыл ақындарымыздың шығармаларын исламдық дүниетаным арқылы зерделеу қазақтың 1260 жылдық соңғы рухани белесін бедерлей түседі. Ғасырлардан келе жатқан тарихи белестеріміз елді бірлік пен ынтымаққа жетелейтін шамшырақтай сәуле шашып, нұрлы әлемге шақырып тұрғандай болып көрінеді. Өйткені Абай сияқты ұлы

ойшылдар ел тарихына тереңдеп үңілу арқылы елдің мыңдаған жыл бойында жинаған рухани қуатынан нәр алып, қоғам өмірінің жаңа белесін терең бейнелеген шығармалары елінің баянды өмір сүруінің басты рухани негіздерінің бірі

болып табылады. Сондықтан әр халықтың тарихын, мәдениетін, рухани құндылықтарын дұрыс пайымдау, сақтау, дамыту әр кезеңдегі әр ұрпақтың міндеті болып қала бермек.

* * *

Ж. Молдабеков

АБАЙ МЕН АДАМТАНУ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Абайдың философиялық көзқарасы. Абайдың антропологиясы. Абайдың шығармашылық даралығы.

Тірек сөздер: Абайтану, көзқарас, антропология, мораль, философия.

Ж. Молдабеков

АБАЙ И АНТРОПОЛОГИЯ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Философский взгляд Абая. Антропология Абая. Творческий талант Абая.

Ключевые слова: Абаеведение, мировоззрение, антропология, мораль, философия.

Zh. Moldabekov

ABAI AND ANTHROPOLOGY

Abstract. The issues dealt in this article. Philosophical view. Anthropology of Abai. Creative talent of Abai.

Keywords: Abai studying, view, anthropology, morality, philosophy.

Абайтану — Абай мұрасының төте жолы, адам мен дүние мәселесіне барып тірелетін философиялық көзқарас. Кең мағынада абайтанудың «өз заманындағы қоғамдық мәселелерге, ақындық, көркемдік, эстетикалық мәселелерге, тәрбиелік, ұстаздық, педагогикалық мәселелерге, әсіресе адам мен адамгершілік, ұждан, мораль философиясына төтелей қатынасы бар». М. Әуезов ескерткен Абайдың осындай мұралары әр қырынан талдануда. Десек те, абайтануды өмірдің ұлы ақиқатымен ұштастырарлық ізденістер үнемі жаңарып тұрмаса әрі абайтанудағы ақиқатты әр қауымның құлағына құйып, санасына сіңірмесе, онда ұлттық мәдениетте жалғастық баяулап, дәстүріміздің тұтастығына нұқсан келмек.

Абай шығармасы арқылы қазақ халқының XIX ғ. екінші жартысындағы тағдыры мен тауқыметін терең, толығырақ тани аламыз. Абай жырлаған қоғамдық-әлеуметтік орта өзгеше. Бірақ оның адамгершілік ақиқатын көрсетудегі шеберлігі әрқашан маңызды. Өйткені өзінің көзқарасы, дүниетанымы, мақсат-мүддесі жағынан Абай бұл ортадан мүлде басқа.

Қазіргі зерттеушілер Абайды жаңа ортаның үлкен азаматы, ақылгөй данасы, тәлімгер ұстазы ретінде көрсетуге аса назар аударуда. Егеменді елге мұндай тұлғаның бейнесін жасау, жаңа орта тұлғасы қалай қалыптасатынын көрсету — үлкен мәселе, өрнек, үлгі. Тұлғалар

қашанда болмасын көптеген буындардың замандасы әрі тіректері.

Абай тұлғасымен табысу. Абай - өз заманының ұлы тұлғасы. Тұлға ұмтылысы халық тағдыры тұйыққа тірелгенде көш бастайды, тың бастамаға себепкер болады. Осы ретте тұлғасы бар ел тиянақтылыққа ұмтылады, туралықты қалайды.

XIX ғ. қазақ халқының тағдырын, рухани байлығын отар саясаты мен іштей жіктелу, қазақ мемлекетінің жойылуы мен халық санасындағы мемлекеттік ойлау жүйесінің өшуін азғындатты, алалады. Заман тапшылығында, болмыс тартысында және ішкі рухани қайшылықта көпшілік әбден жалтаққа ұшырады, бағдарынан ауытқып, бос сенделуге ұрынды. Елдің тіршілік тынысы тарылды, халық ынтымағы шайқалды. Дүрбелеңі әрқалай осындай кезде халық жарасымдылығы мен жасампаздығын демейтін табан тірескен, белді төрешіл іс-әрекетке мұқтаждық көбейді. Елдің ойымен де, беделімен де топтастыратын зерделі тұлғаларға деген үміт пен сенім көп көңілінен орын алды. Қазақ сахарасында XIX ғ. идеясы мен ізденіс шоқтығы биік жұлдыздардың сап құрғандығы да осыдан шығар.

Абайдың азаматтық көзқарасы мен идеялық бағдарламасына ықпал еткен нысаналар аз емес. Ол халық болмысын адамның кісілігімен, қабілет-қасиетімен, құдіретімен, тағдырымен түсінісуге күш салды. Бір жағы,

халқының өмірін, өнерін, бірлестік рухын ізгілік-әлеуметтік өлшеммен саралады. Көңілі құлазыған көпті көрген Абай «соқтықпалы соқпақсыз жерде» ерте есейді. Сор заманның зор қыспағында және арпалысы мол мақсатта тез ширады.

Абай ұлылығы — оның тұлғалық даралығында, өмірге деген рухани-әлеуметтік жауапкершілігінде, адам болмысында үлкен қозғалыс тудырап өнерінде. Ал ұлылық жаңару жетістігінде екені мәлім. Әйтсе де жаңару ұмтылыс серпілісінен басталатынын ескерген абзал. Онсыз тарихтың да, тұлғаның да тағылымын түсіну екіталай.

Ақын өмір сүрген дәуір — қазақ өзін-өзі ұғынуға ұмтылса да өз тағдырын өзі айқындау мүмкіндігіне қолы жетпей, әрі-сәрі абдырап қалған кез. Жалпы Ресейде, сондай-ақ қазақ жерінде - үлкен алыс-жұлыстар, ірі араздық пен партиялардың табан тіресінің асқынған кезі. Бұл әлеуметтік жіктелу мен мүліктік теңсіздік ел билеудегі саясатты, дін таратудағы харекетті тұғырықта тұншықтырды. Халқымыз бағдарын таңдау құқығынан айырылып, жұртымыз өз елінің шынайы қожайыны екендігін сезіне бермеді. Оның үстіне, заман тозғанда, тарылғанда елдің ұсқыны кетті, рухани жұтандық пен рухани тәуелділік тамырлай түсті. «Елдегі еркек босқа селтек құрып елін қармады. Елде жақсы қалмады». Аумалы-төкпелі заманда «ел билеген адам жоқ, ел билей алмаған билер жоқ». Елі бұзық табанымен тозды, құр жүгіріп тарпылды. Өзінен шыққан жақсылар кесепатты түзей алмай зорықты, борышын түгел бере алмай көп пысыққа молықты, көрінгенге обықты.

Не керек, аққа тартқан, жөнге қайтқан, ақыл айтқан өлең де жоқ. «Бір кісі мыңға, жөн кісі сұмға әлі жетер заман жоқ». Мұндай қағынған кезде ел жоғын, халық жоғын, адам жоғын іздестірушілер некен-саяқ қана болды, дарындыларды елеп, көзге алушылар шамаланды, зиялылар жаманға жүзін сарғайтты. Себебі адам болмысын күштілердің сөзіне бас ізейтіндер де, әлсіздердің бейшара үнін салғырт тыңдайтындар да босаңсытты, екіжүзділік тұсады. Екі қасиет те орнықсыз шала ұғымнан мағына тапқызды, теріс пиғылға жығылды, жақындарды жау етті. Ел азаматын, пенде елін аңдыған кез туды. Осындай көмексіз қалған кезде қан бұзылды, көмекей тарылды. Ұрпақ өзгерсе де қазақ даласындағы әділетсіздік әлсіремеді. Тіпті дөрекі тұл мен кертартпа қатыгез уақыт өз талабын көлденең тартты: «Замана замандасқа жағын дейді, тағдырға көн, бүгінге бағын дейді». Сайып келгенде, зары тиылмас сорлылар бар әділетсіздікке,

ақталмаған үміт азабына іштей тұншығып көндікті. Әйтеуір, жарқын сезімге емес, мылқау дүниеде көрген қоқысқа, калдыққа көмілді. Ел бұзылса, шайтан өрнек табадының керісі келді.

Таршылық пен тапшылықта налыс пен үміт қатар тайталасты, бірде адасқан арман ұлғайды. Жүретін запыран кернеген көңілі ашықтарда ұлыстың ұлы мұратын аңсар, ұлтты, салт-дәстүрді мархабаттар сезім оянды.

Абай тұлғасы қазақтың әлжуаздықтан арылып, жетексіз дүниенің ыңғай-ырқына сабылып, дөрекі қылықтарға бірде ұрынып, бірде бұрылып, діңкесі жұқаланғанда қалыптасты, ондағы әлеуметтік тартыс пен үлкен мақсатқа икемдейтін ығы-жығы дүмпуде қатайды, ішкүса болып жүргендерді алаңдатты. Тұлғалар болса, адал қасиетті, адалдықпен хақиғатқа жол бастауды бойдан жоғалта қоймады. Абай тұлғасы — жан мен тән саулығының, зерде мен парасат шоқтығының зәулім бейнесі, тәңір берген, салт-дәстүрге иленген қабілет-қасиеттердің тұтастығы. Тұлғаның тірегі - рух пен ерік, ыркы - сана мен сенімге серік, шешімі - жетістік пен үмітке берік. Бәрі - өркениеттің нышандары. Абайдың көздегені де осы өркениет талабынан туындағандай. Дәлірек айтсақ, қазақ қауымының әзіне адамгершілік жолын салу, еркіндікке бойлаған қуатын дөп көрсету, ел-жұртты топтастыратын тәсілдермен табыстыру - Абай сана-сезімін сомдаған ірі-ірі ұйытқылар десек, онымыз артықшылық емес шығар.

Абай тұлғасы - еңбек пен ерлікте, ұмтылыс пен төзімділікте жол тапқан, елдің де, намыстың да жүгін артқан нардың беделі. Өзін-өзі көрсететін, өзгеге танытатын мығым күш, адамдықты сыйлатқызатын, халықпен сиыстыратын, қауымдықты қолдайтын үлгі-өнеге. Абай келбеті жүрек жырында, адам жарасымдылығына Жетелейтін сүйіспеншілікте, ынтымақ-ықыласқа жақындатқызатын кең пейіл үмітте марқайды. Ол қазағының жан азабын толғады, еті тірі алаштың тіліне, діліне қуат берем деп арпалысты. Тектіні, естіні, ерлерді, өнерпазды топтап, тыным таппады.

Абай тұлғасы пендешілік пен тобырға қарсы күресте адамды жатсындыратыш қаулаған қылықтармен тіресуде шынықты. Бұл күресте әркім өзінше жеңіске жетті. Күресушілер езі үйреніп тұйықталған нәпсінің құлы, әлжуаздықтың тұтқыны болып қалатынына, ал жаңа талапқа әлсіз тобыр тіршілікке жат көзбен алаңдап, даландаудан өктемдікке ауытқитынына күдіктенбеді. Абай ақ жолға жанын садаға еткендей.

Абай - ыстық жүрек, қайсар ерік, терең парасат теңдігін тапқан ерекше тұлға. Абай

қасиеті ел құдіретіне сенгенде әрі кенгенде тұтанды, тураланды, ал болмысы қазақ халқының үш бірдей өлшемінде - тартыста, шегіністе, шабуылда шынықты. Әлгі тартыс, шегініс, шабуыл қазақ әрекетінде үш бірдей күшті - жағымды, теріс - жағымсыз және бейтарап күшті қалыптастырды. Қазақ бойындағы және Абай мінезіндегі осы үш бірдей күштің арасалмағы бір-біріне сәйкес келе бермеді. Жанды жаралар опасыздар мен данғазаларға қаны қарайған Абайда әр күштің анағұрлым белсенді, айқын, қарқынды болғаны даусыз. Қарқын тұрмыстағы сырты бүтін, іші түтін қарекеттен ғана қуат алған жоқ. Оның қозғаушы күші - ішкі рухани қайшылықта. Осыдан Абай-индивид пен Абай тұлғаның қалыптасуы, дамуы бірде қабаттасты, бірде кезектесті, біртіндеп рухани күштің үстемдігі орнады. Дұшпаннан көрген қорлығы жүрегіне сары су ұялатты. Дегенмен барлық жағдай да мінез-құлықтағы бір қалыпты жоймады. Өз ары мен парызының алдындағы жауапкершілікті ұмытпады.

Айтпағымыз, заман тынысы — Абай тынысы. Абай көк пен жердің кереметін көкірегіне құндақтағанша, жаратылыспен жақындасар жолды мерейлегенше көп есітерлік өз сөзін айтқан жоқ. Жасынан алғыр, ойдан жырақ өссе де, халық өнерін ұйып тыңдаса да, ол көпке не айтарын ұққанша өлең жазуға асықпағаны мәлім. Жастық шақтағы өзімен-өзі болған, ғұмырының сақтық қорын жинаған кезі Абайдың жайлы, жұғымды уақыты еді. Бірақ есерсоқтардан етек бастыны көп көрген, ерге ерік бермеген не оған ермеген жұртты көрген жас Абай ерте оянды, әр саққа ой жүгіртті. Іштей жүдеген жұрт шындық тәркіне ермеді, ал парасатты ой ерікке тыныштық бермеді. Әнтектік пен әпендінің әңгірінен көңіл әркез қамықты, жанына қайғы батты. Сол бұлыңғырда «заман түзелмей, адам түзелмейді» деген тоқтамға келді. Тоқтам деңгейінен өзін-өзі іздеді, берекесіз болмысқа басын батыл бұрды. Бірақ үлкен үмітке үлкен сүйеніш керек еді.

Абайдың басынан қанағаттанарлық жағымды да, қиналтарлық теріс те қарекеттер кезеңі өтті. Өмірінде қарама-қарсы күштердің шатысуына әлденеше себептер ұйытқы болды. Былықтың бастамасын Абай бірде қазақтың ат жалындай үкілі шағын тобы мен кейде көптің аражік тұңғиығынан көрсе, енді бірде қазақтың ескі өмір салты мен ол туралы дәрменсіз ойдың алшақтығынан тапты. Дәрменсіздікті жіктелген заманның берекесіздігі үйді, ол білімсіздікте әрдайым күйді. Қазақ дүниесіндегі білместіктен заман түзелмейді деген солақайлық көңілді қожыратты. Шалағайлықта келісімсіз көз-

қарастың кереғарлығы күшейді. Өйткені жіктелген заман үш бағытта бүлінді, іркіліп кездейсоқтыққа ілінді.

Заттарды мүлікше иемденуге бейімделген қазақ адамның қарым-қатынастарын заттық қатынастарға балады әрі тұрмыс-салттың әлеуметтік деңгейін мүліктік байлықпен бағалауды дағдыға айналдырды. Оның үстіне адам денесін «менікі» деп, өз меншігіндегі мүліктердің өлшем құнымен бағалады. Заттық мазмұндағы «менікі» рухани-әлеуметтік келбетті — «мені» ығыстырды. Ақыры, бағытын таппаған, әруақты аттаған, үлкен мұратқа ұмтыла қоймаған тобыр қауымдық ұйымның қадірін қандық, жерлестік белгімен шектеді. Тұқым қуалаушылық пен биологиялық фактор рулық қатынастың негізін құрастырды, өркениетті үйір-үйірге келтеледі.

Тарихтың осы әлеуметтік дерттерін бір-бірінен бөлежара қарау жөнсіз. Әйтсе де, адам дене қозғалысы мен дене еңбегіне берілген кезде бірде заттық қатынасты қоғамдық қатынасқа ұластырады, бірде эмоционалды ойлану қызметіне бейтарап қарап, кейде ойлану қабілетін саналы емес, инстинкті мінез-құлыққа бағындырады. Адамның дене құрылымы, денелік қозғалу қабілеті оның психикалық өміріне біржақты басым ықпал етеді.

Көргенге қызығу, әуесқойлық ұғымды талдауға ырық бермейді. Талайлар орта оқиғасын ішкі асаулыққа біржақты көндіріп бақты. Байқаған адам біледі, сезіне білген дәл қабылдайды деген қағида бар. Ол желіккендердің бәріне бірдей телінсе, мұндайда ескі өмір ескерусіз қалады да, адам болмысы туралы бірсарындылық орнығады, сайып келгенде, өмірлік ой жүдеулігі жойылады. Мұның бәрі де, Абай айтпақшы, егінге, саудаға, өнерге, ғылымға күрме мен кедергі, іштегі кедергі көзқарас тарлығына бейімдейді, өзі тәуелді ұлық-болыстарға бас июге мәжбүр етеді.

Оның үстіне дүние мен нәпсіге бой ұрғандар - сүрінумен аяғын көп шалдырғандар. Нәпсіге аптыққандар шынның жүзін араздықтан көре алмайды, жақсы, тиімді сәттерді уыстан шығарады. Ал ес-дерті мен жан-сезімі қиналған жайда «бір күндік өмірін бар малына сатып алмақ» бетінен қайтпайды. Еліктеп ерегесушілік делебені қоздырады, тек ой мен істі оздыра алмайды. Онсыз елдік көңіл жайлауына қонбайды, елдіктің тозу себеп-зандылықтарын түсіндіру қиындайды, ойға келмейді.

Жұрттық, қауымдық сана мүліктік қатынастың шеңберінен шықпайды. Тыныс тарыққан кезде «дүниеге дос ақиретке бірдей болмас. Екеуі тап бірдей орныға алмас» деген Абай сөзінің ақтығына күдіктенуші табылмас. Тыныс тарылғанда «сұм дүние тонап жатыр.

Ісің бар ма, баяғы күш, баяғы түсің бар ма?» деген Абай сұрағы есіңе түседі. Өйткені зорлық, сұмдық, пасықтық жұрт жігерін жасытқаны бар емес пе!?

Бұл, бір жағы, парыз бен қарызды айқындауға демеулік, бір жағы, өмірден өзін іздеудің, өзгеге қарсы қоюдың бастамасы. Екеуінің де алғышарттары қилы-қилы. Солардың қатарында табиғаттағы заттық ұқсастықтан рухани, ішкі тұтастыққа өту мәселесі немесе өтеуге мұрша бермейтін өкінішті орағыта білу. Мысалы, туған жер, туған ел қадірі адамның асқақ ой, ыстық жүрек, қайсар жігер қуатында шымырланса, тура шындық пен тумалық сезім адам бойында жұпталамақ. Онда әлеуметтік-психикалық өлшем - «Менді» дараламақ. Содан «менікі» деген мүліктік бағдар «мен» деген әлеуметтік талғам мен талдау барысында толастайды. «Менікі» тек оқиғалық, біртекті заттық өлшеммен ғана анықталады. Мұндай сыңар-жақтылық адам қызметін келте бағалайды. Соны дәл түсінген Абай: «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес. Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес. «Мені» мен «менікінің» айырылғанын, «Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес», - дейді. Абай үшін «Мен» өлмейді. Өйткені ол - рухы өрлейтін, өнерсізге ермейтін, біртума азаматтық. Жүрек санасын қозғайтын, көңіл рахаты мен парасаттан озбайтын күй. «Мен» мақтан мінездің жұлыны емес немесе кейіптің, оқшау көрінісі ғана емес, адам ғұмырының әлеуметтік әрекет-ісінің шоқтығы. Оның негізі - адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл. Онда - кісінің қайраты мен айбаты, таңдаған жолдың дұрыс бағдары. Осыны ескерген Абай: «Өмір жолы - тар соқпақ, бір иген жақ. Иілтіп, екі басын ұстаған хақ. Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ. Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ» деп өмірден түйгенін ағынан жарыла айтады. Бұл құбыжық талаптан сақтанудың амалындай.

«Мен» адамның өзінен жақсылы-жаманды қайрат-күш алады, ортадан қорған не қорлық табады. «Иә, адам баласын заман өсіреді, кімдекім жаман болса замандасының бәрі виноват». Абай замандастар кінәлі дегенде, талантты танымаған, ақыл-парасат дарымаған, арын сатқан, жалтақ харекетсіз билігін немесе бассыз, басқарусыз қалған тобырды айтады. Тобыр - кісімісінген білімсіз көп, сөз танырлық кісісі тым аз-ақ. «Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап, мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап» күнін көруші жат мінезділер. Соңғылар не керек, «терең ой, терең ғылым іздемейді. Өтірік пен өсекті жүндей сабап», әйтеуір дөрекі сөзбен ісін, бөтен идеямен ойын қақтайды. Елін танымай, жеке үйін ғана танығандар өз

шаруасын да ұқпады. Абайдың сескенгені де, сақтанғаны да — осы. Өйткені тобырдан үміт, уағда күткендер көп нәрседен ғапіл, бос қалды. Топырлағандардың қысымы мен кегіне ұшырағандар бірде қазымырлыққа салынып, қолындағысының қадірін білмеді. Жиі-жиі ұшқалақтыққа ұшырады. Бірде көзін май басып ілгері ұмтылмады, ұмтылғанды көре алмады. Қайтсе де көзінің ұшынан ақыл құрастырмақ пиғылдан қайтпады. Ондайда «жақсылық ұзақ тұрмайды, жамандық әркез тозбайды» деген даналық ұмыт қалады. Қалай болғанда да, өзіне келер ұят өздігінен сұранып тұрады.

Абай қайраты - әулие тұтарлық қасиет. Адамның мінез-құлқы мен әлеуметтік айтыс-тартыстың, қиюы кеткен кезеңде «түзетпек едім заманды, өзімді тым-ақ зор тұтып» деген үмітінен көп уақыт жұбаныш тапты. Жұбанышты тобырдың жаратылысынан емес, ағартушылық дәстүрден іздестірді. Алғашқыда білімдінің жолы тар, өз көзін жоғалтуға әлсіздік жар. Мүлікке құныққан керенаудың сүйреуінде күйзелді елі мен ары. Қиянатшылдың кекірігіне көндіккендер ескі әдетіне қарысып сөзге ермеді, қорадағыдан арғыны көрмеді. Ондай надандарды «жұрттым деуге арлымын, өзге жұрттан ұялып» дейді жарлы Абай. Жаны жабырқаулы Абай өз рөлімен беттесіп, белдесе алмай, күштілердің иықтауынан ажарын тоздырды. Оны қажытқан иықтылар ғана емес, жауапсыз қалған сұрақтар, шешімін таппаған мәселелер. Расында, азаматының қорланғанына көндіккен дүрмек топқа не айтып, қандай үміт арту тұрарлық? Сондай-ақ менмен тобырдың дүрлігіне тартылса да, оның миқұлақ қылықтарына көндіге алмады. Күтпеген қысым халыққа күш берді, қорланғандар кегіне ерді. Ағаттыққа деген ұмтылыс бостандық идеясына үйлеспеді. Жаны ашымасты көргенде жүрек сыздайды, «бір қайғыны ойласаң, жүз қайғыны қозғайды», деп күйзелісін білдірді. Абай рухында күйзеліс пен үміт шегіністе күрмелді, тартыста түрленді. Елдегі тобырдың жұғымсыздығы ердің белінен тартты, көпшіл жұрттың жағымды қылықтары мен салттары қазақ рухын көтермеледі. Тобырдың басты апатынан құтылу — көкейкесті міндет, ал зерделі көпшіл адамды қалыптастыру — түбегейлі жауапты меже. Абай тобырға қарсы амалды, көпшілдікке лайық қамалды пайдалы қайырымнан — ағартушылық істен, демократиялық жаңарудан тапты. Қайырымды пайда дегеніміз — тектінің нұсқасын танып сыйласу, көңіл қаруын сайлау, көптің қамын ойлау, оның мүддесіне орай қызмет ету.

Абайдың түсінігінше, қиындығын біреу көтеріп, қызығын бөтен көретін заманда

тәрбиеге көнетін жалпы тобыр емес, жеке адам, оның жалқы қасиеттері. Осыны ұққан сәт пен жағдайда, адам түзелмей, заман түзелмейді, өзін-өзі өзгерту жолдары іріктелінбейді деген тұжырым дүниетанымын жанартты. Оның кепілдігі — тобырдан тұлғаға өту, жалаң жалпыдан жекелікті жинақтау, мінез шірігінен рух шыңына көтерілу. Бұл тоқтауды тасыр ұқпас, көңіл көзі ұғар, оған ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстағандар тұрар.

Абай сенімі осында. Сенімді өмірде сергіту үшін не керек? Ақыл керек, мінез керек, іс керек, адамшылықты сақтайтын ұят-намыс керек, көңіл күйді өсірер жүрек тәрбиесі керек. Барға ынсап, жарастыққа қанағат керек, тәрбиешіге бостандық, ұмтылушыға бапкер керек. «Керек» - мінез-құлық пен өмір-салттың жаңа бағытына үміткер ұмтылыс. Ол - адам мұратының, халық мүддесінің, туған ел ертеңінің басты бағдарламасы.

Қазіргі өтпелі кезеңде өмірдің осындай тіректерінің нарқын түсіріп алғандаймыз. Ескінің сарқыншағында бір-бірімен іліккен, шағылысқан зұлматтар - адамды адамдықтан алшақтататын үлкен дерт. Іріткіден алдымен жүрек ауырады. Ал қатыгез жүректе шын пейіл болмайтыны бар. Қатаң жүрек ешкімді ақпейіл деп мақтамайды. Тек «ауру жүрек ақырын соғады жай, өз дертін тығып ішке, білдіре алмай». Оның көрсетері «ызалы жүрек, долы қол, улы сия, ащы тіл». Мұндай берекесіз күй адал жүргеннің «өмірін бүлдірмеген, күнде ұрламаған», тіпті назарын жұбанышсыз тоздырған, ажарын қайғыдан аздырған. Оның ақыры әйгілі - іштей құсаланған жан аяқты шалыс басады, кәсіпқордан түңіледі, жанбай жатып сөнеді.

Өмір тіректерін жүрек ісі сақтайды, жүректі кісі иемденеді. Өйткені «рақымдылық, мейірбандылық, әрбір түрлі адам баласын өз бауырым деп іш тарту» - жүрек ісі. Ал «көңгіш, уағдаға тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса мойындау» - жүректі кісінің, қайсарлы жанның әрекеті. Бұл - Абай ұғымы.

Сайып келгенде, шын жүрек - күллі адамға ортақ. Себебі ол миды оятар көңіл көзі, ынта мен ырысқа қайырымды, махаббатқа толы, сөз бен сезімді жақындатар алып күш. Жүрек ыстығы адалдық пен адамдықты жатсынбайды, татулықпен тілдестіреді, тіл тапқызады. Иә, Абай — жүректі. Күрмеуі көп күрделі іске, сұрары көп жауапты әрекетке төзімділік тапты. Осы есеп нүктелерінен адамтанудың, қазақтанудың өлшемдерін айқындады. Өлшемнің есебі адамның өздігінен түзелуінен

басталмақ. Содан болар, Абай Сократтың «өзінді өзің таны» қағидасынан қалт кетпеді. Өз қадірін өзі білмеген, сөздің парқын қош етпей, бос етеді. Адам өзін қадірлеу үшін өзін билейтін, өзгеге көмектесе алатын бостандыққа қол жеткізуі шарт. Мұндай бостандық адамды тоздырмайтын сара да, дана жол. Бостандықта «адамзат тірлікті дәулет деп білмек, ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек», адам даналықты құндылықтың жоғары түрі деп қабылдайды. Даналық - бостандықтағы тұлғаларға тән, тынымсыз тірлік. Ол – рухани түсіністік, рухани-әлеуметтік беріктестік, әлеуметтік-мәдени жетістік, шығармашылық келбеттің құралы. Қысқасы, даналық - өнерді өркендетпек, өркениетті өмірлік мәселемен ұштастыратын қабілет-қасиет шоқтығы, адам өмірін марқайтатын өзара мүдделіліктің алпыс екі тамыры.

Абай тұлғасы - оның даналығында. Абай даналығы - жүрек үнінде, парасатты сөзінде, сүйіспеншілік үмітінде; қарсыласынан асып түсетін білімдарлық, сезімталдық, еріктілік икемділігінде; қазақты қор қылатын кеселдерден сақтандыратын талап, махаббат, ұғым сияқты рухтың ең мықты қайнар көзінде, қуат аймағында; тұтастық пен тыныштықты туралайтын, татулықты тәрбиелейтін тоқтамында; шығыс пен батыс мәдениетін үйлестіретін шеберлігінде.

Абайдың білім туралы айтқаны көп, қилы-қилы. Дегенмен ойының тоғысар нұсқасы ескерулі. Білімнің ерекшелігі неде?

Білім – көрген-есіткеннің мән-жайын білу, танымақ нәрсенің бағытын түсіну, әрекетті жүзеге асырудың тәсілдерін табу әрі тарату.

Білім – құбылысты тану, адамның өзін таныту, адамды тіршілікпен табыстыратын тәсілдерге үйрену және оларды меңгеруге үйрету. Білім - «қайрат пен ақыл, мұнсыз барар едің, қай жаққа?».

Ақыл - парасат пен табиғат жарасымдылығынан, қимыл мен іс-әрекет үйлесімділігінен ұшқырланса, бұл тұрар шындық, үйренер үлгі. Білім - ақыл ісі, ғылымды көбейтудің құралы, өнер қажеті. Ақыл ісі - дүниедегі пайдалы мен залалды білетұғын, сөзін ұғатұғын қасиет. Әр нәрсенің өлшеуін білу - үлкен іс, құнды бағдар, ескерулі өнеге. Осы бағыттағы Абай түсінігі шығыс пен батыс ойшылдарының көзқарасымен үндес. Абай ойлары мынадай тұжырымдардың жалғасындай: «Білім дегеніміз - күш, күш дегеніміз - білім» (Ф. Бэкон), «Білім - мақсат емес, қару» (Л. Толстой), «Тек білімді ғана жарықтың түнекті қуаты секілді, надандықты құртады» (Ежелгі

үнді нақылы), «Білім мен даналық - адам көркі» (Ө. Науаи).

Адамды ойлай білуге үйрету, Т. Эдисон айтпақшы, өркениеттің аса маңызды міндеті. Бұл - ақылдының үлкен арманы мен ардағы. Тек ол үшін «білгенге жол бос, болсайшы қол бос, талаптың дәмін татуға» дерлік жағдай мен талап болса демекпіз. Талаптыны ақылменен таныр. Ақылы бар кісіге «иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз екен» [28-сөз].

Білім - ғылым үшін, парыз - намыс үшін керек. «Ғылымды іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үңіл. Қайырылып өзіңе, көп ізде жөнін». Ғылымның міндеті - тапқанын терең талдау, толық сипаттылықты қазақтанудың түңлігіне көтермек болды. Ойы сайрап, білгені жетіп тұрса да, дегеніне дәрмені жетпеді, болмысы аяғынан тартты. Абай білімі өмірдің сала саласынан арқау тауып, ойын болашаққа ұзартса да, Абай болмысы қаптаған қазақшылықтың былығынан кеудесін көтере алмады. Жасы келген сайын Абайдың рухани дамуы мен әлеуметтік рөлінің қайшылығы анағұрлым шиеленісті. Қордалы мәселелердің

шешімі табылмай немесе ол тыңдаушысын таппаған сайын, Абай амалсыздан өзінің, өзінің ғана емес, сауатсыз халқының әлсіздігін мойындауға мәжбүр болды.

«Адам деген даңқым бар» деп шабыттанып, «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын?» деген берік сеніммен өмір тартысына бір кезде батыл енген Абай, «соқтықпалы, соқпақсыз жерде өсіп, мыңмен жалғыз алысып» қажиды, үміті бек тарылады. Тұлғалардың жаны - жұмбақ, дүниесі - алуан қырлы. Оның үстіне, Абай идеясын жүйелі түрде жүзеге асыратын әлеуметтік күш, ортақ маңызды мүдде пісіп-жетілмеген еді. Осы шындықты толық түсінбесе де, Абай оның түп-тамырын өзінше пайымдады. «Халқым надан болған соң, қайда барып оңайын» деп бір күңіренсе, енді бірде «Таппадым көмек өзіме, көп наданмен адасып» деп, сүйенетін де, сүйсінетін де тіректің табылмағанына қатты налиды. Үмітінен үзілген өмір тұлсыз қалды.

* * *

К. Жанатайұлы

АБАЙ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Абайдың ақындық қызметі. Абайдың шығармаларының шығу тарихы. Абай шығармаларының жариялануы. Абайдың ұстаздық гибраттары.

Тірек сөздер: Абай, шығармалары, жариялануы, ұстаздық гибраттары.

К. Жанатайұлы

ВОСПОМИНАНИЯ ОБ АБАЕ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Поэтическая деятельность Абая. История создания произведений Абая. Издание произведений Абая. Педагогические наставления.

Ключевые слов: Абай, произведения, издания, педагогическим наставления.

К. Zhanataiuly

MEMORIES OF ABAI

Abstract. The issues dealt in this article. The poetic work of Abai. History of Abai's works. Pedagogical edification.

Keywords: Abai, works, publications, pedagogical edification.

Ел ішінің ақы алысып, ақы берісіп жатқан сиезі еді. Мұны өткізуге Семейден Лосевский деген уйез келіп еді. Сол бір ісімді жақтырмай, мені ел кісілерінің ортасында тұрғанымда стражниктерін (атарман) жіберіп, жазалмақшы болды. Әлгілер ерікке қоймай әкетіп бара жатқан соң, қасымда еріп жүретін өлеңші жігітім бар еді, солардың біреуінен Абайға бір ауыз өлеңмен сәлем айтып жібердім. Ол кезде

ән салып, өлең айтатұғын, қасымдағы жолдастарым да сондайды әдет қылатын.

Уезге әкелген сон, Абай да келді де: — «Жазығы не?» деп істің жөнін сұрады. Содан кейін Лосевский: «Бұған біреу басшылық етіп тәрбиесіне алмаса, мына елдің ортасында арызкой, пәлекұмар болып, бұзылғалы жүрген адам. Сен тәрбиеге алып міндетті болып, түзетемін десең берем. Әйтпесе, жазаға ұшырайтын ісі бар», — деді.

Абай маған кепіл болып алып шықты. Осыдан кейін Абайдың жолдасы болдым. Жолдастығым 25 жылға созылды.

Жаңағы оқиға 1880 жылдардың шамасында болып еді. Сонан кейін қыс болсын, жаз болсын, Абай ел араласа, қасында жүріп, ауылына келсе, үйінде бірге жатып, айырылыспайтын болдық. Абайдың қасында ай жүріп, ай жарым жүріп келіп, бір әредік толас болғанда ғана өз үйіме бір жұма, көп болса он күнге рұқсат алып, артынан қайта барамын.

1880-жылдан бастап 1886 жылдарға дейін Абай әрбір өлеңді жазып жүрді. Бірақ бұл уақыттағы сөздерінің барлығын Көкбай сөздері деп жүргізді. Кейін Омбыда «Дала уалаяты» мен «Серке» газеті шыққанда, бірер өлеңін тағы да менің атыммен жіберді. «Сорлы Көкбай жылайды, жылайды да жырлайды» дегенді мен қылып қойып, өзін айтып еді.

Осы хәл 86 жылға дейін келді де, сол жылдың жазында ел жайлауға шықты. Абай ауылының ең өрістеп барып, орнықпақ болған жайлауы «Бақанас» өзенінің бойы еді.

Көш жүріп кетті. Біз Абаймен бірге бірнеше кісі болып артынан келдік. Осы жылы Абай ауылында доктор Долгополов та қонақ еді. Ауыл Бақанастың бойындағы Көпбейіт деген жерге қонып жатыр екен.

Абай қонып жатқан ауылды көріп, осы суретті өлең қыл деді. Мен біраз өлең қылып едім, жақтырмады да өзі жазбақшы болды. Сонымен үй тігіліп болып бәріміз жайланған соң, Абайға келіп едім: «Өлең Көкшенің бойынан асайын деді ғой», — деді.

Мен: «Асса, басында мен қолқаланып алған нәрсе емес еді. Енді өзіңіз ретін тауып қайта аларсыз», - деп қалжыңдадым.

Сөйтсем сол күні «Жазды күн шілде болғанданы» жазған екен, оқып берді.

Өзі жазған сөзіне ең алғашқы рет аз да болса қанағат қылғанын көргенім сол. Менің қалжыңыма орай қылып: «Сен соғымыңа бір ту бие ал, мен енді өлеңімді өзім алайын», - деді. «Жаз» өлеңіндегі Абайдың ауылы өз ауылы. Абайдың астындағы аяңшылы Абайдың Әбдірахметінен алған аяңшыл күрең, төбел аты. Айқайшы шалы сол жылы өз ауылымен көрші болып отырған Әгіет Бармақ деген шал. Құс салып жүрген жас жігіттер өзінің балалары: Ақылбай, Әбдірахман болатын.

Осыдан кейін өлеңді жиі жаза бастады. Тегінде өлеңді көп жазатын уақыты қысты күн мен жазға салым болатын. Кейін, 89—90 жылдарда, тыныштық алып отырғанда, барлық әндерін де бір қыста, жазға салым шығарды.

Өзі біреуге ұзақ әңгіме, ұзақ жыр сияқты нәрселерді айтқызғанда еш уақытта басқа бөтен

нәрселерге аумай, таза көңілмен, үлкен ықыласпен тыңдайтын. Және әрқашан сондайды тындап болған соң мағынасы мен жөнін ұғындырып, сын айтатын. Сол ретпен «Ақбала—Боздақты» айтқанымызда осы жырдың ішіндегі бір-ақ ауыз өлеңін жақсы көреді де: «Мынаны шығарған кісі ақын», - деді. Тегінде өлең ішінде бірер ауыз дәмді сөзі табылса, сол үшін қатты ырза болып қалушы еді. Жаңағы өлеңде Ақбала мен Боздақ тау аралап келе жатса, алдарынан шағылысып жүрген құр, ұйығып жүрген екі түлкі кездесіпті. Сонда Боздақ Ақбалаға:

Бір қораз, бір мекиен талда ойнайды,
Адам түгіл хайуан, мал да ойнайды.
Құдайым бір нәрсеге бастап жүр ме,
Алдымызда кез келген аң да ойнайды, - депті.

Абай: «Осы сөзінен айтушының ақындығы білінеді», - деп сынады.

Әрқашан Абай ақындық туралы сөйлегенде «Ол қуат, табиғат сыйы, Құдай сыйы», - деп құрметпен сөйлейтін. «Ақындық шабыты шын келгенде адамды қайта тудырып жібереді. Ол келгенде адам жай, жабайы адам болмайды», - дейтін.

Осы сөзінің шындығы, бәріміздің көзімізше, ел ішінің бір ақынының тұсында ақталғандай болды.

85 жылдың шамасында Қарамолада болатын шербешнайға Абаймен бірге кеп, кісі болып келе жаттық. Ішімізде Байкөкше деген ақын да бар еді. Бір кезде Байкөкшенің түсіне Абайдың көзі түсті де: «Мына кәрінің жыны ұстап келе жатыр екен», — деді. Айтқанындай сол арада Байкөкше Абайға түнде көрген түсін айтып, ұзақ өлеңді шұбатып жөнелді. Түсінде Абайдың бірталай қиындық, қауіптен өтіп, мұратына қолы жеткенін көрген екен. Соны айтумен бірге өзінің жоруын да өлеңге қосып, Қарамоладан жолы болып, қастық қылмақ кісілерді жеңіп қайтатынын айтты.

Ел ішінің тағы бір сиезі болып, Семейдің уиезі келгенде, соған тілмаш болып сыбан Әріп келді. Әріп екеуіміз құрбы болатынбыз. Кездескен жерде әрқашан бірер ауыз өлеңмен жанасып қалатынбыз. Сиез болып жатқанда, менің бір ақы сұраған арызым болып, соның тез қаралуын тапсырамын деп

Әріпке:

Найманшам, адырайма кеуіп-ісіп,
Ежелден Арғын аға, Найман кішік.
Төбеңмен жүр, тез бітір қызметімді,
Күнде бүйтіп мәлимен ісім түсіп, - дегенімде,
ол:
Асықпа, бітірермін қызметімді,

Тапсырған құрбылықпен міндетінді.
Арғынға Көкше сенен Қызай жақын,
Ата қумай түзей бер өз бетінді, - деді.
Мен мұның орайына:
Көкше атам Тобықтының бел баласы,
Бөтен деген білместің бос таласы.
Нарымбайды тәшкенттік сарт дейді ғой,
Сол сияқты қазақтың құр жаласы, - дедім.

Әріпке:

Тіпті Тобықты Арғын емес Көкше тұрсын,
Ата қуып қайтесің өзің жүрсін.
Құдайақын, теңдесім Алтай — Қарпық,
Құр көңіліңді көтерген кеудең құрсын, - деді.

Біз осылай сөйлесіп жатқанда, өзіміздің елдің біреулері Абайға барып, Әріп пен Көкбай айтысып жатыр депті. Содан соң біреу келіп екеуімізді де Абай шақырады деді. Келіп едік: «Не айтыстыңдар!» - деді. Мынау ананы айтты, мен мынаны айттым дедім. Абай тыңдады да, әлгі даудың орайына:

Ақ супы дүниеден ұлсыз өткен,
Енеге жалшысынан бала біткен,
Өкіреш Найман ұлы болмаған соң,
Атасызда Найман көп деп ап кеткен, - деді.

Өлең айтқыш жігіттердің сөздерінде нәр, жұғын болса, дәмді сөзін көріп ырза болса, ондайлардың өлеңді көбірек айтқанын тілейтін. Кейбіреуіне өлең қыларлық теманы да беретін сияқты еді.

Бір жылы менің өзіме: «Абылай хан мен Кенесарының қазаққа істеген еңбектерін ұзақ әңгіме қылып айтып беріп осыны өлең қыл деді. Абылай да, Кенесары да қазақтың мақтан қылатын ерлері. Бұлардың еңбегі де айта қалғандай, ұмытпастық еңбек. Сондықтан, бастарынан кешкен дәуренді жақсы сөзбен жыр қылып ел ортасына жаю жақсы өлеңшінің міндеті. Сен үйіңе барып орнығып отырып, осыны өлең қылып кел», - деді.

Содан кейін үйге келіп отырысымен өлең қылуға кірісіп, күндіз-түні тыным алмай, 5-6 күнде бітіріп, Абайға қарай қайта жүрдім. Абай бұл уақытта үлкен ауылынан бауырдағы ауылына, тоқалынкіне барып сонда жатыр екен. Кіші ауылы «Аралтөбе» деген жерде, үлкен ауылынан 35 шақырым жерде, біздің ауылдан 70 шақырымдай жерде еді.

Осы жолға қасымдағы атшыммен қысты күнгі аязда салт атпен келе жатып жазған өлеңімді ойлап көрсем жатқа айтуға бір де бірі есімде қалмапты. Абайдың барысымен «айт» дейтіні мәлім. Сондықтан жол жүріп келе жатып, өз өлеңімді өзім жаттауға кірістім. Күн суық, қағазды екі жеңіммен ұстап атымның

басын жолдасыма жетектетіп қойып, жол бойы жаттадым.

Сонымен, кеш болып ел орынға отыратын кезде кіші ауылға жетіп Абай отырған үйге сәлем беріп кіріп келдім. Үйде кісі көп екен. Алдарына кешкі шайды жаңа алған екен. Кірген жерімде сәлемімді алмастан «Абылай келді ме?» деді.

Тегінде сол 25 жыл жолдас болған уақытымда анда-санда қасынан кетіп қайта келгенімде: сәлем алып, мал-жаның аман ба? — деп амандасып көрген емес. Білгі жаңа ғана керісіп шыққан кісідей іліп ала әңгімеге кірісетін, бұл жолы да соны істеді.

Мен сұрағанына «келді» деп едім, олай болса «айт» деді.

Содан соң, мен барлық киімімді шешінбестен, отыра қалып айта бастадым. Өлеңді алғашқы айта бастағанымда тымағымның бауын шешкен жоқ едім. Тегінде «шешінейін, жайла-найын» деген сөз Абайдың нашасын кетіріп, ықыласын қайтарып тастайды. Сондықтан өлеңді айта отырып, тымағымды шешіп бір алып қойып, тағы бір әредікте белдігімді тастап, одан өлеңнің желісін үзбей отырып, сыртқы киімімді тастап, жүгімнен бірте-бірте барып қана босандым.

Абайдың өмір бойғы әдегі осындай еді. Біреу өзіне келсе, келген жерден жұмысың не деп сұрайды да, сол арада шаруасын бітіріп, содан кейін өзінің әңгімесіне кетеді. Алғаш сұраған жерде шапшаң айтып жіберген кісі болса ырза болып қалады. Басында айтпай артынан «пәленім бар еді» дегенге ашуланып қалатын. Кейде бағана неге айтпадың, и - деп ұрысып, тыңдамай да қоятын.

Сол әдегі мәлім болғандықтан, өлеңді әнге салып айтсам да шаршаған-талғанымды білдірмей, желісін үзбей айтып отырдым. Қағазыма да қарағаным жоқ, ылғи жатқа айттым.

Алдарына келген шай ішілмей қалды. Алғашқы самаурын суып кетіп, оны алып барып, екінші рет қойып тағы әкелді. О да суып қалды. Абай да, басқа ешкім де ішкен жоқ. Сонымен, үшінші самаурын келгенде Абылай менен Кенесарының жорығын аяқтатып болып, енді Наурызбайға қарай көшіп едім. Бұған келгенде «Енеңді ұрайын жаман ұры, ханның бағын да осы алып еді. Енді шайыңды іш» деп, Наурызбайдың жайын бұл арада тыңдағысы келмеді.

Шай ішіп жайлануға содан соң ғана мұршам келді. Осы өлеңнің ішінде Наурызбайға Меркенің бегі берген Ақауыз аттың тұлғасын сипаттап едім. Ол атты менің сөзімнен сынады да: «Мұның шыға шауып жайылып қалатын ат

болса керек», - деп сол күндерде Ақауыз атты жазамын деп «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» деген белгілі ат сынын айтқан өлең шығады. Басында мұны Ақауыз аттың сипаты деп айтқан соң, мен «Абылай жырына кіргізейін бе?» деп сұрап едім «Бұл шіркіннің өзі де мес болып кетті ғой» деп жақтырмай кіргізпеді.

Ұдайы жолдас болған уақытымда кеп байқаған бір нәрсем бар. Орыс болсын, қазақ болсын, жақсы, жаман болсын әрқашан мінезінде бояма болмай, шынымен келген кісіні жақтырушы еді. Бойын бағып, қымтырылып, «пәлен көрінем, түгі көрінем» деп қолдан пішін жасайтын мінезді көре бастаса, қытығына тигендей жақтырмай қалатын.

Ондайды кекетіп, мысқыл қылып, қалжыңмен өлең айтып жіберетін. Қалжың өлеңнің көбі маңындағы жұрттың осындай мінезінен туады.

Бір күні осындайдың тұсында өзімді де өлең қылды. Ел ішінің бір тобынан келе жатыр едік. Жолда бірер сез, бірер мінезімді Абайдың жақтырмай қалғанын сездім. Ауылға жақындағанда Абай бізден озып кетіп еді. Үйге келсем қолына бір табақ қағаз бен қарындашты алып өлең жазып жатыр екен.

«Не қылса да өзімді елең қылып жатырау» деп ішіме сезік кіріп, қасына жетіп келіп едім, мына өлеңді оқып қоя берді.

Бұралып тұрып,
Буыны құрып,
Қисайта тартып мұрынын.
Әсемсіп, сәнсіп,
Білгенсіп, бәлсіп,
Әр нәрсенің орынын.
Керенау, кердең бір керім
Жақпайды маған сол жерің,-

деп, өзімді өлең қып қойыпты. Содан соң жалынып отырып, сұрап алдым да кезінше жыртып тастадым. Өлеңін өзімнен басқа ешкім білген жоқ. Сол бір оқып шыққанда есімде қалғаны осы еді.

Жалпы өміріндегі мұрат қылған қиялы әділшілдік пен дұрыстық, шындық болғандықтан, орыста дос көретін кісілері сол кезде өзімен жақын таныс болып жүрген халықшыл социалистер болатын да, қазақтағы өтірігі жоқ шыншыл кісі болатын.

Өтірік айтпай шынын айтатын болса, мал ұрлайтын ұры болса да сүюші еді. Ұрыдан алатын парасы шынын айтқанда. Шындыққа, дұрыстыққа құмарлығын, жолдағы елден ерекше мінезінің барлығын биіктете анық көрсетіп жүрді. Билікке келгенде Абайдай әділ, таза, дұрыстығы күшті биді Тобықты іші бұрынғы, соңғы заманның қайсысында болса да көрген жоқ деп айта аламын.

Абайдың билігіне, Абай тергеуіне әрқашан ел ішінде шиеленісіп, ұстасып жүрген жаулары құмар болатын. Сондықтан Абай өмірінде айтылған биліктің көбі әрқашан сол жау жақтарының даулары туралы бола ма деп ойлаймын.

Өзіміз көріп, өзіміз естіп-білген заманда жауына келіп билік айтқызу Абайдан басқа кісінің тұсында болды деп білмейміз. Тобықты ішінің өзге, ешбір адамына да билік турасында бұрынғы заманда, соңғы заманда болса да мұндай сенім болған жоқ.

Билікте әділдікпен қатар осымен егіз сияқты бір мінезі Абайдың мырзалығы, жомарттығы, дүниеқор еместігі болатын. Жақын маңайдағы елде өзі атағын есіткен аты шулы жүйрік ат, қыран құс, алғыр ит сияқты сауық аспаптары болса Абай қалап та алады. Қызыққаны кедейдікі болса сатып та алады. Бір жазда бес түйе беріп бір бәйге ат алып, бес құлынды бие беріп екінші бәйге ат алғанын көрдім. Соларының екеуін де сұраған екі кісіге өзі қызықтамастан беріп жіберді.

Осы күнге дейін Тобықты іші «Бір досыңнан қызығып қалап, бұлдап алған жақсыңды, үйіңе жеткізбей бір жақсы көрген адамың алып кетсе сонан қызық не бар деп Абай айтпап па еді?» деп аңыз қылысады.

Өзі шаруа басқарып қырда малдың санын, қалада ақша пұлдың санын ескерген емес. Қыр шаруасында ескерсе, жылқыны ғана ескеріп, жақсыдан айғыр салып, тесе мініліп ер батып кеткен арықтары болса, сол жағын ғана ескеретін. Жалпы малына еңбек ақысын толық беріп, мықты малшы салуды ескеретін. Осыдан басқа ауыл шаруасына істейтін қамы болмаушы еді.

Қалада болған уақытта ақшасының барлығын қасындағы атқосшы жігіт ұстайды. Одан «қанша қалды, не ұстадың» деп сұрамайтын. Жалғыз-ақ «бітіп қалды» дегенде ғана тыңнан ақша тауып, тағы қалтасына салып береді де, отыра береді.

Ауылы қысы, жазы өте қонақшыл, әрдайым күндіз-түні басып жатқан неше алуан кісі болады. Солардың ішінде «Абайдың түстігінен жейміз» деп, ас аңдып келетін кедей-кепшікпен бірге, ел-елдің басты адамдары ертекші, құсбегі, домбырашы, әнші, не болмаса тоғызқұмалақ, дойбы ойнағыш ойыншылары да жатады.

Абай қысты күні бос уақыттарының бірталайында өзі оқып алған романдарды кейде ертек қылып маңындағы жұртпен бірге, әсіресе өзінің ұдайы қасында болатын ертекшісі Баймағанбетке айтып беретін.

Баймағанбет орыс романдарын бір айтқаннан жаңылмай ұғады. Ішіндегі Европаша аттарды да қайта сұрамайды. Сонан кейін бірнеше күндер өткенде өзі айтып берген ертектерін Баймағанбетке қайта айтқызады да ешнәрсеге алаңдамастан, бөлінбестен қайтадан түгел тындап шығады.

Осындай әдетпен қатар Абай қырдың тоғызқумалақ, дойбы сияқты ойындарына көп уақыт беретін. Әсіресе көп салынып ойнайтыны тоғызқумалақ болушы еді. Бұл ойындарға Тобықты ішіндегі ірі ойыншылардың ең ілгергі қатардағы бірі болып саналады. Ойнай-ойнай келе бірден біреу озып, екшелеп келген соң, Тобықтыда 5-6-ақ үлкен ойыншы шықты.

Солар: Керпешбай, Құттықожа, Қуаттың Құдайбердісі, Нақыштың Смағұлы дегендер еді, Абай осыларды кезек-кезек алғызып, кейде бәрін бір уақытта жиып көп күндер бас алмай ойнап жатады. Артынан ойын тарқап әлгі кісілер қайтатын болғанда дәулеті аз нашарларына соғымдық тай, тайынша, қой, киім сияқты нәрселер беріп қайырады. Осы сияқты ел ортасының көңілді алаң қылып, аз да болса сергітетін қызық-сауықтарының барлығын да Абай молынан көріп, толық қызықтады.

Осы ретте аңшылық құру, бәйгеге ат апарып қосу, палуан апарып күрестіру, қаршыға, лашын салғызу, жүйрік ат пен мықты жігіт сақтап ұры түсірту, қасқыр соққызу, ақын, әнші, күйшіні сақтап, өнерді қызықтау сияқтының барлығын да өзі де көрді, бала, інілеріне де толық көрсетті. Осындай көп әдістері маңайының, барлығына үлгі болып жайылды.

Аңшылықты жасында істеген. Сонда ол кезде Шыңғыстың қыс бойы елсіз қалатын сыртында бұғы, арқар, киік, түлкі болады. Абай көп кісі, көп жақсы мерген сияқты жақсы аңшылармен қостап шығып, бірнеше үймен көп соғым сойыспен барып бір ай, екі ай жүріп қайтады.

Бірақ берірек келгенде аңшылықты қойып, жоғарыда сақталған өзге түрлі-түрлі сауықтарға көбірек ауысты. Бірақ бұл істерінің қайсысы болса да Абайдың жалпы тындаушыға айтып отыратын өсиет үгітіне, келелі мәжілісіне, кітап оқып білім табуына көп бөгет болған жоқ. Осы айтылғандардың барлығына бөгет нәрсе болса, ол ел сөзі, ел тартысы болды.

Абай Европа ғалымдарының ірі пәлсапамен жазылған кітаптарын оқығанда, өз басындағы ой-пікірлерінің ірге негізін аналарға оңай беріп жіберіп отырған жоқ. Жұртқа өсиет қылып, өзге сөзін мысал қылып сөйлегенде, әрқашан өз ақылының елегінен өткізіп алып айтушы еді. Сондағы көп насихатының түп

қазығы: адамшылық, ақтық, әділет болса, осының барлығы да мұсылман дінінің дөңгелегіне әкеліп, бір шолып келіп отыратын.

Абай шын мағынасында мұсылман еді. Бірақ, мұсылманшылығы молда-қожа, айтып жүрген сырты сопы мұсылмандық емес, үлкен сынмен, терең оймен, өз жүрегімен тапқан мұсылмандық болатын. Бергі жерлердегі кітап сөзі, молла сөзі, шарифат жолы дегеннің барлығына сынмен қарап, діннің негізін, мақсат, бағытын ғана алып соны ақиқат діні қып қолданған. Абайдың діні мұсылманшылықтың ішіндегі осындай жолмен, үлкен сынмен табылған таза ақыл дін еді. Сондықтан сыртымен тақуалық қылып ұдайы намаз оқып, ұдайы ораза тұтып, ұдайы құлшылық қылған да емес. Намазды оқығысы келген кезде оқиды. Бірақ ондайда қасына ешкімді алмай, оңаша үйде жалғыз өзі ұзақ-ұзақ уақыттан отырып оқитын.

Одан соң жалпы мұсылманшылық жолындағы үлкен ғұламалар жазған ірі сөздердің барлығын да білетін. Бәрінен өз тұсындағы үлкен молдалардың қайсысымен болса да қатар түсерлік мағлұматы барды. Сонымен Семейге барып жатқан уақытта, Семейдің Камали қазірет сияқты үлкен молдаларымен анда-санда бас қосып, мәжіліс те жасап қоятын. Осындай мәжілістер арқылы Семей қаласындағы қазақ-татар молдаларының барлығы да Абайдың дін мәселесіне әбден жетіктігіне көзі жеткен соң, бұл кітап өз заманының ғұламасы сияқты да көрген.

Сонымен, кейінгі жылдарда Семейге миссионер Сергей деген кісі келіп, мұсылман дінін қорғаушы молда, имамдар болса сөйлесемін деп іздегенде Семей қаласындағы мұсылман оқымыстыларының барлығы араларынан бірауыздан Абайды сайлап шығарып, Сергейден жеңілмей өз дінінің абиұрын аман сақтап шығуына мешітке жиылып мінәжат қылып, Абайға бата беріп, тілек тілеп жіберткен.

Жер басып жүрген адам баласының айналасы жарық пен жарқылға, қызық пен думанға толы. Тіпті қайыршының айналасында да қызық бар. Қызыққа қызығып, жарық пен жарқылдың артынан қуып, жалынан ұстауға ұмтылған, соған бар ғұмырын арнаған жандардың қаптаған тобыры бұрын да болған. Негізінде бұлардың тарапына сын айтудың да өз жөні болу керек. Өйткені адамзат табиғатын түзетуге, оны өзгертуге әркім-ақ ыңғай танытқанмен, оның жолы мен жөнін білетін, оған батылы жететін, батылымен бірге ақылы жететін жан болмаса, басқа адамнан, қатардағы қалған пенделерден игілікті іс күту бекер. Мұндай іске тар жолда таймай, бел буып, білек сыбанып кірісетін жандар өте сирек. Олай болатын себебі – мұндай іске бел мен білек емес, ақыл керек. Ақыл болғанда, әркімде бар, бірде ұйқылы, бірде ұйқылы-оюу ақыл емес, тереңіне дейін сәулемен нұрланған кемел ақыл керек. Білемін деушілердің сөз ыңғайына карағанда, ондай ақыл бір халықтың ішінде бір адамға, оның өзінде бір ғасырда бір-ақ қонады екен. Түркі әлеміндегі сондай асыл ақыл, дарқан

дарын дарыған ақық адамдардың бірі Ғабдулла Тоқай болды.

Татар халқының XX ғасырдың басындағы ұлы ағартушы-демократ ақыны Ғабдулла Тоқай 1888 жылы 26 (14) сәуірде Қазан артындағы Қошлауыш аулында дүниеге келді. Ақынның естеліктері мен хаттарында, мақалаларында Қазан арты татарларының мәдениеті мен әдебиетінің сыртқы әсерге ұшырамаған бірегей табиғаты, тілінің тазалығы, ақындық өнерінің өнегелілігі ерекше жоғары бағаланады. Ол осындай рухани бай, таза ортада туды.

Ғабдулланың өмірінің басты кезеңдері «Есімде қалғандар» атты ғұмырбаяндық повесінде баяндалды [1]. Атасы Мұхаметғалым Қошлауыш аулында молдалық еткен. Әкесі Мұхаметғариф Мұхаметғалымұлы он төрт-он бес жасында Қышқар медресесіне оқуға қабылданады. Медіресені бітірген соң, ауылы Қошлауышқа оралып, сол жерде молдалық құрады. Қарт әкесіне қарайды. Үйлі-жайлы болады. Бірақ оның от басындағы бақыты ұзаққа созылмайды. Әйелі қайтыс болып, Ғазиза атты қызы, Мұхаметшәріп атты ұлы жастай

қалады. Мұхаметғариф екінші жолы көрші Үшүйлі аулының молдасы Зинатулла хазреттің Мамдуда атты қызына үйленеді. Ғабдулла Тоқайдың туған анасы - осы кісі. Бибімамдуда (1864-1890) заманына лайық білім алған, өлең жазған, қолөнермен де айналысқан. Қалпақ тігуге шебер болған. Зинатулла хазреттің өзі де білімді, кітап көшіріп жазатын, сонымен қатар өлең шығаратын ақындығы бар кісі екен. Оның «Шайырдың тұрмыс тауқыметтерінен» деп аталатын өлеңі қызы Мамдуда қайтыс болғаннан кейін жазылған. Өлең Ғабдулланың әпкесі Сәжиданың естелігінде беріледі. Ғабдулланың бес айлығында әкесі Мұхаметғариф қайтыс болады. Бибімамдуда баласы Ғабдулланы уақытша ауылдағы Шәрипа атты бір кемпірдің тәрбиесіне беріп, өзі тіршілік қамымен жиырма үш жасында алпыс тоғыз жастағы Мұхаметшәкір деген молдаға күйеуге шығады. Бұл шақта Ғабдулланың туғанына екі жас сегіз ай болған еді. Жасы келген кемпірдің Ғабдулланы бағып-қағуға мұршасы болмайды. Жас бала қыстың ақ қар, көк мұзында жалаңаяқ қар кешіп, суыққа ұрынады. Анасы барған жерінде орнығып болған соң, 1889 жылы көктемде Ғабдулланы өз қолына алады. Содан бір жылға жетпей жиырма алты жасында Бибі Мамдуда қайтыс болады. Үш жас тоғыз айлығында тас жетім қалған Ғабдулланы өгей әкесі Үшүйлі аулындағы нағашы атасының қолына әкеліп тапсырады. Бұл кезде болашақ ақынның нағашы апасы да дүние салып, нағашы атасы Зинатулла алты баласымен бір жесір әйелді алған екен. Үшүйлінің өзі шағын, халқы кедей еді. Оның үстіне Ғабдулла келген жылы қыс қатты болып, тапшылық пен жоқшылықтың, аштықтың азабы бұл ауылға да жеткенді. Жетімнің жайы болмады: қарны ашса, ешкім тойындырмады; тоңса, ешкім бауырына басып жылытпады; қайғырса, ешкім қабағына қарамады; жыласа, ешкім көз жасын сүртпеді. Ауырды. Әлсіреді. Жалғызсырады. Шешек шықты. Өлмей, әрең тірі қалды. Үйдегі балалардың ішіндегі ересегі әрі естісі, Ғабдулланың анасымен бір әкеден туған (анасы бөлек) Сәжидә әпкесі ғана жетім балаға жаны ашып, оны үлкендерден жасырын еркелетіп, есіркеді. Ақын кейін Сәжидә әпкесін өзін бұғанасы қатпаған, буыны бекімеген бала кезінде желеп-жебеген ақ қанатты періште кейпінде еске алады.

1891 жыл шамасында нағашы атасы Ғабдулланы Үшүйлі аулының бір арбакешінің арбасына отырғызып, алпыс шақырым алыстағы Қазан қаласына жіберуге мәжбүр болады. Қазанның пішен базарына келген арбакеш жалпақ жұртқа: «Тәрбиеге бала беремін. Кім

алғысы келсе, соған беремін», - деп жар салады. Арбакештің жар салып айтқан сөзін естіген Мұхаметуәли деген иман жүзді біреу келіп, баланы үйіне алып кетеді. Ғабдулланы тәрбиеге алған Мұхаметуәли де, оның жұбайы Ғазиза да жетімге жайлы, мейірімді, жақсы адам болып шығады. Жас Ғабдулла Мұхаметуәлиді әке деп, оның жұбайы Ғазизаны ана деп атайды. Әкесі Мұхаметуәлидің жұмысы базарда болса, анасы Ғазиза үйде отырып, татар байлары мен байбатшаларына арнап зерлі тақия тігеді. Жас Ғабдулла анасымен бірге кейде байлардың үйлеріне, кейде жәрмеңкеге барып жүреді. Баланың көңілі жарым дегенмен, киімі бүтін, тамағы тоқ болады. Жаңа ата-анасы жаны қалмай қабағына қарап, бағып-күтеді. Екі жылдай өткенде, Мұхаметуәли мен Ғазиза қатты ауырады. Сырқаттарының беті қатты көрінеді. Екеуі ауырып жүріп Ғабдулланың жайын ойлайды. «Егерде олай-бұлай болып кетсек, балаға кім қарайды?» - деп, қатты алаңдайды. Мұхаметуәли баланы Қазанға, пішен базарына алып келген арбакешті іздеп, тауып алады. Өзінің жағдайын айтып, баланы туғандарына аман-есен жеткізуді соған қатты тапсырады. 1892 жылы Ғабдулла, осылайша, Үшүйлідегі нағашы атасына қайта келеді. Нағашы атасы баланы көп ұстамай, көрші Қырлай аулында тұратын Сағди деген кісіге береді. Бұл Ғабдулланы бала қылып асырап алушылардың алтыншысы еді. Сағди да балажан, адамгершілігі мол, өзіне жетерлік шаруашылығы бар жақсы адам болып шығады. Оның әкелік мейірімінен баланың суынған көңіліне жарық пен жылу құйылады. Анасы да жақсы қарсы алады. Ғабдулла ауыл-аймақпен жақсы танысады. Күзгі жиын-терін кезінде ата-аналарына қолғабыс тигізеді, қазылған картопты қапқа салып, жинауға көмектеседі. Қысқа қарай ата-анасы баланы оқуға береді. Ауылдағы Фатхерахман хазіреттің әйелі Маһрубике ауыл балаларымен бірге Ғабдулланы да оқытады. «Иман шарты» кітабы негізінде сауат ашу сабағы жүреді. Шәкірттер қыс бойы осы сабақты оқиды.

Ғабдулла сауат аша жүріп, өзімен бірге оқитын шәкірттердің қызықты істеріне қуа болады. Бір жолы, мұғалима жоқ кезде, шәкірт қыздар өздері құрастырып шығарған төрт жол тақпақ айтады. Онда мұғалиманың сырт пішіні сынға алынады. Төрт жол тақпақ ұйқасы, ырғағы, мазмұны, көкейге қонымдылығы жағынан өте әсерлі болып шығады. Сондықтан оны жаттау да қиынға түспейді. Басқа шәкірттермен бірге Ғабдулла да оны бірден жаттап алады. Тіпті үйге келе жатқанда да сол тақпақта жатқа айтып, аяғын соның ырғағына

сай басатын әдет табады... Қырлай аулындағы алғашқы қыс осылай өтеді.

Көктем шыға той-томалақ, түрлі ойын-сауық, балуандар күресі, ат бәйгесі, балалар жарысы басталады. Сабан той болады. Неше алуан әндер, өлеңдер айтылады. Ғабдулла солардың бәрін көріп, қызықтайды. Лайықты ойындарға өзі де қатысады. Күзде оқуын медреседе жалғастырады. «Әптиекпен» қатар кітап болып басылып шыққан халық әдебиеті үлгілерін де оқу құралы ретінде оқиды. Олардың ішінде «Бәдәвам», «Кесік бас» сияқты асыл үлгілер де болды.

Шәкірт бала медресе дәрістерін өте жақсы меңгеріп алады, оқу үлгерімі төмен шәкірттерді қамқорлығына алып, олардың оқуына көмектеседі. Оқуда озат болумен қатар үй шаруасына да араласады. Қазан артындағы Қырлай аулының тамаша табиғаты, салт-дәстүрі, әдебиеті мен мәдениеті, Сағди әкесінің тәрбиесі Ғабдулланың рухани өсуіне зор ықпал етті. Баланың көңілі жадырай бастайды.

Күзгі күндердің бірінде ауылға Бәдретдин деген бір кісі келіп, Сағдиға Ғабдулланы өзімен бірге алып кетпекші екенін айтады. Қазақстанның Орал қаласында баланың әкесінің қарындасы күйеуі екеуі Ғабдуллаға іздеу салып жүр екен. Бірнеше жылдар бойы баланың қайда кеткенін біле алмапты. Енді, сәті түсіп, баланың Қырлай аулында екенін білгенде, оны алдыртуға арнайы адам жіберген екен. Бәдретдин осы жайларды Сағди әбзиге түсіндіріп айтып береді.

Бәдіретдиннің хабары Сағдиға қатты батады. Анасы да қарсылық білдіреді. Бірақ Бәдретдин де алған бетінен қайтпайды. Баланы мұнда қалдыруға ешкімнің құқығы жоқтығын, тіпті болмаса, урядникке шағым жасайтынын, онда да болмаса, бұларды сотқа беретінін айтып, күш көрсетеді. Бұған дейін баланы бермеуге бекініп отырған ата-ана Бәдретдиннің мына сөзінен кейін жуасып қалады.

Бәдіретдин әбзи Оралға барардан бұрын Ғабдулланы Қошлауыш аулына алып келеді. Қошлауышта болған бір оқиға Ғабдулланың «Есімде қалғандар» атты естелігінде кейін былай суреттелді: «Менімен көрісерге Сыдық есімді аулымыздың мәртебелі кісісі келді. Мас екен. Маған сәлем берді - мен сәлем қайтармадым. Қолын созды - мен қолын алмадым. Себебін сұрады. Мен сонда «Бәдәвам» кітабынан:

Есірікке сәлем берме,
Ол берсе де сен алма... –
деген бәйітін айтып салдым» [1].

Шәкірт бала аз уақыт оқыған оқуынан осындай пайдалы ғибрат алып, оны тұрмыста орнымен пайдаланады. Бұл жас баланың талабы мен талғамын, білімі мен тәрбиесін мәшһүр еткен, Қошлауыш аулы түгел таңырқаған ғажап оқиға болған еді.

1895 жылдың басында Ғабдулла Оралға келеді. Әпкесі Ғазиза мен саудагер жездесі Ғалиасқар баланы оқуға орналастырады. Бұл кезде Оралда үш медресе болды: Мұттыйғия; Рақымбия; Ғайния. Ғабдулланы әпкесі мен жездесі солардың ішіндегі дұрыстауы «Мұттыйғияға» береді.

Шәкірт сабаққа өте ықыласты болды. Әпкесі кейін өз естелігінде інісінің оқуға ынтасы туралы: «Сабақты бек көңіл беріп оқыды. Қай кездерде, сабаққа кешігіп қалам деп, ертеңгі асын ішпестен кетіп қалар еді» [2], - деп есіне алады. Медреседе Фатхетдин Рахматуллин халфе Ғабдуллаға араб әдебиеті кітаптарын, Құранды, араб харпінде басылған әдебиеттерді, әдеп кітаптарын оқытады. Шәкірт солардың бәрін меңгеріп алады. Әпкесі мен жездесі баланың жанжақты білім алуына көңіл бөледі. 1896 жылы Ғалиасқар он жастағы [2] Ғабдулланы үш кластық орыс оқуына кіргізеді. Шәкірт үш кластық орыс оқуы мен медресенің сабақтарын қатар оқиды. Орыс оқуының мұғалімі Әхметше Сиражетдинов (1850-1919) Орынборда мұғалімдер мектебін бітірген, әдеби білімі мол, кітапханасы бай кісі екен. Орыстың атақты ақындары мен жазушыларының шығармаларын Ғабдулла осы мұғалімнің кітапханасынан алып оқыған [2].

1899 жылы Ғабдулла медресе ішіндегі үш жылдық орыс оқуын бітіреді. Осы жылы Оралда А.С.Пушкиннің дүниеге келгеніне 100 жыл толуына орай «Пушкин жұрты» атты әдеби іс-шаралар өтеді. Оған қаланың шығармашылық жұртшылығы, зиялылары қатысады. Ғабдуллаға мұның әсері ерекше болды. Шәкірт баланың әдеби білімінің, эстетикалық талғамының өсуіне, кісілік келбетінің, көзқарасының қалыптасуына Орал қаласының, ондағы білім ордаларының, зиялылардың, ерлі-зайыпты Ғазиза мен Ғалиасқардың тікелей ықпалы болды. Сонымен қатар медресенің бас имамы Мотыйғұл хазреттің (Мотыйғұл Тех-фатуллаұлы Техфатуллин: 1846-1920) өлең өлшемдері, ақындық туралы оқыған пәндерінің медресе оқу жүйесіндегі орны мен маңызы үлкен болған. Хазреттің бай кітапханасымен танысып, одан кітап алып оқу да болашақ ақынның шығармашылық тынысының ашылуына, әдеби білімінің тереңдеуіне септігін тигізген. Хазреттің ержеткен ұлының еуропаша алған білімі мен тәрбиесі, шығыс ақындарын жатқа айтуы, орысша,

арабша жақсы білуі, жыршылық өнері Ғабдуллаға оң әсер еткен. Мотыйғұлла хазрет Ғабдуллаға ерекше мейіріммен, қамқорлықпен қараған. Оның бір себебі хазреттің шәкірт Ғабдулланың білімге деген құштарлығын, ақындық талантын тануымен байланысты. Оның үстіне хазрет Мотыйғұлла Ғабдулланың әкесі Мұхаммет-ғарифпен Қышқар медресесінде бірге оқыған [2].

1900 жылы Ғабдулланың әкесіндей жақын болған жездесі Ғалиасқар асқазан ауруынан қайтыс болады [2]. Ғалиасқардың мезгілсіз қазасы Ғазизаға да, Ғабдуллаға да қатты батады. Осы кездердегі күйінің төмендігін, жоқшылық жағдайын ол сабақтас болған достарының біріне жазған хатында қатты торығып айтады [2]. Үшүйлідегі әпкесі Сәжидаға хатында (1902) қамқоршы жездесінен айрылған шәкірт былай деп жазады: «Өзім қазір медреседе оқып жүрмін. Биыл оқуға ақшам жоқ еді. Солай болса да, Алла Тағала бір жол ашты: Гурьевтегі туғандарым он бес теңге ақша берді һәм өзіміздің ақын жездеміз бес қадақ шәй берді. ... жиырма бес теңге бар еді. Сол ақшалармен... оқып жүрмін. Алла Тағалла пайдалы ғылым берсе игі деп, әруақыт қайыр-фатихада тілек тілеймін һәм солай болуынан үміт етемін» [3].

Тұрмыс тауқыметі шәкіртті қатты қажытады. Бірақ өмір бойы қиыншылық көріп келе жатқан жастың бар сенгені, сенері болашағы еді. Болашаққа деген сенім оны алға жетеледі, алдағы күндері үшін күреске құлшындырды. Оның бойына күрескерлік рух дарыды. Осындай күйде жүргенде, жастай жабысқан аурудың сызы белең алып, қатты құлайды. Осы аурудан ол кейін де құлан-таза айығып кете алмады [2].

Ғабдулла сабақтан бос уақытында өзімен бірге оқитын шәкірттермен бірге Жайық пен Шаған өзендерінің түйіскен жерінде балық аулағанды жақсы көрген. Осы жерде балық өте көп болғанға ұқсайды. Екі өзеннің тоғысы туралы Ғабдулла сол кезде (1902 жылы) өлең де шығарған. Ол жайында ақынның медреседе бірге оқыған сабақтасы Ғали Хикматуллин бірқатар бағалы мәліметтер береді. Ол осы жылы Ғабдулла шығарған оннан астам өлеңдердің аттарын атайды. Ал медресенің бас имамы Мотыйғұлла хазреттің айтуына қарағанда, Ғабдулла өлең құрылысы туралы оқу кітабы бойынша дәріс алып, өлең құрылысының он алты түрлі уезінің меңгереді. Қолына қалам алса, тоқтаусыз жазатын ақындық қуат табады. Сонымен бірге «Мұхаммедия», «Бақырған» секілді шығармалардың қолайына жаққан уезін өрнектерін таңдап игереді. Осындай ойларын айта келіп, Мотыйғұлла қазірет Ғабдулланың

ақындық талантының анық ашыла бастағанын көрсетеді, османлы және орыс әдебиеттерінен тәржіма жасап жүргеніне де назар аударады [2]. Негізінде, Ғабдулла кішкентайынан өлең-жырға құмар болып өседі. Өзінің осы күйін ол «Халық әдебиеті» атты еңбегінде еске алады. Медреседе «жыршы» деген атағы шыққанын да ұмытпайды. Бойында табиғи таланты бар жастың өнері осылай күн санап өсе береді. 1902 жылы хазрет Ғабдулланы өзінің кеңсесіне жұмысқа алады [2]. Кеңседегі жұмысы үшін оған айына 1 сом 50 тиын еңбекақы тағайындалады [2]. Осы жылдары ақын И.Крыловтың мысалдарын аударады [2].

Шәкірт ақын жақындарына, туғандарына, жақсылық жасаған қайырымды адамдарға шексіз разылығын білдіруді өзі үшін үлкен парыз санады. Бұл қасиет оның бойында кішкентай кезінен бар еді. Ақындық таланты ашыла бастаған шағында, осы қасиет оның көңілінен керемет таза, мөлдір сезімдердің тууына негіз болды. Соның бір үлгісін 1903 жылы жазда Сәжида әпкесіне жазған хатынан аңғаруға болады: «Сенің маған жасаған және қазір де жасап келе жатқан жақсылығыңды қабірде жатсам да ұмытпаймын» [4], - деп жазды он жеті жастағы бозбала Ғабдулла. Хат иесінің еріннің ұшымен емес, шын жүректен тебіреніп, егіліп жазған осы сөздерінен оның тазалығы, періштедей пәктігі, еңсесін езген ауыр ойының салмағы қатар сезілгендей болады. Шәкірт баланың Гурьевтегі туғандары Абдуловтарға хатында (1904) мынадай мәліметтер сақталған: «Жіберген он сом ақшаңызды алдым... Инша Алла, бұл ізгілігіңізге ізгілік қыла алармын деген Алладан үмітім бар. Мен қылмасам, жетімдер мен шәкірттер атасы Алла Тағала сізге ізгілік қылар. Шәһәріміздегі дамулла ахун Мотыйғұлла хазірет пен Сиражетдин халфеге сіздер жіберген он сомды көрсеткен едім. Олар сіздерге: «Я Рабби иллаһи, осы жетім шәкірттің халіне мейірімі түсіп, ақша жіберген Гурьев байларының көңілдерін әруақыт шат қыл және (...) осы байлардың сұлтаны Абдуловтарды жер жүзіне түгел мәшһүр әрі даңқты қыл, түрлі бәле, қазалардан өзің сақта...», - деп қайыр-дұға қылды» [5]. Хатта Ғабдулла осы қайыр-дұғаны өлеңге айналдырып жазады. Бұл жерде де Ғабдулланың әдеби білімі, әдеби, жан байлығы, сезім тазалығы ғажап ажарымен мөлдіреп көрінеді.

Мотыйғұлла хазірет Оралда «Жаңа ғасыр» журналын ашады (әуелі қолжазба түрінде). Ғабдулла оның жұмысына бар ынта-ықыласымен кіріседі. Онда өзінің шығармаларын жариялайды, толмаған беттерді өзі

толтырады, түскен материалдарды өзі қарайды, редакциялайды. Журнал 1905 жылы мамырда тоқтайды. Осы жылы Мотыйғұлла хазірет «Оралдық» («Уралец») деген газетті типографиясымен сатып алады. Ғабдулла сол газеттің типографиясында теруші болып жұмыс істейді. Газеттің шығармашылық ұжымымен де тығыз байланыста болады. 1905-1907 жылдары сонда ақынның бірқатар өлеңдері, өткір публицистикалық шығармалары жарияланды. Ғабдулла ақын әрі журналист ретінде танылды. Сонымен қатар ақын «Пікір» («Фикер») газетіне, «Уклар» журналына редакторлық етеді, өлең, мақала жазумен шұғылданады. М.Лермонтовтың, И.Крыловтың бірқатар шығармаларын татар тіліне аударады. Ақындық өнер, халық өлеңдері, сонымен қатар мемлекеттік думаның халі, думаға сайлау, ел ішіндегі партиялар, дінбасылар туралы ойлар айтады, қоғамдық сананың оянуына, жаңғыруына күш салады. 1907 жылдың қаңтарында Ғабдулла өзінің медреседегі оқуын тамамдағанын, ендігі шақта Оралдағы «Қазан» қонақ үйінде тұратынын «Фикер» газетінің бірінші санында жариялап, мекен-жайын көрсетеді. Осыдан бастап ол кәсіби шығармашылық еңбек жолына түседі. Оралдағы татар оқығандары Ғабдулланың ақындық, журналистік, аудармашылық талантын жоғары бағалап, құрмет көрсете бастайды. Сол тұстардағы танымал ақын Кәшшәф Патии Ғабдулланың ақындық өнеріне бек сүйініп, ізгі тілек білдірді.

1907 жылы сәуірде «Фикер» газетінде жарық көрген «Шайырларымыз» атты мақаласында автор татардың ғашықтық өлеңдеріне талдау жасай отырып, ондағы көркемдік кестеге, мағына мен мазмұн жүйесіне көңілі толмаған күйінен хабар береді. Қазақтардың ғашықтық өлеңдерінің үлгісі катарында мына мәтінді ұсынады:

Қарағым, айналайын, сіз қызғалдақ,
Сіздерге берген екен мал менен бақ.
Жапанда жалғыз жүріп қалғанымнан
Айрылған егізінен мен бір ылақ.
Көз көріп, қолым жетпей, күйінемін,
Мен де бір суда жүрген жалғыз шабақ.
Құрбының арманы не сізді құшқан,
Аузың бал, тілің шекер, қойның ұрмақ.
Ұрмақта хор қыздары жүрсе былай,
Солардай көйлек киіп, мінсең пырақ.
Жүзінді сағат сайын бір көрмесем,
Мен үйде тұра алмаймын жалғыссырап.

Ақын қазақтың осы өлеңін татардың өлеңдерінен әлдеқайда биік қояды. «Көрдіңіз бе? – дейді ақын. – Қазақ шайырлары өзінің сүйгенін қалай мақтай білген! Біздің татарлар

ақындық жағынан қазақтардан да артта қалғаны осыдан көрінеді» [6].

Мақаладан, ондағы талдаулар мен ойлардан автордың биік көркемдік, эстетикалық талғамы, әдеби білімі, теориялық дайындығы көзге түседі. Қазақ және татар ғашықтық жырларының табиғатын тамаша таразылайды. Жиырма жасқа толмаған жас талант үшін бұл үлкен жетістік екенінде сөз жоқ.

1907 жылы 9 июньде Ғабдулла Қазандағы баспагер Ғылметдин Шәріп деген кісіге баспадан бастырып шығару үшін өзінің өлеңдер жинағын жіберіп отырғанын жазады. Баспагер бұл кітапты сол жылы қарашада бастырып шығарады. Осы жылдың аяғына қарай Қазанда Ғабдулланың тағы бір кітабы («Шүрәллә») жарық көреді. Оралдың талантты жас ақынының аты енді Қазанда, Орынборда, Петербургте белгілі бола бастайды. Еліне, Қазанға қайту тілегі таланты ашылған жас қаламгерді қатты толғанысқа түсіреді. Ғабдулланың Оралда жазған жырларының бір тобы «Жырлар дәптері» деген атпен Қазанда Ғ.Ибрагимов атындағы институттың мұрағатында сақтаулы. Онда жиырма сегіз жыр болған. Бәрі автордың өз қолымен жазылған. Ортасында «Хан қызы» атты жыры жазылған бет жыртылып алынған [6]. Осы өлеңдер ақынның бес томдық шығармаларының екінші томында «Жырлар дәптері» деген атпен топтастырылып жарияланды. Айтылған жайлар Ғабдулланың шәкірт баладан азамат болып өскенге дейінгі өмір жолында, белгілі ақын болып қалыптасуында қазақтың Орал қаласының орны ерекше екендігін көрсетеді.

Орал ХХ ғасырдың басында тарихы бай, халқының көзі ашық, батыспен де, шығыспен де тығыз сауда-саттық, мәдени, саяси қатынас жолындағы өркениетті қала болатын. Пугачев көтерілісінің өрісі болған, Даль мен Пушкиннің жолы түсіп, арнайы келіп аялдаған, В.А.Жуковский, Лев Толстой тоқтаған көп ұлтты Орал қаласы саудагерлердің, қолөнершілердің, өнердің өнімді орталығы еді. Ғабдулла осы қалада оқып, білім алады, тәлім-тәрбие көреді, өседі, шығармашылықпен айналысады, қызмет етеді, таланты ашылып, дарынды ақын болып қалыптасады.

1905 жылғы революцияның ақырғы бір толқыны іспетті болған 1907 жылғы Үшінші июль оқиғасы Ғабдулланың көңілін қатты толқытады. Оның үстіне думадағы оңшыл депутаттардың парықсыз сөздері татар халқының тағдырына қауіп төндіруге бағытталған мазмұнымен құйындай ұйтқыды. Уфадан сайланған депутат Кәлимулла Хасанов думаның мамыр айындағы мәжілісінде мұсылман

мектептерінің жағдайының жамандығын, мемлекет тарапынан ешқандай көмек болмай отырғанын айтқанда, Пуришкевич, Сазанович және басқа депутаттар орындарынан өре тұрып, жұдырықтарын түйіп, татар халқының Ресей жерінен мүлде кетуін, Түркияге қоныс аударуын талап еткен еді. Бұл татар халқының көзі ашық азаматтарының, солардың ішінде Ғабдулланың да үлкен наразылығын, ашу-ызасын туғызды. Осы тұстағы көңіл күйі мен азаматтық ұстанымын жас ақын «Кетпейміз» деген өлеңінде оттай жанған, жалындай шалқыған сезіммен білдірді. Ақын осы өлеңінде қоғамның ішкі қайшылықтарын, бір-біріне дұшпан әлеуметтік топтар мен таптардың арақатынастарын, қазынаға қол салған сұғанақтар мен қайырымсыз байлардың, жаны аяулы жақсыны аңдып, тырнақ астынан кір іздеген патша жансыздарының, қылп еткенге қылыш сермеуге, қыңқ еткенге камшы сілтеуге дайын тұрған жазалаушы қолдың қалпын, бостандық пен құлдық жайын азаматтық биік тұрғыдан пайымдады, халықтың еркіндік, бостандық аңсаған рухын жалаудай желбіретіп, көкке көтерді.

1907 жылдың аяғына қарай Ғабдулла сегіз жасында панасыз жас бала шағында қалдырып кеткен туған еліне, сүйікті Қазан қаласына қазақ жерінен аты мәшһүр ақын, белгілі публицист, айтулы азамат болып оралады.

Қазанға келгеннен кейінгі жағдайы жайында ақын Г.Қариевке жазған хатында былай дейді: «Мен қазір Қазандамын. Оралда Қазан туралы сөйлей-сөйлей аузымның суы құрғап, ол жайлы жырлар жазушы едім. Енді осындамын. Мұнда көңілді. Достар, зиялылар көп, сөйлесеміз, кеңесеміз, оқимыз. Өзіміз де жазамыз» [7]. Осы хатында Ғабдулла Оралдың мұсылмандарының қараңғылығына жаны ашитынын аңғартады. Оралдың ескілігін, шағындығын айта отырып, Қазанның ауа райының өзінің денсаулығына аса жайлы болмағаны жайында бір ойдың ұшын шығарып қояды. Ғазиза апасына хатында Қазанға келгелі тағы бір өлең кітабын жазғанын айтады [8].

Оралдың ақын өміріндегі орны, маңызы қанша жоғары болды дегенімізбен, нағыз ұлт ақыны үшін өзінің ұлттық ортасынан, ұлттық әдебиеті мен мәдениетінің орталығынан тыс болу бақытсыздықпен парапар. Ғабдулланың Қазан туралы, Қазанға келгеннен кейінгі көңіл күйіндегі шалқыған сезімнің лебін осы тұрғыдан түсінген парыз. Отанына оралу ақынның шығармашылық, қоғамдық өмірінің жаңа белесінің, жаңа дәуірінің басы болды. Қазанда Ғабдулланың ақындық, азаматтық өмірінің маңызды да мәнді, жемісті кезеңі

басталды. Қазан университетінің оқытушылары, профессорлары, ғылыми кітапханасы, Қазанның әдеби, мәдени ортасы, шығармашылық айналасы білім іздеген, рухани азық іздеген талантты жан үшін есепсіз зор байлық, қымбат қазына еді.

Ғабдулла келгенге дейін Қазанда халық әдебиеті, балалар әдебиеті үлгілерін жинау, зерттеу ісі қолға алынбаған еді. Ол енді өзі үшін де, халқы үшін де қымбат, аяулы осы қазынаны ел игілігіне айналдыру жолында еңбектенді. Өлеңдері мен дастандарын, мақалаларын, публицистикасын жазумен қатар халық әдебиеті үлгілерін жинау, бастыру, насихаттау, зерттеу ісімен айналысты. Нәтижесінде 1907 жылдан 1913 жылға дейінгі аралықта халық әдебиеті бойынша төрт, балалар әдебиеті бойынша он үш, барлығы отыздан астам кітап дайындап, бастырып шығарды. Халық әдебиеті мәселелері бойынша зерттеу жүргізді, лекциялар оқыды. Халық әдебиеті үлгілері негізінде өлеңдер, дастандар жазды. Халық әдебиеті үлгілерін іріктеп, мектеп оқушыларына арналған оқу құралдарын, оқулықтарын дайындап шығарды.

Ғабдулланың асыл уақытының мектеп оқушыларына арналған кітаптарын дайындауға кетіп жатқанына өкініш білдерген Сағит деген тілектесіне жазған хатында Ғабдулла мынадай түсінік береді: «Мен мектептеріміздің менен жәрдем күткенін көрдім. Мен оған салқын қарай алмадым. Мектеп кітаптарын жаза бастадым. Мен жазған кітаптарымда (әлбетте, хрестоматия) орыстардың Пушкині, Лермонтовы, Аксаковы, Майковы, Плещееві және басқалары да көп болғанын құп көремін. Мен тәржіма еткен және пайдаға асқан шығармаларым татар мектебінде (маңыздылығы жағынан) бірінші орын алмақ. Осы іске мен өз ықтиярыммен кірістім. Бұған менің моральдық та, заңды да хақым бар еді. Иншалла, татар балаларының рухына пайдалы ықпалым болмақ» [9].

Хаттың өзегіндегі ең басты ой ақынның соңғы сөйлемінде. Ақын мектепте оқып жүрген татар балаларының рухының татар халық әдебиетінің негізінде, әлем классиктерінің шығармалырының асыл үлгісінде қалыптасқанына ерекше мән береді. Оны өзі үшін де, ел болашағы үшін де маңызы зор іс ретінде бағалайды. Ақынның ағартушылық, демократтық қызметінің жарқын бір қыры осы бағытта көрініс тапты.

«Халық әдебиеті» деп аталатын еңбегінде Ғабдулла өзінің әдеби білімінің молдығын көрсетті. Бұл еңбек әуелде 1910 жылы 15 сәуірде лекция түрінде оқылған. Осы еңбегінде ақын: «Халық жырлары - біздің бабаларымыз

қалдырған ең қадірлі және ең бағалы мирас» [10],- деп, биік пікір айтты. Кей тұстарда халық өлеңдерінің мазмұны мен пішініне өзінің көңілі толмайтынын да ашық білдіреді. Осындай пікіріне мысал ретінде ақын татар халық өлеңдерінің тобынан мына бір өлеңді келтіреді:

Қалпағым бар, шәлім жоқ
(Калфағым бар, шәлем юк),
Шәлі алдырмай халім жоқ
(Шәл алдырмый хәлем юк).
Сенен басқа сүйгенім жоқ
(Синнән башка сөйгәнем юк),
Сені алмай халім жоқ
(Сине алмый хәлем юк).

Ақын айтыс жайында да өз ойларын тереңнен таратып баяндайды. Татар халық әдебиетіндегі айтыс жанрының үлгілерін қазақ халық әдебиетіндегі айтыс жанрының үлгілерімен салыстырып пайымдайды. «Қазақ халқында болған бір-бірімен айтысып жырлау біздің халықта да бар,- деп жазады ақын. - қарама-қарсы жырласқанда, біздің халық бір-бірінің есімдерін жырға қосып, еш керексіз, мағынасыз сөздерді айтқандықтан, жырлары дәмсіз шыққан»[10].

Ақын халық әдебиетінің елдің рухани өміріндегі маңызын өте жоғары бағалайды. «Шын халық тілін, шын халық рухын бізге тек халық жырларынан ғана табуға болады» [10],- деген қорытындыға келеді. Бұл Ғабдулла Тоқайдың өз заманының қоғамдық ойынан озып барып білдірген биік эстетикалық көзқарасы еді.

Ақын Қазан айналасындағы, одан алыс жатқан халықтың тұрмыс-тіршілігін көріп, елінің қараңғылығына, надандығына жаны ауырады. 1908 жылы жазда Фатих Әмірханға хатында осындай жағдайда көргендері мен одан көңіліне түйгендерін жабырқап отырып жазады: «жетімдер, фақырлар, ашыққандар, ауылдан ауылға сатылып жүргендер, рақымсыз татар байларында малай болу... Бұл хал әбден тойдырды мені. Фатих Кәрімов Орынборға шақырған еді...» [11]. Халықтың өмірін, қайыршылық жағдайын өз көзімен көрген, солардың бәрін кезінде өз басынан өткізген ақын ойланбай, толғанбай тұра алмайды. Халқына қалай қамқар болудың, игілік жасаудың жолдарын іздестіреді.

1910 жылы 9 қарашада Сағит Сүйіншәліге жолдаған хатында елдің, өзінің жағдайына көңілі толмай: «Мен өзім тұрмыстан, оны түсінуден, ол туралы ойлаудан мүлде безіндім» [12],- деп жазды. Ал келесі жылдың наурызында Сағит Рәмиевке жолдаған хатында осы көңіл күйінен арыла алмай: «Көз алдым қараңғыланды, бар тұрмыстан, бар тірліктен және өзімнің қиялдарымнан толық үміт үздім» [13],-

деп, мұң шақты. Әрине, ақын мұны бір сәттік әсердің негізінде жазбағаны анық. Өзінің тұрмыс жағдайының ауырлығы, халықтың қайыршылық жағдайы, патша тыңшыларының тіміскі істері, байлықтың басын ұстағандардың қайырымсыздығы, биліктің басында жүргендердің зорлығы, кулық пен сұмдық ақынның ағартушылық, демократиялық көзқарасына, танымына мүлде қайшы еді. Осы қайшылық оны осындай торығуға дейін алып келеді. Әйтсе де ақын шығармашылықтан қол үзбейді. Өз шығармаларымен қатар осы жылда бірқатар аудармалар жасайды. М.Ю.Лермонтовтың «Пайғамбарын» татар тіліне аударады. Аудармасының шамадағыдай шыққанына көңілі толады, бірақ оны оқырмандарға ұсынуға батылы бармай отырған жайынан хабар береді [12]. 1911 жылы «Сөз өнерінің теориясы» сияқты еңбектің жасалмағанын айта отырып, ақындар үшін өлең құрылысының теориялық жүйесінің жоқтығына қарамастан, уәзін мен келісімдер түрліше болса да, терең мағына, гөзәл пішін керектігіне назар аударады [14]. Осы ойларына қарағанда, ақынның татар өлеңінің теориясын жасау туралы ниетте болғаны аңғарылады. Бұл ниет туған халқының әдебиеті мен өнерін шексіз сүйген, соның өркендеуі жолында бар күшін, білімін жұмсауға даяр, бірақ мүмкіншілігі шектеулі ғазиз жанның биік мұратынан хабар береді. Осы жылы Сағит Сүйіншәліге жазған басқа бір хатында ақын ерекше мәнді шығарма жазбақ ойда жүргенінен хабар береді. «Бір поэма хақында басымда түрлі қиялдар жүр. Ол - татарша, татар рухында, татар геройларыменен дүниеге бір «Евгений Онегин» алып келу. Алла не берер. Сен, қолыңнан келсе, тырысып көр. Мен де» [15]. Айтылған жайлар Ғабдулланың ойында бір емес, бірнеше шығармашылық ой өзегінің қатар пісіп-жетілгенін көрсетеді. Оның үстіне ол осы шығармашылық ойларын жасырмай, ақын досына айтады, айтып қана қоймай, оған өз көкейіндегі осы тақырыпта кесек туынды жазу туралы кеңес береді. Мұндай ұсыныстың, кеңестің негізінде де үлкен азаматтық, ірі кісілік жатыр деп білу парыз.

Ақын «Пеш үсті хиссасы» естелігінде («Бастан өткен бір іс») 1911 жылы күзде болған бір жайды баяндайды. Күзгі қара суықта ақын от жағылмаған суық пәтерде қатты тоңады. Осы күндердегі ахуалын ақын «Тоңушы» өлеңінде де баян етеді. От жағылмаған суық пәтерде тоңған ақынға безгек жабысады. Бойын жылыту үшін ыстық шәй ішеді. Бүкіл денесі жүріп келе жатқан пойыз секілді селкілдеп, дірілдегенде, шәй ішудің өзі қиынға айналады. Бірақ ақын қалтыраған қолымен кеседегі ыстық шәйін

үзбей ішіп, бой жылытуға тырысқан. Одан да медет болмаған жағдайда, бар киімін, көрпесін жамылып, бүркеніп жатуға мәжбүр болған. Осылай жатып жіпсіп, терлегенде ғана аурудың құрсауынан босанып, жан шақырған. Мұндайда аурудың азабы басылғанмен, өзі әбден қалжырып, сүлдесі құрып тұрар еді [16]. Ақын өзінің осындай жағдайына сабырмен қарауға дағдыланады. Сағит Сүйіншәліге хатында: «Ауруымның ұстамағанына бүгін сегізінші күн. Ауруыма қайғырмағаным секілді саламаттығыма да қуанбаймын. Бәрібір» [17]. Осындай халден қажыған ақын қысқа қарай ауылға кетеді.

1912 жылы 1 қаңтарда Ғылымдин Шәріпке жолдаған хатында ақын ауылға келгенін, Үшүйліден өзіне шағын бір үй берілгенін, күніне екі рет от жағылатынын, үйінің жылылығын айтады. Ертеменен жаңа сауған сүт ішеді. Біраз әлденіп, денсаулығы жақсарып қалады. Он бес күннің ішінде Қазанның қара суығында басынан өткен тауқыметтің бәрін ұмытқандай болады. Осы күні Ахмет Орманшиевке жолдаған хатында Грибоедовтың «Ақылдан азабы» мен Лермонтовтың «Толық шығармаларын» жіберу туралы өтініш білдіреді. Аурудың құрсауынан босанғандай болғанын сезінген ақын шығармашылық ізденіске түседі.

Біраздан соң ауылдан он шақырымдай жердегі базарлы ауылға барады. Сол жерде бір орыс шалдың үйіне түседі. Қасындағы серіктері базарға кеткенде, бұл үй иесінің қасында қалып қояды. Сол үйде денесі тоңазып, ауруы қайта белгі бере бастағанда, қожайын мұны пештің үстіне жатқызыды. Пеш үстінің жылылығынан ақынның тұла бойы балбырып, рахат күйге түседі. Осы күйіне бек разы болған ақын былай дейді: «Егер мен бай болсам, үй иесі қартқа оның пешінің үстінде жатқан уақытымның әр минутына бір теңге берер едім» [16]. Осылай рахат күй кешіп жатқанда, ақынның есіне ілгеріде бір жазған өлеңінің жолдары түседі. Онда ақын қартаймайтынын, қарт болып қарап отырмайтынын, Құдай қос көрсе, жылу іздеп пеш үстіне де шықпайтынын, керек қызуды шайырлықтан алатынын жазған екен. Енді пеш үстінде жылынып жатып, сол өлеңінің осы мағынадағы төрт жолын есіне алғанда, ақын өзінен-өзі күліп, былай дейді: «Иә, шайыр бір басқа да, дүниені айналдырушы шығыр бір басқа» («шигырь башка да, доньяны әйләндерүче чыгыр башка») [16].

Ғабдулла Үшүйліде біраз әл жинаған соң, сол жылы қыста Қазанға қайтып келеді. Қазанда жеке пәтер жалдап тұрады. Пәтердің қожайындары жайсыз келеді. Өзінің де жағдайы

болмайды. Одан басқа пәтерге көшеді. Осы жылы ақын Самараға, одан Уфа арқылы Петербургке келеді. Дәрігерлерге қаралады. Дәрігерлер Петербургтің ауа райы денсаулығына жайсыз екенін, елге қайтып, қымыз ішуі керектігін айтып, кеңес береді. Дәрігер Ғабдулланың денсаулығының жайын оның өзіне ашық айтпай, қасындағы достарына айтады. Олар дәрігердің сөзінен Ғабдулланың ағзаларының төрттен үш бөлігі туберкулез ауруынан тозғанын біледі. Ақын Питерде он үш күн болып, мамырдың басында Уфаға оралады, онда бірнеше күн демалып, Троицк қаласына келеді. Осы шақтағы жағдайына қарай ақын естелігінде («Мәкаләй махсуса») былай дейді: «...менің аурудан басқа ісім жоқ. Бір зор іс тындырып жүрген секілді әлдеқайда барып ауырып жүрмін. Ауылда ауырдым. Қазанда ауырдым. Самарда ауырдым. Уфада ауырдым. Патша тұрып жатқан шәһәр Петербургке барып ауырдым. Троицк халқы да көрмей қалмасын деп, мұнда да ауырдым» [18]. Ақын Троицкіден қазақ аулына келеді. «Қаланың қоқысынан, зауыттардың түтінінен, бұзылған ылғал ауадан қашып шығып, арбадан кемеге отырып, кемемен отарбаға ауысып жүріп әбден есім ауған мен бейшара, ақыры, бір рахатқа, тыныштыққа жетіп жығылдым, - деп, қымызды ауылға келгендегі көңіл күйін сүйініп сипаттайды. – Бұл - сахара. Бұл - қазақ жері. Әуелі «бисмилла» деп, шешініп тастадым. Даланың құрғақ ауасы. Сүт, қаймақ, жаңа ғана сауған саф саумал. Бүгін ғана сойылған малдың жас еті. Бәрі табиғи, бәрі алдаусыз» [18]. Қазақ даласының табиғи тазалығы, кеңшілігі мен молшылығы, қайырымы мен мейірімі ақынның жан сарайын жаздай жадыратады. Жарты әлемді шарлап, ойындағы жеріне шаршап жеткен ауру ақын алғашқы күнгі осы көңіл күйін өзінің «Оллаһи» атты өлеңінде көркем тілмен, шынайы шабытпен жеткізді. Қазақ даласына дертіне дауа, ауруына шипа іздеп келгендіктен, айналасына сүйіспеншілікпен, өмірге деген құштар сезіммен қарайды. Ауруына емді, дертіне дауаны қазақ даласынан табатындай үміт құшағында тербетіледі. Өлеңде суреттелген қазақ даласының саф ауасы, аспанда қазақтардың өзі секілді көшіп жүрген ақша бұлт, жайнаған жасыл жер, сайраған құстар, желпіп ескен самал жел – осылардың бәрі ақынның жабырқаған көңіліне, қажыған тәніне, шаршаған жанына жайлы әсер етеді. Ақын осындай жағдайда қазақ даласында екі айдан аса тұрады.

Ақын 1912 жылы жазда Ғылымдин Шәріпке былай деп жазды: «Мұнда хәлім жақсы, етке тоқ, қымызға қарық болып тұрмын.

Тройцкіден 25 шақырым жерде тұрамын. Екі қазақ үйінен басқа айналада көзге ештеңе көрінбейді. «Ауруым, тағы басталмаса, енді қайтты», - деп қараймын өзіме» [19].

Ғабдулла шілденің аяғында Қазанға қайтады. Қазанда ол қонақ үйде тұрып, ақын, жазушылармен, журналистермен, баспагерлермен қоян-қолтық, қызу жұмыс жасайды. Шығармашылық жолдағы зиялылармен бас қосып, әдебиет, мәдениет, білім, ел тұрмысы туралы пікір алмасады. Ағартушылық, демократиялық ойларын жүзеге асырудың жолдарын іздестіреді. Елдің, ел жастарының оқуына, білім алуына зор көңіл бөледі. Осы мақсатта журналдар, кітаптар шығару ісіне белсене араласады. Өзі де бірнеше кітап шығарады. «Жан азығы» атты өлеңдер жинағы жарық көреді. Мектеп балаларына арналған әдебиеттік оқу кітабы (хрестоматия) баспадан шығады. Күзге салым ақынның денсаулығы нашарлайды. Патша үкіметінің Қазандағы көзі мен құлақтары ақынның ниеттестері мен өзінің басқан іздерін аңдып, сондарына тыңшы салып қояды. Ауру айналдырып, дерт мендеген ақын қатты шаршап, шалдығады. Ұйқысы бұзылады. Сәл нәрсеге ашуланып, әр нәрсеге үрке қарайтын болады. Көңіліне үрей ұялайды. Әйтсе де ол шығармашылық жұмыстарын бір сәтке де тоқтатпайды. Меңдеген ауру, тұрмыс тауқыметі, толассыз еңбек, санаға салмақ салған сыртқы қысым нәтижесінде ақынның халі мүлде төмендеп кетеді.

1913 жылдың ақпанында Ғабдулла ауруханаға түседі. Аурухана емшілері ақынның жағдайын көріп, жанашырлық көрсетеді. Осы шақтағы жайының қаншалықты ауыр екендігін ақынның Фатих Әмірханға хатында көрініс тапқан мына сөздерден аңғаруға болады:

«Аурухана дәрігерлері маған:

-Ауруханаға неліктен ертерек келмедіңіз? - дейді. Мен оларға:

-Біз аурухананы өлімнің әуелгі стансасы деп білеміз. Аз да болса жарық дүниеде жүре тұрғым келгендіктен сөйттім, - деп жауап бердім» [20].

Ақынның сөзінен әзіл лебі сезілгендей болады. Әйтсе де онда шындық бар еді. Ақынның өз жағдайын жақсы білгенінде сөз жоқ. Сарқылуда таяған өмірінің әр сәтін шығармашылыққа арнады. Қолына қалам ұстауға күші барда, ақыл жарығы сөнбей тұрғанда шығармашылық мақсаттарын іс жүзіне асырып үлгеруге асықты. Өмірінің ақырғы сәті таянғанда, ақын осы ісінің нәтижесін көріп, көңілін демдегендей күй кешеді. Сол күйдің әсерімен ең соңғы мақаласында былай деп тебіренді: «... тыр жалаңаш қалып, талансам да,

тұрмыста бек қатты алдансам да, жасымаймын, Алла жол ашар әлі дедім... Алла жол ашты... Әй, жер жүзіндегі түркі баласы, ғалымсың ба, хәкімсің бе, падишамысың, қайыршымысың, енді кетерде мен сенен ұялмаспын, енді сен кім болсаң да, мен саған жазған кітабымды мақтана-мақтана ұсына аламын... Алла - тілекке жеткізуші» [21]. Осыдан көп ұзамай ақын дүние салды.

Татар халқының ұлы ақыны Ғабдулла Тоқайдың өмір жолы азапты жол болды. Сәби кезінен жабысқан жетімдік, жоқшылық, дерт оны өз құрсауынан бұл дүниеден өткенше шығармады. Сондай жағдайда, тұрмыстың қайғысы мен қасіретінің сазын толарсақтан кеше жүріп, жарығы мен жарқылы жаһанның жанарын жайқағандай жақұт жырлар жазды. Татар халқының әдеби тілінің негізін қалады. Татар халқының азаматтық, қоғамдық санасының жаңаруына ықпал етті. Татар әдебиетінің дамуына өлшеусіз зор еңбек сіңірді. Ауру күндерінің қайғысына күйінбегені, сау күндерінің тыныштығына сүйінбегені секілді жоқ күндеріне тарынбады, бар күндеріне табынбады. Мақтанға салынбады. Бәріне бірдей қарады. Бәріне төзді. Бәріне шыдады. Бұл дүниенің азабы мен мехнатынан ол өліп қана құтылды.

Алла рақым етсін Ғабдулла Тоқайдың рухына.

ӘДЕБИЕТ

1. Тукай Г. *Исемдә калганнар* // Тукай Г. *Әсәрләр*. 5 томда. – Том 5. -

Казан: Татар. кит. нәшр., 1986.

2. *Тормыш һәм ижат ельязмасы*. // Ғабдулла Тукай: *Тормыш һәм ижат ельязмасы*. - Казан: Татар. кит. нәшр., 2003.

3. *Апасы Сажидәгә хат (Уральск, 1902 ел)* // Тукай Г. *Әсәрләр*. 5 томда. – Том 5.

4. *Апасы Сажидәгә хат (Уральск, 1903 ел, 30 июнь)* // Тукай Г. *Әсәрләр*. 5 томда. – Том 5.

5. *Туганнары Абдулловларга хат (Уральск, 1904 ел, 26 апрель)* // Тукай Г. *Әсәрләр*. 5 томда. – Том 5.

6. *Тукай Г. Шигырьләремез* // Тукай Г. *Әсәрләр*. 5 томда. – Том 5.

7. *Тукай Г. Жырлар дәфтәре* // Тукай Г. *Әсәрләр*. 5 томда. – Том 2. *Шигырьләр. Поэмалар (1909-1913)*. - Казан: Татар. кит. нәшр., 1985.

8. *Ғабдулла Кариевкә хат (Казан, 1907 ел 30 декабрь)* // Тукай Г. *Әсәрләр*. 5 томда. – Том 5.

9. *Апасы Газизә Госмановага хат (Казан, 1908 ел, 27 март)* // Тукай Г. *Әсәрләр*. 5 томда. – Том 5.

10. *Тукай Г. Халык әдәбияты* // Тукай Г. *Әсәрләр*. 5 томда. – Том 4. - *Мәкаләләр. Хикәяләр. Фельетоннар (1907-1913)* - Казан: Татар. кит. нәшр., 1985.

11. *Фатих Әмирханга хат (Казан, 1908 ел, 13 март)* // Тукай Г. *Әсәрләр*. 5 томда. – Том 5.

12. *Сәғыйть Сүнчәләйгә хат (Казан, 1910 ел, 9 ноябрь)* // Тукай Г. *Әсәрләр*. 5 томда. – Том 5.


13. *Сәғыйть Рәмиевкә хат (Казан, 1911 ел, 4 март)* // Тукай Г. *Әсәрләр*. 5 томда. – Том 5.

14. Сәғыйть Сүнчәләйгә хат (Казан, 1911 ел, 1 гыйнвар) // Тукай Г. Әсәрләр. 5 томда. – Том 5.
15. Сәғыйть Сүнчәләйгә хат (Казан, 1911 ел, 4 март) // Тукай Г. Әсәрләр. 5 томда. – Том 5.
16. Мич башы кыйссасы // Тукай Г. Әсәрләр. 5 томда. – Том 5.
17. Сәғыйть Сүнчәләйгә хат (Казан, 1911 ел, 20 октябрь) // Тукай Г. Әсәрләр. 5 томда. – Том 5.
18. Тукай Г. Мәкаләй Махсуса // Тукай Г. Әсәрләр. 5 томда. – Том 5.


19. Гыйльметдин Шәрәфкә хат (Казан, 1912 ел, 1 гыйнвар) // Тукай Г. Әсәрләр. 5 томда. – Том 5.
20. Фатих Әмирханга хат (Казан, 1913 ел, февраль) // Тукай Г. Әсәрләр. 5 томда. – Том 5.
21. Тукай Г. Уянгач беренче эшем // Тукай Г. Әсәрләр. 5 томда. – Том 4.
22. <http://gabdullatukay.ru>

* * *

АБАЙ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖАҢА КІТАПТАРЫ



*А13 Абдикова К.Т.
Методические рекомендации разработаны в соответствии с Законом РК «Об образовании» от 27 июля 2007 года, приказом МОН РК №125 «Об утверждении Типовых правил проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся в высших учебных заведениях» от 18 марта 2008г., приказом МОН РК №427 «Требования к уровню подготовки магистров в рамках экспериментальных образовательных программ», «Требования к магистерской диссертации» от 22 июня 2005г.
Методическое пособие предназначено для магистрантов и преподавателей.*



*ББК 84.2
К 11
Мұсалы Л. Оқытудың инновациялық технологиялары (әдістемелік нұсқаулар). – Алматы; 2009. - 18б.
Әдістемелік нұсқауда оқыту үдерісінде ақпараттандыру құралдарын қолдану арқылы іске асатын инновациялық технологиялар, сабақ түрлері бойынша түсініктемелер берілген.
ЖОО ұстаздары мен жас оқытушыларға арналған.*



М. Мамбетова

АССОЦИАТИВТІК ЭКСПЕРИМЕНТ ПСИХОЛИНГВИСТИКАДАҒЫ НЕГІЗГІ ӘДІС РЕТІНДЕ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Ассоциативтік эксперимент туралы түсінік. Психолінгвистикадағы негізгі әдістер. Психолінгвистикадағы ассоциативтік эксперименттің әдіс ретіндегі орны мен маңызы.

Тірек сөздер: психолінгвистика, ассоциация, ассоциативтік эксперимент, ассоциативтік өріс.

М. Мамбетова

АССОЦИАТИВНЫЙ ЭКСПЕРИМЕНТ КАК ГЛАВНЫЙ МЕТОД В ПСИХОЛИНГВИСТИКЕ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Понятие об ассоциативном эксперименте. Основные методы в психолінгвистике. Роль и значение ассоциативного эксперимента психолінгвистике.

Ключевые слова: психолінгвистика, ассоциация, ассоциативный эксперимент, ассоциативная сфера.

М. Mambetova

ASSOCIATIVE EXPERIMENT AS THE MAIN METHOD IN PSYCHOLINGUISTICS

Abstract. The issues dealt in this article. The concept of associative experiment. Basic methods in psycholinguistics. The role and significance of the association experiment in psycholinguistics.

Keywords: psycholinguistics, the association, the association experiment, associative area.

Ассоциация латынның «associatio – біріктіру» деген сөзін білдіреді. Ассоциация – екі түрлі танымның өзара байланысы (сезіну, түсіну, ойлау, елестету қабілеттері арқылы жүзеге асады.). Бұл ұғым Платон мен Аристотель заманында пайда болғанмен, ассоциация деген ғылыми атауды XVII ғасырда Дж. Локк енгізген болатын. Ассоциация – жеке субъективті тәжірибеге негізделген белгілі объективті немесе құбылыс арасындағы байланыс. Ассоциативтік тәжірибеден субъектінің нәр алған мәдениеті мен өмірлік тәжірибесі байқалады. Ассоциация ұғымымен тығыз байланысты ғылымда ассоциативтік өріс ұғымы да бар. Ассоциативтік өріс – «тілдік бірліктердің жиынтығы, мазмұн ортақтығына қарай біріккен белгілеуші құбылыстардың ұғымдық, заттық және функционалдық

ұқсастығы. Ол ассоциациялы сөздердің, тірек-сөздердің төңірегінде берілуі ретінде түсініледі» [1, 183].

Кез келген лексикалық бірліктің ассоциативтік өрісі әлемнің тілдік бейнесімен тығыз байланысты. Сол себепті ассоциативтік өріс құрамын талдау ұлттардың дүние-танымынан, психологиясынан, тұрмыс-тіршілігінен, салт-дәстүрінен мол ақпарат алуға жол ашады. Сөздер арасындағы ассоциативтік қатынас психолінгвистикалық эксперименттер барысында анықталады. Эксперимент тірек-сөзге байланысты ойға түскен барлық сөздерді жазып алуға негізделеді. Нәтижесінде алынған сөздер тобы ассоциативтік өріс деп аталады. Оның құрамы, экспериментке түсушілердің анықтауы бойынша тірек-сөзге қатысты ассоциативтік өріс құрайтын ортақ байланыстылық деңгейін

анықтайды. Ассоциативтік мағына ұғымы адамда сөз бен ой арқылы түзілетін байланыстар мен қатынастардың терең үлгілерін, арнайы ішкі құрылымын табу барысында, адамзаттың сан қырлы тәжірибесінің танымдық тұрғыдан ұйымдастырылуы негізінде қалыптасады. Сондықтан ассоциативтік мағына сөздің ассоциативтік байланыстарын талдау арқылы анықталады.

Ассоциативтік эксперимент – ХХ ғ. басында К.Г. Юнг және онымен бірге М. Вергеймер мен Д. Кляйн ұсынған тұлға мотивациясын зерттеудің айрықша проективтік әдісін білдіру үшін психологияда бекітілген термин. Эксперименттің қарапайым түрі: тәжірибеден өтетін адам белгілі бір ақиқат дүниені таныту үшін қолданған тірек-сөздердің жинағын, бір типті ассоциациялардың жиілігін, ақиқат дүниеге деген адамның реакциясы мен құлқын білу. Реципиент тірек-сөздердің белгілі бір жиынтығына неғұрлым тез ойына келген сөзбен жауап беруі тиіс. Сөйтіп, туындаған ассоциациялар олардың типі, бірыңғай ассоциациялардың жиілігі бойынша, тірек-сөз бен респондент арасындағы уақытпен белгіленіп, мінез-құлық және физиологиялық реакция тіркеледі. Бұл деректердің негізінде жасырын респонденттердің әуестігі мен «аффективтік комплекстері» туралы қорытынды жасалады. Бұл әдістеме ары қарай А.Р. Лурияның зерттеулерінде дамыды, ол «түйіндес моторлық әдістемені» ұсынды, онда респондент ауызша жауаппен бірге екі қолымен белгілі бір қимылдар жасауы керек. Сонда қозғалыс координациясын талдау тәжірибеден өтуші адамның аффективтік реакциялары диагностикасының мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік береді. Ассоциативтік эксперименттің еркін, бағытталған, тізбекті түрлері бар.

Ассоциативтік эксперимент жауаптарын талдауда ең алдымен синтагматикалық және парадигматикалық ассоциациялар айқындалады. Ассоциативтік эксперимент психолингвистикада, психологияда, әлеуметтануда, психиатрияда кеңінен қолданылады.

«Словарь лингвистических терминов» сөздігінде ассоциацияны «Тілдік бірліктерді формалды және қисындық-мағыналық белгілері бойынша біріктіру (топтау)» деп анықтайды [2, 58]. Сөздің ассоциативтік байланысы ассоциативтік эксперимент негізінде анықталады. Ал ассоциативтік эксперимент – сөздің психологиялық мағынасын зерттейтін, жеке тұлғаның тәжірибесі негізінде жинақталған ассоциацияларды анықтауға бағытталған тәсіл.

Еркін ассоциативтік экспериментке ешқандай шектеулер болмайды, ол жауап

көңілінен шығу. Жақсы аудармалар, әлбетте, баршылық. Осы орайда ойыма келгендер: Майра Жанұзақова, Бақытжан Қанапьянов, Қайрат Бақбергенов, Кеңес Юсупов, Әбілмәжін Жұмабаев.

16 Аударылған шығарма төлтума шығармадай қабылдануы тиіс пе әлде оның аударма шығарма екені сезіліп тұруы қажет пе? Әрине, әсері төлтумаға жақын болғаны абзал, бірақ ұлттық болуы, нақышы, сөз саптау ерекшелігі, иісі сезіліп тұрғаны жөн сияқты. Онсыз аударма жасанды я өлі дүние болып шықпай ма?

17 Аудармаларыңыздың редакторларына көңіліңіз тола ма?

20-30 жыл бұрын тәуір редакторлар болушы еді. Олар автор мен де, аудармашы мен де жұмыс істей алатын. Бүгінде редактор да, корректор да жоқтың қасы. Жаппай сауатсыздық етек алып кеткен заманға тап болдық.

18 Аударма сынына қалай қарайсыз? Сын арқылы қандай жетістіктерге жеттім деп ойлайсыз?

Аударма сыны тіпті құлдырап кетті. Екі-үш тілді еркін меңгеріп, ұлағатты пікір айтатын сыншыны бүгінде таба алмайсыз. Білгір адамның сынын, әлбетте, шынайылықпен қабылдаймын.

19 Қандай аудармаларыңыз ұзақ уақыт пен көп күш-жігерді талап етті?


Көп күш-жігер мен ұзақ уақыт талап еткен шығармалар – Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер», «Соңғы парызы», Ә. Кекілбайдың «Елең-алаң» атты тарихи романы, Д. Досжанның «Жібек жолы» романы. Бұл аса күрделі шығармаларды тәржімалауда көп ізденуге тура келді.

20 Қазақ аударма өнерінің бүгінгі жағдайы туралы ойларыңыз.

Қазақ аударма өнерінің бүгінгі хал-ахуалы мүшкіл сияқты. Орыс тілі мен шет ел тілдеріне қазақ шығармалары тым аз шығады. Өз қотырымызды өзіміз қасумен жүрміз. Аударма өресі тарылып келеді. Бұрынғы биігімізден төмендедік. Кәсіби деңгейіміз көңілден шықпайды. Аудармашылар, әсіресе қазақ тіліне шорқақ. Білімділер, аудармаға икемі барлар ақшалы жерлерді төңіректеп жүр. Аударма бұл заманда ешкімді асырамайды. Сұраныс та пәлендей емес. Аударма машақаты көп, несібесі аз шаруаға айналды. Бұл тығырықтан шығудың жолы маған беймәлім.

* * *

ҚОҒАМТАНУ



Б. Кәрібаев

ТӘУКЕ ХАН

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Тәуке ханның жеке басы мен ел билеу жүйесі. Тәуке хан туралы дерек көздері. Тәуке хан тұсындағы қазақ хандығы. Тірек сөздер: Тәуке хан, қазақ хандығы, билеу жүйесі.

Б. Карыбаев

ТАУКЕ ХАН

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Личность Тауке хана и система управления страны. Источники о Тауке хане. Казахская ханства во времена Тауке хана. Ключевые слова: Тауке хан, казахская ханства, система управления.

B. Karibaev

TAUKE KHAN

Abstract. The issues dealt in this article. Personality of Tauke Khan and control system of the country. Sources of Tauke Khan. Kazakh Khanate during Tauke Khan. Keywords: Tauke khan, the Kazakh Khanate, the system management

Тәуке хан – қазақ халқының тарихи санасында өзінің кемеңгерлігімен, даналығымен, ақылдылығымен, әділдігімен, бітімгерлігімен сақталған хандарымыздың бірі. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде Тәуке ханның осындай қасиеттерін ашып көрсететін тарихи аңыз-әңгімелер жетіп артылады. Осыдан 200 жылдай бұрын Тәуке хан туралы ел аузынан естіген материалдарын жинақтай келе, қазақ тарихы туралы тұңғыш көлемді еңбек жазған А.И.Левшин оның тарихи тұлғасына мынадай сипаттама берген болатын: «Ол бірнеше жылдарға созылған қантөгіс соғыстарды тоқтатып, өзара қырқысуларды тыныштандырды, ол өзінің ақылымен және әділеттілігімен басқаларды бағындыра білді, ол мықтыларды тыныштандырып, әлсіздерді біріктіру арқылы күштілерге қарсы тұра алатындай етті, ол жалпыға ортақ заң шығарып, сол заңмен өмір сүргізді, қазіргі күнде ол заң қазақтардың есінде сақталған»[1]. Ауыз әдебиетінің материалдары мен жазба дерек мәліметтеріне сүйенген еліміздің тарихшылары да Тәуке ханның жеке басының қасиеттері мен билік құрған жылдарындағы жүргізген сая-

сатына оң бағалар береді. Қазіргі күнде тарихи білімдерге деген сұраныстардың артуына байланысты ежелгі және орта ғасыр-ларда Қазақстан аумағында өмір сүрген тарихи тұлғалардың өмірі мен қоғамдық қызметтері, тарихи бейнелері қалың көпшілікті қызықтырып отырғаны белгілі. Осыған сай, біз төменде қазіргі күнде тарих ғылымына кең танылған және сирек кездесетін тарихи материалдарға сүйене отырып, Тәуке ханның қазақ тарихында алатын орны мен өзіндік тарихи бейнесін ашып көрсетуге тырысалық.

Қазақстан тарихының кейінгі орта ғасырлық кезеңі хандық дәуір деп аталынып, ол XV ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың алғашқы 30 жылы аралығын қамтитыны белгілі. Бір орталықтан басқарылған осы кезеңдегі Қазақ мемлекетінде он жеті хан билік құрған екен. Ол хандардың бірі – хандықтың негізін қалаушы ретінде, ал екінші бір тобы – хандықты күшейтуші, нығайтушы ретінде, ал келесі бір тобы – хандықты әлсіретіп алушы ретінде тарихта қалғаны баршаға мәлім. Ал Тәуке ханның рөлі қандай болған деген сауалға келсек, біз оны қазақ тарихының хандық

дәуірдегі ең соңғы ханы және қазақ мемлекеттілігінің, халқының тұтастығы мен бірлігін сақтау үшін күрес жүргізіп, «Жеті жарғы» атты заңдар жинағын енгізген кемеңгер әрі әділетті билеуші ретінде тарихта қалған деп санаймыз. Егерде хандық дәуірдегі хандардың бәрін жүргізген саясаты мен жеке басындағы ерекше қасиеттеріне қарай топтастырсақ, онда Тәуке ханның есімі Керей мен Жәнібек хандардың, Бұрындық, Қасым, Хакназар, Тәуекел, Есім, Жәңгір хандардың есімдерімен бірге бір қатардан ешбір талассыз орын алған болар еді.

Тәуке хан – XV–XVIII ғасырлардағы қазақ хандары әулетінің өкілі, оның арғы шыққан тегі Шыңғыс ханнан, Жошы ханнан бастау алады. Біз бұған дейінгі Есім хан, Жәңгір хандардың тарихи рөліне арналған жұмыстарымызда қазақ хандарының шыққан тегі жөнінде біршама толығырақ айтып өткендіктен бұл жерде оның бәрін қайталап жатпай, тек олар туралы өте қысқаша түрде атап өтуді жөн көріп отырмыз.

Тәуке ханның шығу тегін ортағасырлық жазба дерек мәліметтеріне сүйене отыра былайша көрсетуге болады: Шыңғыс хан → Жошы хан → Ордаежен → Сартақтай → Қоныша → Баян → Сасыбұқа → Ерзен → Шымтай → Орыс хан → Қойыршақ → Барақ хан → Жәнібек хан → Жәдік → Шығай хан → Есім хан → Жәңгір хан → Тәуке хан [2]. Шыңғыс ханмен Жошы ханның есімдері әлемге әйгілі, олар туралы деректер де, зерттеулер де жеткілікті, бірінші тұлға – Моңғол империясының негізін қаласа, екіншісі – Жошы Ұлысы деп аталған XIII ғасыр басындағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағының билеушісі. Ал Ордаеженнен бастап Барақ ханға дейінгі тұлғалар – XIII-XV ғасырларда Қазақстан аумағында өмір сүрген Ордаежен Ұлысы, оның тікелей жалғасы болып келетін Ақ Орда атты мемлекеттің билеушілері болған. Ал Жәнібек ханның туысы Керей ханмен бірге Қазақ хандығының іргетасын қалағанын қалың жұртшылық жақсы біледі. Тәуке ханның төртінші атасы Жәдік – бүкіл қазақтың ханы болмаса да жазба дерек мәліметінде оның есімі жанына «хан» лауазымы қосылып жазылады [3]. Біз бұл жөніндегі ойларымызды бұған дейін жазылған «Есім хан», «Жәңгір хан» атты жұмыстарымызда айтып өткенбіз. Бірақ әр жұмыс жеке болғандықтан Жәдікке қатысты ой-пікірлерімізді осы жерде тағы да айта кетуді жөн көріп отырмыз.

Жәдік сұлтан – Жәнібек ханның тоғыз ұлының бірі, өмір сүрген жылдарын шамамен XV ғасырдың II жартысы мен XVI ғасырдың 30-

шы жылдары аралығы деуге болады. Жазба деректер ішінде ол туралы тек Қадырғали Жалайыр ғана тәуір деректер береді. Ол Жәдік туралы мынадай мәліметтерді баян етеді. «Жәдік хан. Қасым хан заманында белгілі еді. Шағым мырзамен соғысып, Жыланды төбеде бір ұлымен бірге шаһит болды. Оның қабірі Үргеніштегі Бақырған атада жатыр. Сонда жерленген еді. Жәдік ханның көптеген әйелдері мен күндері болды, оның балалары да көп еді. Оның аса әйгілі даңқты ұлдары: Тоғұм хан, Бөкей сұлтан, Шығай хан, Мәлік сұлтан. Соңғы екеуінің шешесі Абайқан бегім еді» [4] Осы мәліметінде Қадырғали Жалайыр Жәдікті екі рет «хан» лауазымымен атап өтеді. Соған қарағанда ол қазақ ұлыстарының бірінде хан болған деп санаймыз. Ал қаза тапқан жылдарына келсек, ол кезең – Қазақ хандығының тарихында «уақытша әлсіреу» кезеңі деп аталатын 1520-1530 жылдарға сай келеді. Осы кезеңде Жағат уалаяты мен шекарадағы соғыстардың бірінде Жәдіктің немересі Башыбек сұлтан 37 қазақ сұлтанымен бірге қаза тапса, Бұйдаш хан 24 қазақ сұлтанымен бірге Ташкент билеушісі Дербіс ханмен соғыста шаһит болады [5]. Дәл осы жылдары ноғайлармен болған соғыстардың бірінде Ахмет хан (Қожа Ахмет хан) 15 сұлтанмен бірге тұтқынға түсіп, Орақ батырдың қолынан өлім құшады [6]. Қазақ тарихындағы осындай ауыр кезеңде ел үшін, жер үшін Жәдік те жауларымен соғыста қаза тапқан. Тәуке ханның үшінші атасы Шығай ханға келсек, оның Хакназар ханнан кейін 1580-1582 жылдары бүкіл қазақтың ханы болғаны белгілі. Тарихи әдебиеттерде Шығайдың әбден қартайған шағында хан болғандығы айтылады. Ал оның кәрілікке дейінгі өмірі жайында айтыла бермейді. Қадырғали Жалайыр оның жастық кезеңі жайында былай деп баяндайды: «Шығай ханның хикаясы әрқашан оның батырлығымен мәлім, мәшһүр болды» [7].

Шығай хан билікке келген жылы жасы шамамен 80-нің ар жақ, бер жағында болса, онда оны XVI ғасырдың алғашқы жылдары дүниеге келген деуге болады. XVI ғасырдың 30-шы жылдарындағы қиын кезеңде аман қалған сұлтандардың бірі – осы Шығай хан болды. Қадырғали Жалайырдың жазғанындай, оның «даңқы мен батырлығы» осы кезеңде көрініп, бүкіл қазақ жеріне таралып кетеді. Ол 40 жылдан аса уақыт бойы Хакназар ханмен бірге елдің қисайған туын тіктеуге, сөгілген іргені бекітуге күш салады. XVI ғасырдың 40-80 жылдарындағы тарихи оқиғаларды баяндайтын жазба деректерде Шығай ханның есімі үнемі Хакназар ханның есімімен қатар айтылып

отырады. Шығай хан артында көптеген ұрпақтар қалдырып, 1582 жылы қайтыс болады. Оның денесі Бұхара түбіндегі Күміскент қалашығында Әли атаның қабірі жанына жерленгендігін тағы да Қадырғали Жалайыр баяндап береді [8].

Ал енді Тәуке ханның атасы Есім ханға келсек, ол Шығай ханның он шақты ұлдарының үлкендері қатарына жатады. Тәуекел хан, Сұлтан Сабырбек ханым және Есім хан үшеуі бір анадан туған. Анасының есімі шағатайлық Яхшим ханым. Шығай ханнан кейін билікке Тәуекел, ал одан кейін 1598 жылы Есімнің таққа отырғаны белгілі. Ол шамамен 1617-18 жылдары Ташкенттегі қазақ билеушісі Тұрсын ханмен болған талас-тартыстарда жеңіліс тауып, Шығыс Түркістандағы шағатайлық хандарға кетеді. Ол жақта 6 жыл болып, 1623/24 жылы туған еліне қайтып оралады. 1627 жылы Тұрсын ханды өлтіріп, тақты қайта иеленеді. Бірақ көп ұзамай, 1628 жылы Есім хан қайтыс болады. Денесі Түркістандағы Қожа Ахмет Йассауи кесенесінің жанына қойылған.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінде Есім ханды «Еңсегей бойлы Ер Есім» деп атаса, оның енгізген заңдарын «Есім ханның ескі жолы» деп атайды. Егерде Есім ханға дейін Қазақ хандығының ресми астанасы нақтыланбай, Сырдария өзенінің орта ағысы бойындағы Сауран, Сығанақ, Отырар, Йасы қалалары астана міндетін алма-кезек атқарып келсе, Есім ханнан бастап қазақтың ресми астанасы рөлін Йасы қаласы атқара бастайды да, қала жаңа атауға – Түркістан атауына ие болады. Сондай-ақ Есім ханнан бастап қазақтың ресми хандары мен билері, дін басылары, жалпы алғанда бүкіл қазақ еліне атақ-даңқы жайылған, есімі елге кең тараған тұлғалар Түркістандағы Қожа Ахмет Йассауи кесенесінің жанына жерлене бастайды. Ал Есім ханға дейінгі қазақ хандарының ата-бабаларының Сауранда, Сығанақта, Сарайшықта, Үргеніште, Бұқара маңындағы Күміскентте жерленгендігін ескерсек, Тәуке хан атасының Түркістанда жерленуі қазақ мемлекеттілігінің дамуы мен нығаюына, қаланың саяси-әкімшілік орталық ретіндегі маңызының өсуіне, биліктің тұрақты болуына негіз қалағандығын көреміз.

Енді Тәуке ханның әкесі Жәңгір хан туралы да қысқаша тоқтала кетейік. Жәңгір хан – Есім ханның тарихта белгілі үш ұлының бірі [9]. Есім ханның үлкен ұлы Жәнібек хан, екіншісі – Жәңгір хан, ал үшіншісі – Сырдақ сұлтан. Т.И. Сұлтановтың пікірі бойынша, Есім ханның үлкен ұлы Жәнібек ХҮІІ ғасырдың 30 - жылдарының басында хан тағына отырып, ойрат тайшыларымен көп соғысады және ХҮІІ

ғасырдың 40 - жылдарының басында кезекті бір шайқастың бірінде қаза тапқан [10]. Ал Сырдақ сұлтаннан Хұсрау сұлтан деген ұл туып, одан тарихта белгілі Қайып хан дүниеге келген.

Жәңгір хан өмірінің көп бөлігі шығыстағы жоңғарлармен соғыста өткен. Әкесі Есім хан қайтыс болғаннан кейін ағасы Жәнібек хан тағына отырады да, Жәңгір сұлтан лауазымымен қазақ қоғамының сыртқы саяси өміріне белсене араласады. Шамамен 1635 жылы ол жоңғар тұтқынына түсіп, одан еліне аман-сау қайтып оралады. 1643 жылы аз санды әскермен Батыр қонтайшының көп санды әскеріне қарсы шығып, жоңғар әскерін кері қайтуға мәжбүрлейді. 1643-1652 жылдары қазақтың ханы болып, жоңғарлардың қазақ еліне баса-көктеп кіруіне қарсы тұрады. Ақыры 1652 жылғы шайқастың бірінде қаза табады. Сүйегі Қожа Ахмет Йассауи кесенесінің жанына жерленген.

Осылайша, Тәуке ханның шығу тегі мен ата-бабалары туралы тарихи шолуымызды аяқтай келе, мынадай тұжырымдарға келеміз. Біріншіден, Тәуке ханның арғы тегі Шыңғысхан және оның үлкен ұлы Жошыдан бастау алып, ХІІІ-ХҮ ғ. Қазақстан аумағында саяси билікті иеленген Ордаежен әулетінің өкілдері болған. Екіншіден, Тәуке ханның Жәнібек ханнан Жәңгір ханға дейінгі бергі аталары Қазақ хандығының негізін қалап, оны нығайтқан, іргесін бекітіп, туын жоғары тіктеген, ел мен жер үшін күресіп, қазақ мемлекеттілігін ұрпақтарына дейін жеткізген тарихи тұлғалар болған. Өз кезегінде Тәуке хан да ата-бабасының осы жолын лайықты жалғастырып, қазақ халқының тарихи санасына өте жақсы жағымен сақталып қалады.

Енді Тәуке ханның тікелей өзіне келейік.

Тәуке ханның толық есімі – Тәуекел-Мұхаммед батыр хан [11]. Ш. Құдайбердіұлы Тәуке ханды Жәңгір ханның қалмақ әйелінен туған ұлы деп жазады [12]. Тәукенің қайтыс болған жылы мен сол тұстағы жасын мөлшерлей келе, оны шамамен 1635 жылдан кейін дүниеге келген деуге болады. Осы жылы оның әкесі Жәңгірдің жоңғар тұтқынында болғанын, одан аман-сау оралғанын және Батыр қонтайшының Жоңғариядағы басты қарсыласы Хүндүлен тайшының Жәңгірді ұлым деп айтуына қарап, осындай ой түюге болады. Тәукемен қатар Жәңгірдің бірнеше ұлы болған. Шах Махмұд Чорастың дерегінде Жәңгір ханның Тәуке және Абақ деген екі ұлы болғандығы, Абақ сұлтанның үлкен ұл екендігі айтылады [13]. Т.И. Сұлтанов Абақ сұлтанның есімін нақтылап, – Аппақ сұлтан деп түсіндіреді [14]. Ал Шәкәрімнің еңбегінде Жәңгір ханның екі ұлы болғандығы, біріншісі – Тәуке, ал

екіншісі – Үргеніштегі Ғайып ханның қызынан туған Уәлибақи. Жәңгірдің орнына Тәуке хан болғанда хандыққа өкпелеп Уәлибақи Ғайып ханға кетіп еді», - деп жазады Ш. Құдайбердіұлы [15].

XVIII ғасырда осы Уәлибақидың тұқымынан атақты Абылай хан шығады. Ал Абақ (Аппақ сұлтан) сұлтанның ұрпақтары жөнінде әзірге ешқандай мәліметтер жоқ.

Тәуке ханның есімі жазба деректерде алғаш рет 1650 жылдардың басында кездесе бастайды. Осы жылдары Жәңгір хан жоңғарларға қарсы күресу үшін Шығыс Түркістандағы шағатайлық билеушілерге бірнеше рет елшілік жібереді. Сондай елшіліктің құрамында жас Тәуке сұлтан да Шығыс Түркістанға барып қайтады [16]. Бұл кезде Тәукенің жасы әлі 20-ға да толмаған болатын. Жәңгір ханның жап-жас Тәукені елшілік құрамына қосудың ұлын мемлекеттік маңызды істерге жас шағынан баулуы деп қабылдаған жөн.

Жәңгір ханның 1652 жылы жоңғарлармен шайқаста қаза тапқандығы белгілі. Ал Тәуке ханның билікке келген кезін тарихшылардың бәрі дерлік және академиялық басылымдар 1680 жыл деп көрсетеді [17]. Бұл мәселе бойынша Т.И. Сұлтанов өте байқампаздық көрсетіп, оның әлі көмескі тұстары бар екенін аңғартады. Ол бұған қатысты пікірін былайша тұжырымдайды: «Тәуке хан әкесінен кейін бірден билікке келді ме, жоқ па, белгісіз» [18]. Ал кеңестік кезеңдегі және қазіргі кезеңдегі академиялық басылымдар бұл мәселеден айналып өтеді. Олардың материалдарында 1652 жылы Жәңгірдің қаза тапқаны және 1680 жылдан бастап оның ұлы Тәукенің хан болғандығы жайлы айтылады да, екі ортадағы 28 жылдағы тарих жабулы күйінде қалдырылады [19]. Бұл мәселе Тәуке ханға қатысты болғандықтан, біз төменде осыған қатысты өзіндік ой-пікірлерімізді оқырмандар назарына ұсыналық.

Алдыменен Жәңгір хан қаза тапқан жыл тұсындағы қазақ қоғамының ішкі саяси өміріне назар аударайық. Бұған дейін айтып өткеніміздей, 1652 жылы Жәңгір ханның ұлдары 20 мен 30 жастың айналасында болатын. Ал Шығай әулетінен тараған хан тағына үміткерлердің өзі жетерліктей еді. Шығай ханнан Ондан сұлтан, Тәуекел хан, Есім хан, Шахмұхаммед сұлтан, Әли сұлтан, Сұлым сұлтан, Ибрагим, Шәкім, Көмек, Абылай және Әбусейіт атты ұлдардың тарағаны белгілі. Осылардың әрқайсысында 4-5 ұл болды дегеннің өзінде Жәңгір хан секілді таққа үміткерлер саны 40-50-ден асар еді. Ал осылардың әрқайсысында тағы да 3-4-тен бала

болған десек, Жәңгір ханнан кейін тақты иеленуге құқы барлардың саны 100-150-ге жететін. Тәуке солардың бірі және жас жағынан алғанда кішісі болатын. Жәңгір ханның ағасы Жәнібек ханның ұлдары және інісі Сырдақ сұлтанның өзі немесе ұлдарының билікті иеленуге толық құқы болды. Өкінішке орай, сол тұстағы жағдайды көрсететін жазба деректер болмағандықтан, біз тек осындай ой-болжамдар ғана айта аламыз.

Ал Шәкәрімнің еңбегіндегі осыған қатысты матриалдардан, біз Жәңгір ханнан кейін тақ үшін талас-тартыстардың болғандығына көз жетземіз. Онда «Жәңгірдікі орнына әз-Тәуке хан болғанда, хандыққа өкпелеп Уәлибақи Ғайып ханға кетіп еді», - деп айтылады [20]. Автор бұл дерегін қайдан алғандығын көрсетпесе де, ол өте жеңіл түрде айтылған мәліметке жатады. Тақ үшін, билік үшін таластардың жеңіл болмайтыны белгілі. «Өкпелеп кетті» деген мәліметтің астарына үңілсек, көп жағдайды аңғаруға болады. Күрес, таластар тақ үшін болғандықтан, «өкпелеп кетті» деген сөздің орнына «жеңіліс тауып қашып кетті» деген сөздерді қосуға болады. А.И. Левшиннің бұған дейін Тәуке хан туралы келтірген мәліметін осы жерде тағы келтіруге тура келеді. «... Ол (Тәукені айтып отыр. – Б.К.) өзара қырқыстардан кейін халықты тыныштандырды, ол тайпалар арасында бірнеше жылдарға созылған қантөгістерді тоқтатты, жұрттың бәрін ақылымен және әділдігімен өзіне бағындыра білді...» [21]. Шәкәрімнің де, А.И. Левшиннің де материалдарына тереңірек талдаулар жасау арқылы Тәуке хан билікке келгенге дейін қазақ қоғамында тақ үшін кәдімгідей талас-тартыстардың болғандығын, ру-тайпалар арасында да жанжалдардың өршігендігін көруге болады. А.И. Левшин осы талас-тартыстардың ұзақтығын «бірнеше жылдар» деп жазса, біздің ойымызша ол 28 жылға, яғни Жәңгір хан қаза тапқан 1652 жылдан Тәуке хан билікке келген 1680 жылға дейін созылған. Тек Тәуке ханның билікке келуі мен жүргізген саясаты ғана ел ішіндегі барлық талас-тартыстар мен қантөгістерді, бітпейтін дау-жанжалдар мен өзара қырқыстарды тоқтатады. Сөйтіп, ел ішінде тыныш өмір қалыптасады. Салыстырмалы түрде алсақ, Тәуке ханға дейінгі 28 жыл бойғы қантөгіс қырқыстарға қарағанда Тәуке хан тұсында қалыптасқан бейбіт, тыныш өмір «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» болып саналады.

Ал енді осы 28 жыл бойғы өзара қырқысу кезеңі қазақ елімен көршілес елдердің тарихында, оның ішінде олардың қазақтармен қарым-қатынасында қалай көрініс береді, неге

олардың тарихында осы кезеңдегі қазақ хандарының есімдері аталмайды деген сұрақтарға жауаптар іздестіріп көрелік.

Осы кезең ішіндегі қазақ – жоңғар қарым-қатынасына назар аударсақ, деректерде екі жақтан да бір-біріне қарсы бағытталған әскери жорықтар, ұрыстар мен шайқастар жөнінде ешқандай мәліметтер айтылмайды. 1653 жылы Батыр қонтайшы қайтыс болғаннан кейін оның үлкен ұлдары мен кіші ұлдары арасында тақ үшін талас-тартыстар басталып кетеді де, ол күрес бүкіл жоңғар қоғамындағы белгілі тайшылар мен батырларды екіге бөліп жібереді. Көп ұзамай билікке кіші ұлдар тобын басқарған Сенге қонтайшы келеді, бірақ ол ішкі өзара алауыздықтарды тоқтата алмайды. Ақыры 1670 жылдың соңына таман Батыр қонтайшының үлкен ұлдары – Цецен тайшы мен Цзотба батыр інілері Сенгені өлтіреді. Сенгенің орнына таққа отырған оның кіші інісі Галданның алғашқы саясаты – ағасы үшін үлкен ағаларынан кек алуға бағытталды. Сондай-ақ ол Жоңғариядағы кейбір тайшылардың дербестігін жоюға, ішкі алауыздықтарды реттеуге, жалпы алғанда, билікті орталықтандыруға күш салады. XVII ғасырдың 70 жылдарының соңына таман ғана Галдан Жоңғариядағы негізгі қарсыластарын жеңіп, орталық билікті нығайта алады. Осылайша, ішкі саяси жағдайды ретке келтіргеннен кейін ғана Галдан көрші елдерге көз аларта бастайды [22]. Оның басқа көрші елдерге жасаған жорықтары секілді, қазақтарға жорығы XVII ғасырдың 80 жылдарынан басталады. Бұл кезде қазақ ханы - Тәуке хан болатын. Ол кездегі оқиғалар мен тарихи даму төменде сәл кейінірек қарастырылады. Ал жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, 1652-1680 жылдары Жоңғарияның өз ішіндегі саяси жағдайдың күрделі және саяси дағдарыстың шиеліністі болуы оның сыртқы саясатта белсенділік танытып, тонаушылық пен басқыншылық сипаттағы соғыстар жүргізуіне мүмкіндіктер бермейді. Сол себепті де осы жылдары қазақ-жоңғар қарым-қатынасында тыныштық немесе үнсіздік кезең болып, ірі оқиғалар орын алмайды. Жазба деректер де соған байланысты осы кезең туралы үн қатпайды, сол себепті де осы жылдары қазақ хандығында кімнің хан болғандығын анықтау қиын деп санаймыз.

Осы кезеңдегі қазақ - орыс қатынастары негізінен сауда-айырбас байланыстарын дамыту сипатында өрбиді және қазақ жері арқылы Орта Азияға орыс көпестері керуендерінің жиі өтуімен ерекшеленеді. Осы қатынастарды көрсететін деректерде қазақ ханы туралы ешқандай мәліметтер ұшыраспайды.

Ал аштарханилар әулетімен қарым-қатынасқа келсек, бұл жылдары Бұхарада билікте Надірмұхаммед ханның (1642-1645) ұлы Абдалазиз хан (1645-1680) отырған болатын. Бұл кезеңде де Қазақ хандығының аштарханилар әулетімен қарым-қатынасында аса ірі оқиғалар болмаған секілді. Егерде ондай оқиғалар болса, онда ол жөнінде жазба деректерде мәліметтер кездескен болар еді. Тек екі жақты қатынастар Тәуке ханның билік еткен кезінен бастап қана кездесе бастайды.

Жоғарыда айтылған қысқаша баяндауларымызды түйіндей келе, Жәңгір ханнан Тәуке ханға дейінгі жылдарды біздің тарихымызда әлі күнге дейін беймәлім болып отырған кезең деп атаймыз. Болашақта табылар тың деректер ғана осы кезеңді түсінуге және осы кезеңдегі қазақ хандарының немесе ханының есімін анықтауға жол ашады деген ойдамыз.

Тарихи әдебиеттердегі материалдардың бәрі Тәуке ханды 1680 жылдан бастап хан болған деп жазады. Оның билікке қандай жолмен келгені белгісіз, ол туралы ешқандай деректе айтылмайды. Соған қарамастан ол жөнінде мынадай болжамдар айтуға болады. Егерде 1650 жылдардың басында Тәуке хан билік ету үшін өте жас болса, ал 1680 жылға таман оның жасы 40 пен 50-дің орта тұсында болатын. Бұл жас – ер адамның нағыз кемеліне келіп, ақыл-ойы толысқан, өмірлік тәжірибесі жетерліктей жас екені белгілі. Тәукенің ақылдылығы мен шешендігі, кеменгерлігі мен данышпандығы сияқты ерекше қасиеттері оны билеуші әулет өкілдері арасында айрықша көзге түсіртеді. Сондай-ақ, бұған дейін айтып өткеніміздей, оның ата-бабаларының хан тағын үзбей иеленуі, Жәңгір ханның тікелей ұрпағы болуы, жастайынан мемлекеттік істерге араласуы оның тақты иелену мүмкіндігін арттырады. Біздің ойымызша, 1652-1680 жылдары өзара таластар мен қырқыстардан әбден титықтап шаршаған қазақ қоғамы, қоғамның алдыңғы қатарлы тобы мен өкілдері: кейбір сұлтандар, билер мен батырлар, дін басылары және тағы басқа әлеуметтік топтың өкілдері Тәуке жағында болып, оны қолдаған дейміз. Сөйтіп, олар Тәукені 1680 жылы хан тағына отырғызады.

Тәуке ханның 30 жылдан астам билігі тұсындағы ішкі, сыртқы саясатының басты мақсаты - қазақ елінің бірлігі мен қазақ жерінің тұтастығын сақтау болды. Осы бағытта оның жүзеге асырған ең ірі шарасына «Жеті жарғы» атты заңдар жинағын шығарып, өмірге енгізуі жатады. «Жеті жарғыны» қабылдаудың қандай алғышарттары болды деген сауалға XVII ғасырдың екінші жартысындағы қазақ

қоғамының ішкі және сыртқы саяси жағдайының деңгейін жатқызамыз. Бұған дейін айтып өткеніміздей, орталық биліктің болмауы немесе әлсіздігі заңдар мен тәртіптердің орындалмауына және бұзылуына, саяси өмір мен қоғамдық өмірде әлімжеттік принциптің белең алуына, ұрлық-қарлықтың, зорлық пен зомбылықтардың көбеюіне және тағы осындай келеңсіздіктердің кең етек жаюына алып келеді. Тәуке хан билікке келген бойда-ақ ең алдымен ішкі қоғамдық өмір мен саяси жағдайды реттеуге күш салады. «Жеті жарғының» өмірге келуінің алғышарттары мен себептері осындай болған дейміз.

Салыстырмалы түрде айтсақ, 1640 жылы Батыр қонтайшы да жоңғар қоғамындағы қатынастарды реттеу үшін «Цааджин бичиг» деп аталатын заңдарды шығарған екен. И.Я. Златкиннің көрсетуі бойынша жоңғар заңы үш мақсатты көздеген: 1)феодалдар арасындағы ішкі қатынастарды реттеу мен ішкі алауыздықтарды болдырмау; 2)саяси күштердің бірлігін қамтамасыз ету және сыртқы қауіптерге қарсы күрестерде өзара көмектесу; 3)феодалдық тәртіпті нығайту және хан мен князьдар билігін тұрғындар арасында күшейту[23]. Егерде 1640 жылғы «моңғол-ойрат заңының» мәтіні ғылымға белгілі болып, ол жөнінде тұжырымдар айтуға мүмкіндіктер болса, «Жеті жарғының» мазмұны жазбаша түрде сақталмаған немесе біздің кезге дейін жетпеген. Зерттеушілер тек XIX ғасырдың басында Г.Спасскийдің және А.И. Левшиннің ел аузынан жазып алған жекелеген баптарға қарап қана тұжырымдар айтады [24]. Аңыз бойынша Тәуке ханның бастамасымен қазақ қоғамындағы барлық қатынастарды белгілі бір құқықтық принциптер негізінде реттеу үшін, бұрынғы заңдарды жаңа заман талаптарына сай бейімдеу үшін үш жүздің атақты билері – үйсін Төле би, арғын Қазыбек би және алшын Әйтеке би, сондай-ақ тағы басқа белгілі билер Күлтөбе деген жерде бас қосып, «Жеті жарғының» әрбір бабын жеке-жеке талдап, қызу айтыстарға түсіп күн сайын жиын өткізген екен. Содан бері ел аузында «Күлтөбенің басында күнде жиын» деген сөз қалған. Заңның жобасы дайындалып болғаннан кейін Тәуке ханның жарлығымен «Жеті жарғы» заңдық күшіне енеді де, халық оны Тәуке ханның «Жеті жарғысы» деп атап кетеді.

«Жеті жарғының» қазақ қоғамындағы алар орны мен атқарған рөліне жергілікті халықтың қандай көзқараста болғандығы туралы А.И. Левшин сол замандағы елдің игі жақсыларынан жазып алған мәліметтерін былайша баян етеді: «Біздің халық тыныштықта

өмір сүрген заман болған, бізде тәртіп те, заң да және әділеттілік те орнаған кез болған» [25]. Ал автордың өзі қазақ қоғамының Тәуке хан тұсындағы кезеңін «алтын ғасырға» теңейді [26]. Тәуке ханның заңынан басқа оның ішкі өмірдегі жүргізген саясаты, әсіресе бірлікті, ру-тайпалық жанжалдарды тоқтатуға бағытталған іс-шаралары ел арасында кең таралып, ауыздан ауызға жетеді. Сондай тарихи әңгіменің бірін 1748 жылы М. Тевкелев ру-тайпа басыларынан жазып алады. Әңгіме «Жетіру тайпалық бірлестігінің пайда болуы туралы» деп аталып, мынадай мазмұнға ие: «Жетіруға – Табын, Тама, Кердері, Керейіт, Жағалбайлы, Телеу және Рамадан рулары кіреді. Олар алғашында жеке-жеке рулар болып, Тәуке ханның тұсында біріктірілген. Оның мынадай себебі бар: Қаракесек пен Байұлы деп аталатын Алшындар өте көп болып, жеке-жеке жүрген жеті рудың әрқайсысына әлімжеттік жасап отырған. Жеті рудың әрқайсысы Алшындарға ештеңе істей алмайды. Сол кезде олардың адамдары Түркістандағы Тәуке ханға барып арыз айтады. Тәуке хан өте ақылды және халқы арасында зор беделге ие болатын. Тәуке хан аталған жеті руды біріктіреді, сол себепті жаңа бірлестік – Жетіру деп аталып келеді» [27]. Мұндай Тәуке ханның ақылдылығы мен әділеттілігі туралы тарихи аңыз-әңгімелер ел арасында жетіп артылады.

Солардың бір-екеуін осы жерде келтіре кетелік.

«Бірде Тәуке хан өзінің айналасындағы қолбасшыларына тапсырма беріп отырып, әлгілердің тапқырлығын сынамақ болады да, әңгіме барысында былай дейді:

- Мен мынаны білсем деймін. Жоңғар шапқыншылығын тоқтатып, олардың ордасын күл-талқан ету үшін қазақ халқына не қажет?

Біршама ойланған серіктері әртүрлі пікір айтқан көрінеді. Сонда Тәуке хан:

- Бәрі дұрыс-ақ, тоқ етерін айтатын болсақ, қазақ халқына құдайдың құтты күні және болашақта да ауызбірлік қажет. Ол еліміздің мәңгілік қаруы, күш-қуаты және жеңістіріміздің күре тамыры, - деген екен» [28].

Екінші бір тарихи әңгіме мынадай. «Қаптап келе жатқан жоңғар әскерін көрген қазақ сарбаздары біршама абыржып, тіпті кейбіреулері қашуға ыңғай бере бастайды. Қалың қолдың бұл халін дер кезінде байқаған Тәуке хан жанында тұрған серіктесінің біріне:

- Тез арада жылан тауып кел, - деп бұйырады. Алып келген жыланды ұстап тұрып, бүкіл әскер алдында:

- Бісміллә, Алла біздің жағымызда, тыныш жатқан ел едік, еліміздің даласын қанға

баян жоңғарлардың басын былай жұламыз, - деп ұстап тұрған жыланның басын жұлып алып:

- Алла жар болсын! Алаштың әруағы қолдасын! Алаш, Алаш! – деп жауға қарсы шаба жөнелгенде сарбаздардың рухы көтеріліп, артынан қоса жөңкіле жөнелген екен. Жыланның басын жұлу себебі, жоңғарлардың туында айдаһардың суреті болған» [29].

Осы жерде «Жеті жарғы» атауының шығуына да тоқтала кетсек. Қоғамтанушы ғалымдардың атаудың пайда болуы жөнінде әртүрлі пікірлер айтқаны белгілі. Олардың өзін жеке-жеке талдау ұзаққа созылады. Осыған байланысты «Жеті жарғы» атауының шығуын түсіндірер тарихи деректің өзін оқырмандар назарына ұсыналық. «Төле бидің тарихы» атты дастанында Қазанғап Байболұлы «Жеті Жарғыдағы» заңдардың санын былайша көрсетеді:

«Жер дауы, баяндайын, біріншісі,
Ру, қоныспен меншікті ісі.
Иеленген жеріне жанжал болса,
Біреуге басымдылық қып озбыр кісі.

Үй іші мен баланы тәрбиелеу, -
Болған жосын заңының екіншісі.
Ұрлық, қарлық, барымта – үшінші заң,
Баян етер бәрін де білген кісі.

Төртінші боп саналған мынау заңы,
Бір халықпен басқа ру болса дауы.
Ұлтын жаудан қорғамақ – бесінші бұл,
Алтыншы, жетінші – құн дауы, жесір дауы»

[30].

Көріп отырғанымыздай, заң атауындағы жеті саны оның жеті құрамдас бөліктен тұратындығын, жеті заңның жиынтығы екендігін көрсетеді. Ол заңдардың әрқайсысы өз ішінде бірнеше баптардан тұратындығы белгілі. 1804 жылы жаппас руының ақсақалы Көбек Шүкірәлиевтен жазып алған Г. Спасскийдің жазбасында «Жеті жарғының» негізінен ұрлық, қарлық, барымтаға қатысы 11 бабы ғана айтылған [31].

Ал А.И. Левшин жазып алған нұсқада «Жеті Жарғының» 34-бабы ғана келтірілген [32]. Бұл баптардың бәрі үзік-үзік, толық емес болса да, онда әкімшілік, қылмыстық, азаматтық құқықтар, дін, салық туралы мәселелер қамтылған. Мұның өзі Тәуке хан заңының сол заманда қазақ елінің қоғамдық өмірінің барлық жақтарын қамтығандығын көрсетеді.

Жалпы, Тәуке ханның «Жеті жарғысы» мен оның осы заңды өмірге енгізуге байланысты жүргізген саясаты жөнінде мынадай тұжырымдар айтуға болады.

Біріншіден, Тәуке хан 1652-1680 жылдары қазақ қоғамындағы қырқысулармен дау-дамайларды, жанжалдар мен қантөгістерді болдырмаудың жолын іздестіріп, оларды әлімжеттік принциппен емес, құқықтық негізде шешуге күш салған. Бұрыннан келе жатқан Қасым хан, Есім хан тұстарындағы заңдардың кейбір баптарын жаңа талаптарға сай бейімдейді, жаңа баптар енгізеді. Сөйтіп, өмірге «Жеті Жарғы» атты заңды енгізеді. Ал өзі әз-Тәуке, яғни «әділ», «қайырымды» хан атанып кетеді.

Екіншіден, Тәуке ханның заңы арқылы қазақ қоғамындағы ішкі бірлік толық болмаса да, біршама сақталады. Мемлекеттік әкімшілік басқару жүйесі, мемлекеттік құрылым, жалпы алғанда қазақ мемлекеттілігі өзін-өзі сақтап өзін-өзі жойып жібермей, керісінше, өзін-өзі сақтап қалады. Соның арқасында жоңғарлар мен аштарханилар әулетінен болған күрестерде қазақ жерінің тұтастығы сақталады.

Тәуке хан тұсындағы Қазақ хандығының көрші елдермен, оның ішінде басты қарсылас – Жоңғариямен қарым-қатынасы мәселесіне тоқталайық.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, 1653 жылы Жоңғар билеушісі Батыр қонтайшы қайтыс болғаннан кейін оның үлкен ұлдары арасында билікке таластар жүріп, ақыры кіші ұлдардың бірі – Сенге билікке келеді. Бірақ ол жоңғар қоғамындағы алауыздықтарды тоқтата алмай, 1670 жылдың соңына таман өзара тартыстардың құрбаны болады. Бұл жылдар екі жақ арасындағы қарым-қатынастарда тыныштық кезеңмен сипатталады. Сенгенің інісі Галдан тақты иеленіп, бірден орталық билікті нығайту ісіне кіріседі. 1678-79 жылға таман Галдан Жоңғариядағы негізгі қарсыластарын жеңіп, кейбіреулерін қашуға мәжбүрлеп, жекедара билеушіге айналады. Содан кейін ғана оның көрші елдерге және Қазақ хандығына тонаушылық, басқыншылық жорықтары басталады. Жастайынан діндар болған Галдан Тибеттегі дін басыларының қолдауына сүйене отыра, көрші елдерге көз аларта бастайды. 1680 жылға таман Далай-лама оған Бошақту-хан – «ізгі ниетті хан» атағын береді [33]. 1678 жылы ол Шығыс Түркістандағы саяси дағдарысты пайдаланып, аумақты бағындырып алған болатын. Ал 1680 жылдан бастап Галдан Бошақту хан Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның қалалары мен аймақтарына жорықтар ұйымдастыра бастайды. Ол туралы 1722-1724 жылдары Цеван Рабданның ордасына барып қайтқан орыс елшісі Иван Унковский былай деп баяндайды: «Осы тауық жылы (1681) ол (Галдан Бошақту хан) қол ертіп жорыққа аттанып, Сайрамды қоршап

алды. Ит жылы (1682) жорықтан қайтып оралып, ол Іле өзенінің жағасында қыстап шықты. Доңыз жылы (1683) тағы да Сайрамға аттанды. Жазда Галданның (әскербасы) Рабтан Сайрамды қиратты» [34]. 1652 жылдан кейінгі жоңғарлардың қазақтарға қарсы жасаған бұл ірі жорығы мұсылман авторларының шығармаларында көрініс береді. «Тарих-и амнийя» еңбегінің авторы Мулла Мұса Сайрами жоңғарлардың Сайрамды алуы туралы былай деп баяндайды: «...Біздің аталарымыздан естігеніміз бен жасы келген кәрі адамдардың айтуына қарағанда, осыдан 200 жылдай бұрын қазіргі Моғолстан жеріндегі хан орнына Іледе Құнтаджи (Хонтайшы) деген қалмақ келеді, оның билігі шығыста Комул мен Баркөлге дейін, батыста – Ташкент пен Сайрамға дейін, оңтүстікте – Карангу-Тағқа дейін созылады. Ол кенеттен жорыққа шығып, Ташкент Сайрамын басып алып бағындырады да, билікті бір қалмаққа тапсырады. Оның қасына бірнеше қалмақты көмекші етіп қалдырады да, өзі Ілеге қайтып оралады. Сайрамдықтар қалдырылған қалмақтарды өлтіріп, бағынудан бас тартады. Сайрамнан қашып құтылған бірнеше адам Құнтажыға келіп болған оқиғаның бәрін айтып береді. Құнтаджи Ілеге соқпай, Сайрамға қайтып оралып, қаланы екінші рет басып алады да, тұрғындардың бір бөлігін өлтіріп, қаланы талан-таражға түсіреді.

Қалмақ басшысы Сайрамның игі жақсы үш тобының әрқайсысынан 20 отбасыдан барлығы 60 отбасын бала-шағасымен, қызметшілерімен Ілеге алып кетеді. Оларды Іледе бір жылдай ұстап, сосын көне Тұрпанға жібереді...» [35]. Баяндаудан көріп отырғанымыздай, шығарма авторының арғы-тегі сайрамдық, оның ата-бабалары – деректегі 60 отбасының бірі. Дерек мәліметінде айтылғандай, жоңғарларға Сайрамды 2 рет бағындыруға тура келген. Бұл жылдары Тәуке хан билікке жаңадан келіп жатқандықтан, оның жоңғарларға қарсы қояр күші болмаған секілді.

Тарихи аңыз-әңгімелер бойынша, осы Сайрам соғысында Кіші Жүздің батыры Тілеу батыр Айтұлы кіші ұлы Жолдаяқ батырмен бірге көзге түскен және шайқастардың бірінде әкелі-балалы батырлар қаза тапқан. Олардың денелері қазақтың бас қаласы – Түркістанда, Қожа Ахмет Йассауи кесенесі жанына жерленген.

Жалпы, ХҮІІ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ-жоңғар қарым-қатынастарындағы ірі соғыстар мен шайқастарға көңіл аударсақ, олардың онша көп болмағанын байқаймыз. Екі жақтан да жекелеген кішігірім ұрыстардың болып тұрғандығын жоққа

шығаруға болмайды. Ал жазба деректерде сақталған ірі шайқастардың осы кезеңде, яғни ХҮІІ ғасырдың екінші жартысында алғашқысы 1652 жылы өтсе, келесісі 1681-1684 жылдары болады. Жоңғарлар Сайрам қаласын алып, оны қиратқанымен шабуыл бағытын одан әрі тереңдете алмайды. Оның басты себебі, қазақтар тарапынан қатты қарсылықтардың көрсетілуі жатса керек. Әрине, мұның бәрі Тәуке ханның ұйымдастыруымен болғаны белгілі. Сайрам шайқасынан кейін жоңғарлар Ош пен Андижан түбінде де қатты қарсылықтарға тап болады. Галдан Бошақту-хан бұдан кейін өзінің әскери қимылдарын шығысқа қарай бұрып, Шығыс Монғолияның жерін өзіне қарату үшін соғыс жүргізеді. Ақыры ол 1697 жылы наурызда 52 жасында қытай әскерінен жеңіліп, өзін-өзі өлтіреді [36].

1697 жылы Сенгенің ұлы Цеван Рабтан билікке келеді де, қазақ-жоңғар қатынасындағы жағдай күрт өзгереді. Егерде Тәуке ханның билігі тұсындағы екі ел арасындағы қарым-қатынасындағы кезеңдерге бөлсек, онда алғашқы кезеңге 1680-1697 жылдар аралығын жатқызуға болады. Бұл кезеңде екі жақты қарым-қатынастан бізге белгілісі – 1681-84 ж. Сайрам соғысы ғана. Ал екінші кезеңге – 1698 жылдан Тәуке хан қайтыс болған жылға дейінгі аралық жатады. Осы аралықта тек жоңғарлар тарапынан қазақтарға қарсы 1698, 1711-12, 1714, 1715 жылдары ірі жорықтар жасалады [37].

Оның себебіне Галдан Бошақту ханның жеңілісі мен өлімінен кейін Жоңғарияның шығысындағы Халқа жерінің Цинь әулетінің қарамағына өтуіне байланысты жоңғарларға жаңа жерлерге деген аса мұқтаждық жатты. Сол себепті де Цеван Рабданның қазақтарға қарсы жүргізген саясатының сипаты өзгеріп, бұрынғы тонаушылық жорықтар, енді басқыншылық соғыстарға айнала бастайды. Оның қазақтарға қарсы алғашқы соғысы 1698 жылдың өзінде-ақ басталып кетеді. Жоңғар қонтайшысы өзінің іс-әрекеттерін ақтау үшін Қытай императоры мен Ресей патшасына елшіліктер жіберіп, соғыстың басталуына Тәуке ханды кінәлайды [38]. Мысалы, Цеван Рабдан Қытай императоры Сюань Е-ге жазған хатында қазақ-жоңғар соғысының басталуына Тәуке ханның іс-әрекеттері себепкер болғандығын айтып, жағдайды былайша түсіндіреді: «Соғысқа амалсыздан кіріскенін, оған Тәуке ханның сатқындығы себепші болғандығын, Тәуке ханның ұлы Галданда тұтқында болып, Галданның оны Далай-Ламаға жібергенін және Тәуке ханның өтініші бойынша Далай-Ламадан Тәукенің ұлын босатып, 500 адаммен еліне

қайтарғанын, ал Тәуке ханның 500 адамды талан-таражға салып, Урхедей батыр тайшыға өлтіріп, оның адамдарын тұтқынға алғанын, сондай-ақ Еділ бойымен Жоңғарияға келе жатқан Аюке ханның қызы, Цеван-Рабданның қалыңдығын Тәуке хан адамдарының тонауға ұшыратқанын, Ресейден келе жатқан жоңғар саудагерлерін қазақтардың тонағандығын жеткізеді [38]. Ал 1699 жылы Ресейге аттандырылған елшісіне Цеван-Рабдан өзінің «Мәскеуге адалдығын және оның дәлелі ретінде қазақ тұтқынынан босатылған орыстарды қайтарғандығын» айтуды тапсырады [39].

И.Я. Златкиннің көрсетуі бойынша Цеван-Рабданның қайрымдылығы мен әділеттігіне сенуге болмайды. «Соғыс керек болса, сылтау табылады» дегендей, Цеван-Рабдан Галдан-Бошақту-ханнан кейін Жоңғар мемлекетіндегі ішкі жағдайды тез арада ретке келтіріп, жаңа жерлерді бағындыруға даярлаған болатын. 1698 жылғы Цеван-Рабданның қазақтарға жорығы барысында ол қазақ жерінің Шу-Талас өзендері өңіріндегі тұрғындарды қырғынға ұшыратып, он мыңдай адамды тұтқынға алып кетеді [40]. Жоңғар қонтайшысы Қытай императорының алдында өзін соғысқұмар емес екендігін, бейбітшіл екендігін көрсету үшін жоғарыдағыдай хат жазып, екі жақты соғыстың басталуына Тәуке ханды кінәлаған деп түсінеміз.

Жоңғарлардың қазақ жеріне шапқыншылықтары бұдан кейін де жалғасады. Екі жақтан болып отырған ұсақ жорықтарды есептегенде, жазба деректерде жоңғарлар тарапынан 1711-12, 1714 жылдары жаңа соғыстардың болғандығы айтылады. Өкінішке орай, жазба дерек мәліметтерінің болмауы, бізге XVIII ғасырдың алғашқы жылдарында Тәуке ханның жоңғарларға қарсы жүргізген саясаты жөнінде нақты ой-пікір немесе тұжырым айтуға мүмкіндіктер бермейді.

Жоңғарлардың жекеленген өңірлерді ғана тонауға ұшыратқаны болмаса, қазақ елін толық бағындыруға, иеленуге бағытталған жорықтарына Тәуке хан тойтарыс беріп отырады. Тәуке хан тұсында қазақ қоғамында жүргізілген саяси-әкімшілік және құқықтық өзгерістер нәтижесінде қазақ елі өзінің қорғаныстық қабілетін көрсете біледі. Талай-талай қазақ батырлары осы кезде ел үшін, жер үшін жан аямай жоңғарлармен соғысады, тіпті кей кездерде өздері бірігіп, жоңғарлардан кек алу үшін оларға жеңісті жорықтар ұйымдастырады.

Тәуке ханның билігі тұсында қазақ хандығының аштарханилар әулетімен жүргізген саясаты да толық анық емес. Академиялық басылымдарда Тәуке ханның Бұқара ханы

Сұбханқұли ханмен 1687-88 жылдары Ташкент мәселесі жөнінде келіссөздер жүргізгендігі жөнінде ғана айтылады [41].

Ал енді орыс мемлекетімен Тәуке ханның жүргізген саясаты мәселесіне келсек, екі жақты байланыстар сауда және шекаралық істер төңірегінде дамиды. XVII ғасырдың соңында Ресейдің билігіне I Петрдің, Қазақ хандығына Тәуке ханның келуіне байланысты екі ел арасындағы байланыстар жандана бастайды. Ресейдің Шығыс елдерімен жүргізген сауда жолдарының бір тармағы Қазақстан арқылы өткендіктен керуендердің қауіпсіздігіне кепілдік, тауарларға салынатын баж салығының көлемі мен мөлшері және Ресей мен Қазақстан шекарасының маңында тұратын тұрғындар арасындағы әртүрлі дау-дамайлар мен ірілі-ұсақты жанжалдар да елшіліктер арқылы шешіліп отырылады. 1683-1693 жылдар аралығында Тәуке хан жоғарыда аталған мәселелер бойынша Ресейге бес елшілік жібереді. [42] Тәуке ханның елшілері Сары мен Келдей, Тұманшы батыр мен Қабай, Құлтыбай Аталықовтар осы кезеңде Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы байланыстарды жүргізуде белсенділік танытады [43]. XVII ғасыр соңындағы Тәуке ханның Ресеймен жүргізген қарым-қатынасы тең дәрежелес деңгейде жүргізіленін байқау қиын емес. Егерде бір себептермен қазақ елшілігі Ресейде ұсталса немесе олардың жұмысына бөгет жасалса, Қазақстан аумағындағы орыс елшілеріне де дәл сондай әрекеттер жасалған. Мысалы, 1693 жылы Тәуке ханның елшілері Сары мен Келдей орыс еліне аттандырылып, оларға сауда жасасу туралы шартқа қол қою міндеті тапсырылады. Бірақ та шекаралық кикілжіңдерге байланысты Тәуке ханның елшілері Ресейде тұтқынға алынады. Тәуке хан өзінің орыс патшасына жазған хатында «Адам атадан осы уақытқа дейін ұрылар үшін елшінің қамауға алу дегенді құлақ естіп, көз көрмеген еді», - деп өз ренішін білдіреді [44]. Тәуке ханның табандылығы арқасында қазақ елшілері босатылып, екі жақты мәселе бейбіт шешіледі.

Жалпы алғанда, Тәуке хан көршілес елдермен жүргізген қарым-қатынасында, әсіресе аштарханилық әулетпен және Ресей мемлекетімен арадағы даулы мәселелерді бейбіт түрде шешуге және сол елдермен байланыстарын дамытуға күш салады.

Тәуке ханның қайтыс болған жылын алғаш рет В.В. Вельяминов-Зернов шамамен 1718 жыл көрсеткен болатын [45]. Содан бері тарихи әдебиеттер мен арнайы зерттеулердің бәрінде Тәуке ханның өлген жылы деп осы жыл көрсетіліп келеді. Тек соңғы жылдары жарық

көрген еңбектерде ғана бұл дата нақтыланып, 1715 жыл деп көрсетілуде [46]. Егерде В.В.Вельяминов-Зерновтың көрсетуінде 1718 жыл шамамен айтылса, В.А. Моисеевтің зерттеуіндегі мәліметте 1716 жылы қыркүйек айында Тобыл қаласына қазақ ханы Қайыптың елшісі келгендігі жөнінде айтылады [47]. Автордың бұл мәліметі нақтырақ болғандықтан, біз Тәуке ханның қайтыс болған жылы – 1715 жыл деген пікірді жақтаймыз.

Тәуке хан ұзақ жылдар бойы Қазақ хандығының астанасы болып келе жатқан Түркістан қаласында, Қожа Ахмет Йасауи кесенесі маңына жерленеді. Бұған дейін айтып келгеніміздей, бұл кесене маңында оның әкесі Жәңгір хан, атасы Есім хан, сондай-ақ Шығай хан әулетінен тарайтын белгілі тұлғалар: Ондан сұлтан, Жәнібек хан(1628-1643) және тағы басқа белгілі адамдар жерленген болатын.

Тәуке ханның артында қалған ұрпақтары туралы мәліметтер толық және жүйелі емес. А.И. Левшиннің дерегінде Тәуке ханнан Болат атты ұл, одан Әбілмәмбет, ал Әбілмәмбеттен – Болат хан, Әбілпайыздың тарайтындығын атап өтеді [48].

С.Жолдасбайұлы құрастырған «Қазақ хандарының ата-тегінің кестесінде» Тәуке ханнан Тұрсын, Мұрат, Болат хан, Сәмеке хан атты ұлдардың таралатындығы көрсетілген. Одан әрі Болат ханнан Әбілмәмбет, ал одан Болат, Әбілпайыз және Байтек атты сұлтандар өсіп-өнеді [49].

Қазақ елінің XVIII ғасырдағы тарихында Тәуке ханнан тараған Болат, Сәмекелер, ал олардан кейін Әбілпайыз сұлтан өзіндік із қалдарған. Олар жөнінде әңгіме басқа.

Осылайша, Тәуке ханға қатысты жоғарыда айтылған ойларымыздың бәрін қорытындылай келе, төменде мынадай жалпы тұжырымдар жасаймыз.

Бірінші, Тәуке ханның арғы-бергі ата-бабаларының бәрі дерлік XIII-XVII ғасырлар аралығында Қазақстан аумағындағы саяси биліктің жоғары сатысында болып, осы ғасырлардағы саяси тарихта терең із қалдырған, қазақ елінің қалыптасуы мен дамуына өз үлестерін қосқан тарихи тұлғалар болған. Өз кезегінде Тәуке хан да өзі билік құрған жылдары ата-баба жолы мен дәстүріне сай Қазақ елінің дамуына еңбек сіңіріп, есімі ел есінде сақталып қалған тұлғалардың қатарына жатады.

Екіншіден, Тәуке хан билікке келгеннен кейін қазақ қоғамында ұзаққа созылған дағдарыстарды құқықтық негізде реттеу үшін «Жеті Жарғы» атты заңдар жинағын шығарып, оны қоғамдық өмірде кең қолданысқа енуіне

бар күшін салады. Ішкі бірліктің біршама сақталынуы оның билік құрған жылдарын салыстырмалы түрде «алтын ғасыр» деген теңеуге алып келеді, халық оны әз-Тәуке деп атап кетеді.

Үшіншіден, оның билік құрған жылдары жоңғарлардың жойқын шабуылдарына төтеп берумен тұста-тұс келеді. Тәуке ханның тұсында ішкі бірлік пен мемлекеттік биліктің сақталынуы жоңғар билеушілерінің жорықтарына төтеп беруге мүмкіндіктер береді. Басқа көрші елдермен бейбіт қатынастар орнатуға күш салынады.

Жалпы алғанда, Тәуке хан қазақ елінің тарихындағы хандық дәуір деп аталатын тарихи кезеңнің ең соңғы және ең кемеңгер ханы бола білген. Ол қайтыс болғаннан кейін қазақ елінің әр жүзіндегі кіші хандықтардың тарихы басталады.

ӘДЕБИЕТ

1. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей (под общей редакцией академика М.К.Козыбаева). – Алматы, «Санат», 1996, С.165.

2. Рашид ад-дин. Сборник летописей. Мына жинақта: Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. II. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г.Тизенгаузеном и обработанные А.А.Ромаскевичем и С.А.Волиным. М. – Л., 1941, С. 41-48.; Таварих-и гузида – йи нусрат –наме. Мына жинақта: Материалы по истории Казахских ханств XV – XVIII веков. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В.П.Юдин. Алма-Ата, Наука, 1969, С. 42.(Одан әрі - МИКХ).; Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. Шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар Н.Мингулов, Б.Көмеков, С.Өтениязов. -Алматы, Қазақстан, 1997, 121 б.

3. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. 121 б.

4. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. 122 б.

5. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. 122 б.

6. Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касимовских царях и царевичах. Ч.2. – СПб., 1864 - С.275.; Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. 122 б.

7. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. 122 б.

8. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. 122 б.

9. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы, 2001. С. 221-222 .

10. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы, 2001. С.222.

11. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. С.226.

12. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ нәм хандар шежіресі. Алматы, Қазақстан; Сана, 1991, 25 б.

13. Тарих-и Шах Махмуд бен Мирза Фазил Чорас // МИКХ, С.385.

14. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. С.225.


15. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ нәм хандар шежіресі. 25 б.

16. Тарих-и Шах Махмуд бен Мирза Фазил Чорас.// МИКХ., С. 385.

17. История Казахской ССР. Том I. Алма-Ата, 1957, С.175.; Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) бес томдық. II том. Алматы, 1983, 401 б.; История Казахстана в пяти томах. Том 2. Алматы, Атамұра, 1997, С. 424.; Жолдасбайұлы С. Ежелгі және ортағасырлардағы Қазақ елінің тарихы Жогары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. А., 2010. 286 б.
18. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. С. 226.
19. Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) бес томдық. II том. Алматы, 1983, 302-303 бб.; История Казахстана в пяти томах. Том 2. Алматы, Атамұра, 1997, С. 422-424.
20. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ ғұм хандар шежіресі. 25 б.
21. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. С.165.
22. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. С.135-170.
23. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. С.113.
24. Спасский Г. Киргиз – кайсаки большой, средней и малой орды. //Сибирский вестник. СПб., 1820, ч. 9.С.185-188.; Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. С.367-371.
25. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. С.367.
26. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей.С.367.
27. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. Алматы, 1961. С.406.
28. Созақбаев С. Тәуке хан. Жеті Жарғы (Танымдық әдебиет) Алматы, Санат, 1994. – 14 б.
29. Созақбаев С. Тәуке хан. Жеті Жарғы (Танымдық әдебиет) Алматы, Санат, 1994. 15 б.
30. Қазанқап Байболұлы. Төле бидің тарихы. – Қазақ әдебиеті. – 4 қаңтар. – 1991 ж.
31. Спасский Г. Киргиз-кайсаки большой, средней и малой Орды.// Сибирский вестник. 1820. ч.9. СПб., 1820. С. 185-188.
32. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей.С. 360-371.
33. Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. 1635-1758. Издание второе. Наука, М., 1983, С.129.
34. Қазақ ССР тарихы. II том. А., 1983, 302 б.
35. Тарих-и амнийа. //МИКХ., С.486-487.
36. Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. С. 208.
37. Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. С. 215.
38. Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касимовских царях и царевичах. Ч.2. – СПб., 1864 - С.380-381.;Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. С. 215.
39. Моисеев В.А. Россия и Джунгарское ханство в XVIII веке. Барнаул, 1998. С.12.
40. Моисеев В.А. Россия и Джунгарское ханство в XVIII веке. Барнаул, 1998. С.12.
41. Қазақ ССР тарихы. II том. А., 1983, 299 б.; История Казахстана в пяти томах. Том 2. Алматы, Атамұра, 1997, С. 424-425.
42. Қазақ ССР тарихы. II том. А., 1983, 310 б.
43. Қазақ ССР тарихы. II том. А., 1983, 310-311 бб.
44. Қазақ ССР тарихы. II том. А., 1983, 310 б.
45. Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касимовских царях и царевичах. Ч.2. – СПб., 1864 - С.382.
46. Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи.А.-А.,1991, С.83.; Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Комментарии. С.484.; Жолдасбайұлы С. Ежелгі және ортағасырдағы Қазақ елінің тарихы. Жогары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. А., 2010. 286 б.
47. Моисеев В.А. Россия и Джунгарское ханство в XVIII веке. Барнаул, 1998. С.27-28.
48. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. С.161.
49. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және ортағасырдағы Қазақ елінің тарихы. А., 2010. 313 б.

* * *

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ



Е. Кәрібозов

Ж. МОЛДАБЕКОВТИҢ ЖАҢА КІТАБЫ ТУРАЛЫ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Шешендік шеберлік. Дидактикалық ойлар. Өмірлік тәжірибе.

Тірек сөздер: Шешендік. Шешен. Шеберлік. Дидактика. Тәжірибе.

Е. Карбозов

СЛОВО О НОВОЙ КНИГЕ Ж. МОЛДАБЕКОВА

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Ораторское мастерство. Дидактические мышления. Жизненный опыт.

Ключевые слова: ораторство, оратор, мастерство, дидактика, практика.

Е. Karbozov

THE WORD ON THE NEW BOOK BY ZH. MOLDABEKOVA

Abstract. The issues dealt in this article. Mastery of oratory. Teaching thinking. Life experience.

Keywords: oratory, the speaker, skills, didactics, practice.

Құладын ұшса қанаты талатын, құлан жортса тұяғы тозатын шетсіз-шексіз байтақ өлкеміздің ұшқан құсын, жортқан аңын, үілдеген желін, мамыражай табиғатын, ататын күні мен бататын түнін қазақ табиғатына жақын болғандықтан өлең-жырына, мақал-мәтел, нақыл сөздеріне қосып отырған. Қазақ мақал-мәтелді, ақыл, нақыл сөздерді – сөздің мәйегі деп түсінген. Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен қазақ сөзге тоқтай білген. «Орынды сөз жүйесін табады, орынсыз сөз иесін табады» демекші, орынды айтылған жүйелі сөзден, атам қазақ асып кетпеген. Сондықтан мақал-мәтел, нақыл сөздер қазақтың болмыс-бітімімен тыныс-тіршілігімен бірге жасасып келеді. Аз сөзге үлкен ойды сыйдыра білуді парыз санаған. Соның ішінде нақыл сөздер әрқашан көпті көріп ақыл тоқтатқан, аузы дуалы, сөзі уәлі ел ағаларының аузынан шығып, отыз тістен шыққан ордалы ой отыз рулы елге тарап отырған. Қазақ әдебиетінде ауыздан-ауызға тараған халық нақылдарымен бірге, авторы бар нақыл сөздер де көптеп саналады. Жазба әдебиетіміз дамығаннан бастап, Абай бастаған данышпандардың нақыл сөздері қазір сөз байлығымызды молайтқаны шындық.

Сол секілді әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, ф.ғ.д. Жақан Молдабеков ағамыз да өмірлік тәжірибеден түйген, көңілдегі кейбір ойларын нақыл түрінде қағаз бетіне түсіріпті. «Ой сазы – көңіл назы» деп аталатын кітабы осы нақыл сөздеріне арналған екен. Бас аяғы бес бөлімнен тұратын нақыл сөздерден құралған кітапта қаламгер әрбір ой-пікіріне, көрген-түйгеніне, яғни қағазға түсіре алған дүниелерінің барлығын өз формасымен беретіндігі ұтымды көрінді. Қазақ ғасырлар бойы қалыптасқан салт-сана, әдет-ғұрып, психологиясын осы ақыл, нақыл сөздер арқылы ұрпаққа өсиет айтуды мақсат тұтқаны белгілі. Қаламгер осы кітапты жазарда осы мақсатта қолына қалам алған секілді. Кітаптағы сүйіріктей сұлу ақыл, нақыл сөздерде жақсылық пен жамандық, имандылық пен имансыздық, тектілік пен тексіздік атты рухани дүниелер нақышты өріліп, болашақ ұрпаққа насихат үлгісінде жарасымын тапқан.

Ақыл (дидактикалық) сөздер - мынаны жасама, мынадан без деген секілді ескертулермен қорытылып отырса, нақыл сөздер (афоризмдер) – ескерту, бұйрықтан гөрі болған іс-қимылдың себеп-салдарын көрсете

отырып, шешімді оқырманның өзіне қалдырады. Автордың кітабында түрлі тақырыптағы ақыл сөздер мен нақыл сөздер араласып кетеді. Алайда нақыл сөздер ақыл сөздерге қарағанда көбірек кездеседі. Мысалы

Жұртына бол тілектес,
Жылы шырай жүдетпес.

Ұнатпасаң да бұққанды
Ұлағат тұт ұққанды
Кісіге тигіз қолғабыс,
Қасиеттіден тиер алғыс

Бағытыңды дұрыс ұқ,
Діттегенді меже тұт, -

деп келетін ақыл (дидактикалық) сөздерде «тілектес бол», «ұлағат тұт», «қолғабыс тигіз», «дұрыс ұқ» деген бұйрық райлы сөздермен басталып, оның артынан болатын жақсылығын түсіндіре келе, «жаман болмайсың, пайдасын көресің» деген насихат сөздермен аяқтайды. Ал:

Иманы пәк – сауатты,
Ары таза жауапты.

Өнегелі сөз тозбас,
Бітімге бірлік ондас.

Шындық – естіге,
Әдеп – тектіге.

Саулықты – тәнің таза,
Тектікте – ұрпақ таза

Бос сөздің көп азабы
Зар илетер мазағы,-

деп келетін нақыл сөздерде (афоризмдер) жақсы мен жаманды, ақ пен қараны, ащы мен тұщыны өзінше бағамдай келе, ой елегінен өткізіп, аз сөзбен көп мағынаны жеткізуге тырысқан сөз түйінін көруге болады. Мұнда мағына жағынан алғанда, ақыл сөз тәрізді, мынаны істе – жақсы, ананы істеме – жаман демейді. Керісінше, өмірдегі өзінің көргенін, сезгенін, бақылағанын қорытып айтады да қояды.

Нені істемеген жөн, нені істеген абзал екенінен тұжырым жасауды оқырманның еншісіне қалдырады

Жақан Молдабековтің үгіт-насихат ретінде айтқан ойлы ақыл, нақылдарымен қатар, теріс қылықтарды сынайтын уытты сартиралары да бар. «Атасын сыйлайды, батасын қимайды», - деп «көзден кеткесін көңілден кетіретіндерді сынаса, «Ақылы байлаулының, тісі қайраулы» деген нақылдан «ашу дұшпан, ақыл дос» мәтелінің мәнін ұғуға болады. Ендігі бір кезекте сатиралық мәндегі ақыл-нақылдарында қоғамдағы кенеуі кеткен теріс қылықтарды сынап қана қоймай, қазақ елі қандай себептермен осыған душар болып отыр деген сұрақтарға жауап іздейді.

Автордың кейбір ақыл, нақыл сөздерін бір оқығанда түсіну қиын. Қайта оқығанда барып, автор осыны айтқысы келген шығар-ау деген ойға келесіз. Мұны біз қаламгердің философия маманы болғандықтан, ойға философиялық тұрғыдан келген секілді деп түсіндік. Кітапта көпшілік жиі қолдана бермейтін («сөзге тұрсаң дат», «талғамыңа тоқтам бап», «дітке жеткен», «қаймыжыққа дүние тар») тіркестерді де кездестіруге болады. Бұл сөздерде толық мағына беретін сөз тіркестерінің негізгі бөлігін алып, қалғанын емеурінмен түсіндіру тәсілін қолданған. Бұл тәсіл де өз кезегінде сәтті шыққан деуге болады. Автордың ой қуамын, ұйқас қуамын деп мағынаны шашыратып алатын сәттері де аз кездеспейді. Дегенмен ақыл, нақыл сөздерді жеткізуде өзіне тән философиялық стиль тапқан секілді.

Қорыта келгенде, өмірде болып жатқан құбылыстарға өзіндік көзқарасы бар қаламгердің ақыл, нақыл сөздерге толы кітабы болашақ ұрпақтың тәлім алар, жол сілтер темірқазығы деуге лайық. Жиылып келгенде осынау дүниелер бүгінгі күні ұлттық рухани құндылықтарымыздың қалың ортасынан өз орнын алатын, әдеби-көркем мұрамызды толықтырар құнды дүние десек қателеспейміз.

* * *

ЖАС ҚАЛАМ



Б. Ешметова

КӨНЕ РУ ТАҢБАЛАРЫ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Жазу тарихы. Көне жазу мен қазіргі жазу. Таңба және символдық бейнелер.

Тірек сөздер: жазу, көне жазу, қазіргі жазу, таңба, символ.

Б. Ешметова

ДРЕВНИЕ ЗНАКИ ПИСЬМЕННОСТИ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. История письма. Древняя и современная письменность. Знаки и символические изображения.

Ключевые слова: письмо, древняя письменность, современное письмо, знак, символ.

В. Eshmetova

ANCIENT MARKS OF WRITING

Abstract. The issues dealt in this article. History of writing. Ancient and modern writing. Signs and symbolic image.

Keywords: writing, ancient writing, modern writing, signs, symbol.

Жазудың тарихы өте ерте замандардан басталады. Көне жазу мен қазіргі жазуды зерттеп білудің әрі теориялық, әрі практикалық мәні зор.

Жазу мен қоғам тығыз байланыста болғандықтан, бұрын жазуды пайдаланған қоғамның өмір сүрген жері мен тарихына көз жүгірте отырып, көне ру таңбаларының сыры тереңде екендігін ұғына түсетіндігіміз айқын.

Жазу теориясының ең басты сұрағы деп – жазу мәнінің, яғни оның қалыптасуы, қолданылатын элементтері, тілге және ойлауға қарым-қатынасын айтамыз.

Дыбыстық тіл қажетті материалдық қабықшаны құрайды, ойлаудың дамуы мен оның негізгі адамдардың қарым-қатынасындағы құралы болып табылады.

Жазу – дыбыстық тілдегі қарым-қатынастың қосымша құралы, «жаңғыртудың», «бекітудің» амалы.

Алфавиттік жазудың пайда болу тарихы, шығу тегі өте күрделі шешілмеген жұмбақтарға толы. Өйткені алфавиттік жазу – дүниежүзі мәдениетінің қол жеткен орасан зор табысы болса, бұл мәдени мұраға біздің ата-бабаларымыз да өзіндік үлес қосып, келер

ұрпаққа мирас еткен. Алғашқы әріп жазуының бір тармағы – руникалық көне түркі алфавиті.

Арғы замандағы жазудың тегі суреттен басталғанын білеміз. Пиктографиялық жазудың біртіндеп даму барысында идеографиялық жазу пайда болды. Идеографиялық таңба (идеограмма) не жеке сөзді немесе оның атауыш бөлшегін белгілейді.

Кестелі, кейіннен символдық бейнелерді, ақырында түгел шартты белгілерді қолдану жазу тәсілін графикалық өнер тәсілінен ажыратудың ең маңызды ерекшелігі болып табылады. Жазудың дамуына байланысты бұл ерекшелік күшейе түседі, жазу таңбалық сипатқа ие болып, бірте-бірте бейнелеу өнерінен алшақтайды (қолдану тәсіліне қарай). Қазіргі (дыбыстық-әріптік жазуды) жазу белгісі – әріп-суреттік сипаты мүлде жойылған дыбыстың немесе фонеманың шартты белгісі.

Бастапқы жазу фразеографиялық болған, яғни жеке сөздерге бөлінбеген тұтас бір хабарды берген. Қолдану аясына қарай фразеограммаларды 2 санатқа бөлеміз: бейнелеу пиктограммалар және шартты белгілер.

Жеке қолданылған көне шартты белгілер:

- 1) рулық және тайпалық таңбалар, сонымен қатар тотемдік;
- 2) рулық, тайпалық немесе жеке меншікті көрсететін белгі (таңба), жануарларға салатын таңба;
- 3) шеберлер өздері жасаған бұйымдарына салатын белгі;
- 4) әскер басылардың мөрлері, теңгелер, елтаңба, т.б.;
- 5) сиқыршылық және діни белгілер, зұлымдықтан сақтау (тыйым салу белгісі);
- 6) шартты оқшауланған таңбалар.

Ауыз әдебиетінде сақталып келген өлең-жырларда, археологиялық қазыналарда, ескі кітаптардың мұқабалары, тарауларында және бөлім аралықтарында кездесетін өрнектер мен суреттер, жұлдызшалар мен айшықтар, батырлардың қару-жарақтарында кездесетін кейбір жеке белгілер, таңбалар, әшекей әріптер де халықтық тарихи этнографиялық мұралар. Олардың құрамында әртүрлі ен-таңбалардың, ру таңбаларының элементтері жиі ұшырайды.

Ал жалпы ою-өрнек атаулары мағынасына қарай бірнеше топ құрайды:

- 1) ай, күн, жұлдыздарға – көк әлеміне байланысты өрнектер;
- 2) малға, денесіне, ізіне байланысты өрнектер;
- 3) аңға, денесіне, ізіне байланысты өрнектер;
- 4) құрт-құмырскаларға байланысты өрнектер;
- 5) құстарға байланысты өрнектер;
- 6) жер, су, өсімдік, гүл, жапырақ, бұтақ бейнелі өрнектер;
- 7) қару-құралдарға байланысты өрнектер;
- 8) геометриялық фигуралар тектес өрнектер [1, 39-42].

Сонымен, қазақ өрнектері молшылық, көші-қон, жорықшылық заманындағы тұрмысты, айналасындағы табиғатты, аңшылықты, геометриялық түсініктердің сырт тұрпатын байқаудан туған ұғым негізінде дамығаны байқалады. Мысалы: «Баған өрнек» (бақан деп те айтады) тіреу дінгек деген ұғымды тұспалдайды. «Балға», «балта» өрнектері өздері аттас және соған ұқсас өрнектердің де жасалуы мүмкін. Өйткені қайсыбір шеберлер өз ісінің маркасы есебінде, осы өз руының таңбасын бейнелеген болуы керек деген жорамалдар да бар. «Бес дөңгелек», кейде төрт бұрыш түрінде келетін өрнектер бір кездердегі ру таңбаларымен төрт түлік малға басылатын таңбаларды еске түсіреді. «Құмырсқа», «Шөміш», «Қос дөңгелек» өрнектері төрт түлік малдың ендері мен таңбаларынан шыққан [1, 28-29].

Ертедегі ою-өрнектің семантикалық элементтері идеографикалық жазуға айналып отырған еді, мәселен, дөңгелек (шеңбер) – күннің символы (күнтаңба), ирек сызықтар – су символы, крест – дүниенің төрт бұрышы, т.б.

Алғашқы жазу мен ертедегі ою-өрнектің бір-біріне қатыстылығы – маңызды мәселенің бірі.

Қазақтың ру тайпалары мен ен-таңбаларын идеограмма (идеографикалық жазу нұсқасы) деп түсінсек, мұндағы заттық бейне мен ұғымның, таңба мен оның аталуында байланыс бар екендігін аңғару қиын емес. Өйткені бейнелік идеограммалардың тегінде заттық кескіннің өрнектелетіні белгілі. Демек, арғынның «көз таңбасы», қоңыраттың «босаға таңбасы» сияқты айғақтық белгілер мен ертедегі ру таңбаларының қорын жасайтын мезгіл жетті. Өйткені оларды жинап, зерттеудің мәні сол: ен-таңбалар мен белгілердің тиісті заманда атқарған қызметін айқындап, әлеуметтік орнын белгілеудің халқымыздың этногенезін шешуде ерекше орны бар [2, 65].

Қазақстан жерінде тасқа түсірген мындаған көне ен-таңбалар, түрлі ою-өрнектер (қошқар мүйіз, түйетабан, т.б.) кездеседі. Ен мен таңбаның сурет үлгісінің де, олардың атауларының да, осы атаулар қатысып жасалған тұрақты тіркестердің де тіл тарихы үшін, халық тарихы үшін берер дерегі өте мол. «Таңбасыз тай, енсіз қой» деген сөз тіркесінде ен мен таңба салуға дейінгі дәуір «мал-мүлік ру тайпаның ортақ меншігі болған дәуір» деген ұғым бар. Ол дәуірді суреттегенде қазақтар «Алаш алаш болғанда, ала тай ат болғанда, таңбасыз тай, енсіз қой болғанда» деп бастайтын.

Қазіргі ғылымға белгілі таңбалар болмысына қарасақ, алғаш ірі тайпалардың таңбасы белгіленіп, кейін тайпа құрамындағы жекелеген ру өз тайпасының таңбасы негізінде өздеріне жеке рулық таңбаларды жасап алғанын көреміз. Ғалымдардың (Н.А. Аристов, В.В. Бартольд, А.И. Левшин, М. Тынышпаев, С. Аманжолов) тұжырымдауынша негізгі ұйытқы тайпаның өзіндік белгілі бір таңбасы болады. Ал сол тайпадан кейін бөлініп шыққан, не сырттан келіп қосылып, кірігіп кеткен рулар әлгі тайпадағы ортақ таңбаға қосымша бір белгі салу арқылы өзінің жаңа таңбасын жасайды [3, 299].

Н. Аристов таңбалардың ұқсастығына қарап, ертедегі ру тайпалардың туыстық жақындығын айыруға болады дейді [4, 283]. Оның айтқан пікірін қолдай отырып, С. Аманжолов қазақтың ру тайпаларының таңба белгілерін салыстырып тиісінше қорытынды жасайды, қазақтың ең негізгі және маңызды

рулары мен тайпаларын атап шығады. Қаңлы (таңбасы «I», көсеу таңбасы»), дулат (таңбасы «O», «дөңгелек тостаған»), жалайыр (таңбасы «Ш», «тарақ»), арғын (таңбасы «OO», «көз таңбасы»), қоңырат (таңбасы «II», «босаға»), қыпшақ (таңбасы «II», «қос әліп»), найман (таңбасы «V»), шанышқылы (таңбасы «↓↑», «қолтаңба»), жаппас (таңбасы «Z», «түйе-мойын») т.б.

Қыпшақ – негізгі тайпа, салыстырып қарасақ, алшын мен найман таңбалары ұқсас, себебі таңбалардың орналасуы ешқандай мәнге ие емес, оның төңкеріліп те, жантайып та, қисайып та түсе беретіні белгілі. Бірақ бұл әлі де болса зерттеуді қажет етеді.

Алшын – негізгі тайпа. Алшынға таздар мен жаппас рулар кіреді. Таңбалары Z (зет) әрпіне ұқсас болғанымен, үшінші бір сызық қосу арқылы негізгі алшын (A) таңбасында жатыр. Алшын құрамында әлімнің таңбасы екі алшын таңбасының қосылуынан M әрпіне ұқсас [5, 14-15].

Ә. Марғұланның көрсетуі бойынша [7, 145] орта ғасырдағы үйсін тайпасының таңбасы «үш әліп» түрінде кездеседі, ал «Қазақтың көне тарихы» деген кітаптағы деректе қазіргі қазақ ішіндегі үйсіндер тайпасының таңбасы «ту» және «ағын су» формасында делінген [9, 62].

Сіргелі тайпасының таңбасы:

Біріншісі «қурай» – далада өсетін өсімдік атауы.

Екіншісі – керейдің таңбасына ұқсас.

Үшіншісі – бұрынғы ноғайлы тайпасының руы үш таңбалының таңбасына ұқсас [10, 91].

Керей – негізгі тайпа. Таңбасы - + (ашамай). Бұл таңба басқа рулардікіне ұқсамайды.

Табын таңбалары әртүрлі. Ортақ таңбасы – «O» (тостаған), «I» (әліп).

Дулат таңбасына O «дөңгелек», таңбаның варианттары:

«O» (шөміш) – шөмішті табын таңбасы,

«Ш» (тарақ) тарақты табын таңбасы, жалайыр руының таңбасына ұқсас.

«I» (әліп) қаңлы таңбасымен бірдей. Бұрын табындықтар Дулаттардан бөлінгендіктен кіші жүзде негізгі болып есептеледі де, ал басқа руларды одан таратады. Таңбаларының ұқсастығын басқаша түсіндіруге келмейтін сияқты.

Сықым руының таңбасы «♀IL» (Гродеков, Аманжолов, Тынышпаев деректері). Біріншісі дулаттың «O» «дөңгелек таңбасы» негізінде десек, екіншісі «көсеу» қаңлы мен ысты таңбасына ұқсас. Үшіншісі «тік бұрышты таңба» басқа еш жүзде жоқ [10, 98-102].

С. Аманжоловтың айтуы бойынша: көптеген тайпалар мен рулар үш ордада да кездеседі. Көптеген тайпалар мен руларды үш жүзге де бірдей жатқызуға болады. Осы мәліметтерге сүйене отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: жүзге (ордаға) бөлу тайпалардың туыстық белгілеріне қарап емес, оларды аймақ бойынша орналасуына байланысты бөлу, яғни жеке ру мен тайпалардың экономикалық мүддесі жағынан бірігуіне байланысты [5, 35-36].

Тайпалардың табиғи өсуіне байланысты олардың жайлауы мен көшіп-қонатын жерін кеңейту болды. Күшті тайпалар әлсіз тайпаларға мезгіл-мезгіл шапқыншылық жасауы оларды тайпалық одаққа бірігуге мәжбүр етті. Алғашқы қоғамдық топтар біресе бөлініп (дифференция), біресе бірігіп (интеграция) отыруының нәтижесінде бір-бірімен біртіндеп қосылып, сан жағынан кеміп отырды, оның есесіне тайпа одағы іріленіп, саны ұлғая түсті.

Демек, Н.А.Аристов, В.В.Бартольд, А.И.Левшин, Гродеков, М.Тынышпаев, С.Аманжолов, Ә.Марғұлан, т.б. ғалымдарымыздың еңбектері негізінде қазақ ру-тайпаларын бүкіл түркітілдес халықтар таңбасымен салыстыра зерттеу қажет.

ӘДЕБИЕТ

1. Қасиманов С. Қазақ халқының қол өнері. - Алматы, 1969.
2. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. - Алматы, 1996.
3. Салғарин Қ. Қазақтың қилы тарихы. - Алматы, 1992.
4. Аристов. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина. - Вып. 3-4, с. 5. - 1896.
5. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. - Алматы, 1959.
6. Марғұлан Ә. Тамгалы тас жазуы // Жұлдыз. - 1984. - №1.
7. Марғұлан Ә. Найман, керей, оңгіттердің жазулары // Ақиқат. - 1993. - № 7. - 70-76 б.
8. Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. - Ташкент, 1925 (Алматыда 1990 қайта басылған).
9. Востров В.В., Мұқанов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов. - Алматы, 1968.

Г. Дәуітова

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН АУДАРУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Балалар әдебиеті мен аударылуы. Аудару ерекшеліктері. Балалар психологиясы.

Тірек сөздер: проза, балалар әдебиеті, психология.

Г. Даутова

ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА В ОБЛАСТИ ДЕТСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Детская литература и перевод. Особенности перевода. Детская психология.

Ключевые слова: проза, детская литература, психология.

G. Dautova

FEATURES OF TRANSLATION IN THE FIELD OF THE CHILDREN'S LITERATURE

Abstract. The issues dealt in this article. The children's literature and translation. Features of translation. Children's psychology.

Keywords: fiction, children's literature, psychology.

Балалар әдебиеті - қазақ әдебиетінің өскелең бір саласы. Оның өзіндік өсу, өркендеу жолдары бар. Басында жалпы әдебиетпен бірге дамып, толысып келген ол XIX ғасырда өз ерекшеліктерімен дербес әдеби шығармашылыққа жетті.

Орыс әдебиетінде тікелей жас ұрпаққа шығармалар жазған А.С.Пушкин, Д.Мамин-Сибиряк, С.Маршак, С.Михалков, А.Барто, т.б. ақындар балалар әдебиетінің ерекшелігін айқындап берді. «Балалар кітаптарының мақсаты балаларды белгілі бір іспен ғана шұғылдандыру емес оларды жат әдеттерден, теріс бағыттан алдын-ала сақтандыру ғана емес, сонымен қатар оларға табиғаттың берген адамгершілік рух элементі сүйіспеншілік сезімін сезінуін дамыту болады. Мұндай кітапшалар балалардың ес-ақылына емес, сезіміне төтеден, тікелей әсер ететіндей болуы керек. Сезім білімнен бұрын пайда болады, ақиқатты сезбеген адам – оны түсінбеген де білмеген адам. Балаларды үш элем табиғатымен таныстырып, толып жатқан халқы бар бүкіл жер шарын олармен бірге аралап өту керек. Оларға әр алуан мінез құлықтары, әдет-ғұрыптары, ұғымдары, нанымдары бар адамзат ұрпақтары мен қоғамдарын көрсету керек. Ал ол үшін балаларға арнап бүкіл дүниеге, бүкіл табиғатқа жан беріп, меңіреу тасты да, қырдың қылтамағын да, сарқыраған бұлақты да, майда қоңыр желді де, жер үстінде ұшып жүрген көбелекті де сүйіспеншілік тілмен, өмір тілімен сөйлету керек», - деді В.Г. Белинский [1, 345].

Балалар прозасы қызықты, шытырман оқиғалы, сан алуан тартысты сюжетке құрылады. Қазақ балалар әдебиеті идеялық көркемдік жағынан болсын, тақырыптық-тәрбиелік жағынан болсын, алға қойған ізгі талаптарға сай өркендеп келеді. Балалар әдебиеті мен аудармасында батырлық, ерлік дәстүр, өнеге тұтатын ұлы өнерпаздар жөнінде сипатталады. Сонымен, балалар әдебиетінің төмендегідей басты-басты бес ерекшелігі бар деп білеміз. Біріншіден, балалардың психологиясына зерттеу жасағанда, олардың ойлау, түсіну қабілеті суреттеліп отырған оқиғаның,

көркем образдың нақтылығын, дәлдігін өз өмірінің айналасынан алуды қажет етеді.

Екіншіден, әңгімеленіп отырған оқиғаның барысында лиризм болуы шарт. Баланың ішкі дүниесіне, ой-санасына бірден әсер ететін күшті де мағыналы бейнелер алынуы керек. Балаларды өмірдің жақсы болашағына қанаттандырып, шарықтатып отыру шарт.

Үшіншіден, балалар әдебиетінде оқиғаны және адам характерін суреттеу әдістерінің динамикасы ерекше болады. Психологияның дәлелдеуіне қарағанда, балалар алдымен оқиғаның туып отыруына, бұлардың тез өзгеруіне, шешіміне, кейіпкерлер мінезінің әр жақты дамуына қызығады. Одан соң оның неден шыққан себептерін іздестіре бастайды.

Төртіншіден, балалар жаратылыстың көркем көріністерін, пейзажды шебер суреттеуді ұнатады, оған сүйсіне қарайды, соны өз айналасынан іздейді. Көркем әдебиеттегі жаратылыс суреттері олардың байқағыштық, талғампаздық қабілетін арттыра түседі. Пейзаждық сурет – эстетикалық тәрбиенің бір көрінісі.

Ал көркемділікке тәрбиелеу баланың ақыл-есінің тез жетіліп, тез дамуына көмектесіп отырады.

Эстетикалық тәрбие көркем өнердің барлық салаларында ұлы шеберлер жасаған аса құнды мұраларды балалардың терең түсінуін, сол шығармалардан рақаттанып рухани ләззат алуын көздейді.

Бесіншіден, балалар әдебиеті шығармаларының мазмұны, идеясы олардың белсенділігін арттырып, өз өмірінің жарқын болашағын тануға себепкер болуға тиісті. Оларды еңбекке, ғылымға, әр қилы мамандыққа еліктіріп, үлкен істерді орындауға дайындай білуі, соған әуестендіруі керек. Прозалық шығармалар әдетте үлкен, орта, шағын түрдегі жанрлар, атап айтқанда роман, повесть, әңгіме, очерк, новелла. Мейлі, ол көркем проза не аударма шығармалары болсын әдеби туындыларды бағалау маңызды да жауапты жұмыс. Көркем шығарманы жариялау барысында редактор оның тұтастылығына көңіл бөледі. Шығарма тұпнұсқасының мазмұны мен түрінің бірлігі,

көркемдік шындық бейнеленуі, сюжет тұтастығы, оқиға дәлдігі, автор стилі аудармада шынайы, айқын көрініс табуына мұқият зер салынады. Аудармашы аударылатын әңгімелердің түпнұсқасымен ғана емес, қаламгердің тұтастай шығармашылығымен және оған қатысты әдеби зерттеулер, сын мақалалармен де танысуы жөн.

Балаларға арнап аударудың бір қиындығы – суреттеп отырған іс-әрекетті, кейіпкер тілінде сәл ғана саңылау, нанымсыз бір кішкене болмашы кемшілік кетті дегенше, оқырманнан айырылдым дей беріңіз. Өйткені бүлдіршіндер көркем шығарманы шынайы өмір деп қарайды. Қапысыз сенеді. Балғын бөбектерді қуанту балалығын мәңгі жадында сақтаған, бала болып ойлай алатын, бала көңіл, таза көңіл таланттардың ғана қолынан келеді. Бүлдіршіндерді жақсы аударма шығармасымен қуанту аудармашы үшін де жарты бақыт болуы керек. Бала үшін ондай сәт – мереке!

Әдебиетіміздің басқа саласында табысты еңбектеніп келе жатқан белгілі жазушылардың өзі балаларға келгенде сыр беріп қалып жатса – талаптың күрделілігінен. Сондықтан да В.Г.Белинский «балалар жазушысы болып туылмасаң, жүре қалыптасу мүмкін емес» - дегені дұрыс тұжырым [1,420].

Әдетте, жас бүлдіршін мектепке барсам дейді, үлкендер қатарына жетсем деп армандайды. Бала көңіл аңсаулары, армандау сатылары осындай болса керек. Балаларға арналған әдебиетте ең көрнекті орынға ие болуға тиісті тақырып – мектеп жайы. Жазушы балалардың өмірін ең алдымен мектепте, оның тәрбиеленіп өсетін ортасында көрсетуге тиіс. Балаларды еңбексүйгіштікке, іскерлікке тәрбиелеу де мектеппен байланыста өтеді.

Балаларға арналған шығарманың басты кейіпкері бала болуы міндетті емес, тіпті бір де бала қатыстырмай балаларға арнап шығарма жазуға болады. Балалардың өз өмірін баяндайтын шығармаларды ғана балалар болмасын таныстырып, солардың ең тәуір деген үлгілері арқылы тәрбиелеуге тиіспіз. Балаларға табиғат сырлары, ғылым, мәдениет пен өнердің табыстары, тарих туралы кітаптар керек. Тамаша адамдарымыздың өмірі жайында, туған өлке, қала мен ауылдарымызда болып жатқан өзгерістер туралы да балаларға әдемілеп айтып беруге болады. Сонымен қатар көптеген балаларға арналған туындыларды аударуымыз қажет.

Балалар шығармаларын қазақ тіліне аударуда автордың стильдік сәйкестігін, баламалық деңгейін, мәтін дәлдігі мен көркемділігін сақтау қажет. Аудармашы балалар жандүние-

сінің нәзік деталіне дейін түсінетін психолог, олардың мінез-қылығы мен өмірлік дағдыларын терең тани алатын педагогтық қасиеттерге ие жоғары деңгейде болған жағдайда ғана аударма көркемдік және мазмұндық деңгейде түпнұсқамен тепе-теңдікте жасалады.

Мәселен, Р.Киплингтің С.Қалиев аударған «Пілдің баласы» жинағындағы ертегілерін түпнұсқа, орыс, қазақ тілдеріндегі нұсқаларымен салыстыра талдайтын болсақ, жалпы, С.Қалиев көбіне балама және еркін тәсіл үлгілерін қолдана отырып, жануарлардың психологиясын түпнұсқаға сай аша білгендігін байқай аламыз.

*Түпнұсқа: He was a small **Clever-fish**, and he swam behind the whale's right ear, so the whale couldn't see him [2,98].*

*Орысшасы: Наконец, осталось в море одна крошечка **Рыбешка- Хитрушка**[3,6].*

*Қазақшасы: Ең соңында бүкіл теңізде жалғыз ғана балық, **Шынашақтай Тікен** балық қана қалыпты [4,3].*

Бұл мысалда түпнұсқадағы «Clever-fish» деп аталған кішкентай балыққа орысша нұсқасында да, қазақша нұсқасында да сөзбе-сөз аудармай, оған сай келетін балама тапқан. С.Қалиевтың Шынашақтай Тікен балық деп аударғаны өте сәтті табылған балама. Жалпы, қандай тіркес болмасын, мейлі ол еркін немесе тұрақты сөз тіркесі болсын, оны тура, сол қалпында аударуға болмайды. Бұл аудармаға берілетін қағидаттардың бірі. Ондайларды аудармас бұрын аудармашы өзі аударған тілде соған лайықты балама тауып алу керек. Мейлі олардың мағыналары басқа болса да, айтайын деп отырған ойды дәл түсініп, оқырманға дәл жеткізсе болғаны.

«К.Д. Ушинский кез-келген дүниені қарапайым тілмен түсіндіріп, балалар ұғынбайтын сөздерді қолданудан бойы аулақ болғанын айтады [5, 44]. Сондықтан балалар сөзі сайдың тасындай сұрыпталған, таңдап, талдап қолданылған, көркем де үлгілі тіл құралдарынан тұрады. Ал аудармашының түпнұсқаның көркемдік мазмұнын өз тілінде айқын, әсерлі, шынайы жеткізумен бірге, кейіпкер тілінің құрылымын, автордың стилін барынша дәл үйлестіре беруді де шеберлігі мен талантын айғақтайды»- деген тұжырым айтады [6,43]. Осы тұжырымға байланысты тағы бір мысал келтіре кетейік,

Түпнұсқа: «Noble Whale, have you ever eaten Man?» [2, 99].

Орысшасы: «Благородный, великодушный Кит, пробовал ли ты когда -нибудь Человека?» [3,76].

Қазақшасы: Сен осы Адам етін жеп көрдің бе, мәртебелі, қайырымды Сүтқоректім? [4,46].

Бұл мысалдан байқайтанымыз, **Сүтқоректім** деген сөз түпнұсқада да, орысша нұсқасында да жоқ. Бұл сөзді С.Қалиев өз тарапынан қосқан. **Кит** сөзін жиі қайталай бермеу үшін, сондай-ақ Кит сүтқоректілер тобына жатқандықтан, балалардың ой-өрісін дамыту мақсатында қолданған. Бұл да аудармашының өзіне тән аудару тәсілі. Балалардың білімін орнықтыру, естеріне түсіру мақсатында мұндай тәсіл өте сәтті деп ойлаймын.

Көбіне жануар адам тәріздес бейнеленеді, ол адам сияқты қайғырады, адам сияқты ойланады. Жануарлар қасиеттері олардың мінез-құлықтарына қарағанда кең ауқымды құбылыстарды түсінуге мүмкіндік береді. Жануарлар

жайлы шығармалардың көркемдік әлемі біркелкі емес. Бұл осындай прозадағы ойдың қиысуымен, шығарманың жеке элементтерінің ішкі байланысымен, авторлық позицияның күрделілігімен, баяндаушы мен кейіпкер дауыстарының өзара әрекеттілігімен байланысты. Кейбір жағдайларда бұл шығармаларды бейнелеудің негізгі мәні авторлық баяндауға жатады. Яғни жануар арқылы не болып жатқанын автор баяндайды. Р.Киплингтің бір ерекшелігі жан-жануарлар мен хайуанат-тарды адамдармен қарым-қатынаста, сөйлестіре отырып туынды жазған ағылшынның талантты қаламгері.

Балаларға өлең жазу да, әңгіме, повесть жазу да осы жолға біржолата түскен, соның шығармашылық азабына төзе алатын, баланы жанындай жақсы көріп, жүрегімен сезінетін ақын – жазушыға жүктелетін зор жауапкершілік.

ӘДЕБИЕТ

1. Белинский В.Г. *Жаңа жылға сыйлық*, 5 том, – Москва: 1956.
2. Kipling R. *The jungle Book*. – Москва: Айрис пресс, 2007
3. Киплинг Р. *Рассказы*. – Ленинград: Художественная литература, 1989.

4. Киплинг Р. *Пілдің баласы*. – Алматы: Жалын, 1983.
5. Тарақов Ә. *Аударма психологиясы және мәдениеті*. – Алматы: Қазақ университеті, 2005.

* * *

Д. Бекбулатова

ПОЭТИКА ЗАГЛАВИЯ РАССКАЗА С. МОЭМА

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Роль и значение заглавия. Типы заглавий в произведениях С.Моэма. Проблема перевода заглавий.

Ключевые слова: заглавие, значение заглавия, типы, поэтика, перевод.

Д. Бекбулатова

С. МОЭМ ӘНГІМЕСІНІҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫБЫ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Тақырыптың рөлі мен мағынасы. С.Моэм шығармаларындағы тақырып түрлері. Тақырыпшаларды аудару мәселесі.

Тірек сөздер: тақырыпша, тақырып мағынасы, түрлері, поэтика, аударма.

Д. Bekbulatova

POETIC TITLE OF S. MAUGHAM'S STORY

Abstract. The issues dealt in this article. The role and significance of the title. Types of title in the works of S. Maugham. The problem of translation of titles. The article is devoted to a problem of headings translation. The article reveals the problems of proper interpretation of a fiction text depending on the adequate translation of its heading on the example of Maugham's novel "The Pool"

Keywords: title, the value of titles, types, translation.

Как ни странно, но первое, что привлекает читателя к прочтению какой-либо книги или статьи, – это не ее содержание, а заглавие. Находясь в препозиции к тексту, заглавие определяет тональность всего произведения. Заглавие несет определенную эмфатическую функцию на лексическом уровне. Отталкиваясь от заглавия читатель пытается понять смысл, провести анализ, выстроить логические связи произведения. Именно заглавие настраивает читателя на восприятие определенной информации, направляя ход его мыслей. Именно

заглавие заставляет вернуться к нему вновь уже после прочтения произведения. Оно не только настраивает читателя на определенную тему, но сужает круг восприятия информации в соответствии с которой читатель выстраивает логические связи и пытается понять смысл текста. Считается, что название произведения содержит в сжатой форме основную идею произведения и является ключом к ее пониманию [1,53]. А. Л. Блем определяет заглавие как авторский намек на тему [2, 32]. В связи с этим правомерно будет предположить,

что заглавие, заглавие играет важную роль при интерпретации любого произведения, может содержать в себе смысловые пласты произведения, интерпретация которых, во многом, зависит от подготовленности и фоновых знаний читателя оригинала. Именно поэтому перевод заглавия представляет определенную проблему для переводчика. Неверный перевод заглавия может привести к непониманию и неправильной интерпретации всего произведения читателем. Поэтому здесь важную роль играет подготовленность переводчика (знание языков, фоновые знания о стране, осведомленность об авторе, литературоведческая подготовка, начитанность, умение проникнуть вглубь текста, умение распознавать намеки, аллюзии, символы и т.д.). Переводчиков художественных текстов учат переводить заглавие в последнюю очередь именно потому, что адекватный перевод заглавия возможен лишь после всестороннего, тщательного, глубокого анализа текста. Заглавие может являться и лейтмотивом всего текста. Таким образом, слово, вынесенное в заглавие, расширяет свое значение по мере прочтения текста.

Проблема перевода заглавий рассматривается в трудах В.В. Савельевой «Художественный текст и художественный мир», В.А. Кухаренко «Интерпретация текста», Н.А. Николиной «Филологический анализ текста».

Из классификации заглавий, представленных в данных работах, можно сделать вывод о том, что в произведениях С. Моэма встречаются разные типы заглавий. Это и имена главных героев: «Макинтош», «Каталина», и место действия: «Гонолулу», и указание на литературный жанр: «Маленькие истории островов Южного моря», заглавия иронические: «Падение Эдварда Барнарда» (хотя ирония последнего определяется по прочтении текста) и др. Но не все заглавия произведений С. Моэма настолько просты. Об этом свидетельствует наличие нескольких переводов одного заглавия. Например, заглавие его романа “The painted veil” в русском переводе это и «Разукрашенный занавес», и «Разукрашенная вуаль», и «Узорный покров». Таким образом, перевод заглавий С. Моэма представляет для переводчика не меньшую сложность для перевода, чем для автора его придумать.

Рассмотрим проблему перевода заглавий и смысловые пласты, которое оно может раскрывать на примере рассказа С. Моэма «Заводь» (“The Pool”), которое входит в сборник рассказов «Трепет листа: маленькие истории островов Южного моря». Действие рассказа «Заводь» происходит в Апии (столице

Самоа острова Уполу) и в третьем по величине городе Шотландии – Абердине.

Как известно, при прочтении художественного произведения, читатель опирается на определенные ассоциации, «которые лежат в диапазоне его интересов, деятельностных и познавательных установок» [3].

Первая ассоциация, с которой связывается слово «заводь», – это тихое, спокойное место. Если же обратиться к толковому словарю русского языка, то в нем дается следующее определение: 1) небольшой залив, участок реки, в котором течение отсутствует или принимает обратное направление; 2) мелкое место пруда, озера. Таким образом, связав читательские ассоциации со словарными значениями, можно получить «тихий, спокойный участок реки, в котором отсутствует течение», «мелкое, спокойное место пруда, озера».

Для выяснения адекватности перевода заглавия рассказа как «Заводь» рассмотрим значение слова “Pool”. В Оксфордском толковом словаре приводятся следующие значения слова “pool”: 1) a small area of still water – омут, заводь, водоем со стоячей водой; 2) a game played on a billiard-table – пул (род игры в бильярд); 3) to collect money, ideas etc. from a number of people and share them; to share or divide (traffic or receipts) – собирать деньги, идеи у определенного круга людей и делить их; делить что-либо [4, 477].

Таким образом, в толковых словарях совпадает только первое значение – «водоем со стоячей водой». А вот еще два имеющих значения слова “pool” в английском языке, в русском языке отсутствуют.

В этой связи, представляется интересным проследить, в каких значениях употребляет слово “pool” автор текста: только ли в значении «заводь» или в его тексте присутствуют все три значения данного слова?

Следует отметить, что впервые в рассказе слово “pool” появляется именно в значении игры в бильярд: “The life of the island is pleasant and easy. He enjoyed the long idle talks in the lounge of the hotel and the gay evenings at the English Club when a group of fellows would play pool” [5, 85]. В переводе читаем – «Жизнь на острове легка и приятна. Он наслаждался долгими ленивыми разговорами в холле гостиницы и веселыми вечеринками в Английском клубе, где мужчины играют на бильярде».

Но уже в следующем абзаце рассматриваемое слово появляется в своем основном значении – «заводь»: “The country was indescribably fertile. In parts the forest was still

virgin, a tangle of strange trees, luxuriant undergrowth, and vine; it gave an impression that was mysterious and troubling. But the spot that entranced him was a *pool* a mile or two away from Apia to which in the evenings he often went to bathe” [5, 85]. В переводе: «Земля здесь была невероятно плодородна. Кое-где сохранились девственные леса: заросли каких-то незнакомых деревьев, великолепный подлесок, лианы – и все это вместе казалось таинственным и печальным. Но больше всего пленила Лоусона *заводь* милях в двух от Апии, куда он часто по вечерам ездил купаться».

Таким образом, можно предположить, что подобная синтагматическая организация текста не случайна. Автор намеренно организовал оба значения слова на одной странице, чтобы привлечь внимание читателя. Однако, в русском переводе семантическое поле слова “pool” теряется, так как русскому читателю уже сложнее найти нечто общее между «бильярдом» и «заводью».

Из рассказа становится ясно, что чаще всего слово “pool” употребляется именно в значении «заводь». Именно в заводи главный герой – шотландец из высшего общества, образованный, интеллигентный, культурный Лоусон - познакомился со своей будущей женой – туземкой Этель, это место, где Лоусон покончил жизнь самоубийством. Раскрытию же метафорического смысла слова «заводь» помогают синонимические ряды, которые автор намеренно использовал для создания образа места: «казалось в этой заводи кроется какая-то тайна... Лоусон тихонько вошел в воду и лениво поплыл в теплую *тьму*». Таким образом, заводь – это не просто запруда, тихое и спокойное место, это место смешения двух рас, двух культур, двух менталитетов, здесь происходит что-то темное, странное.

Третье значение слова “pool” – «делить что-либо» можно вывести из истории Самоа. В конце XIX века за контроль над архипелагом разгорелось соперничество между Германией, Британией и США. В результате Берлинского соглашения 1899 года над островами был установлен протекторат. Острова Самоа были разделены на две части (линия раздела прошла по 171 з.д.): восточная группа, известная сейчас под названием «Американское Самоа», стала территорией США; западные острова получили название «Германское Самоа», а Британия отказалась от претензий в обмен на возврат Фиджи. С конца первой мировой войны до 1962

года Западное Самоа находилось под управлением Новой Зеландии. С июля 1997 года это государство называется просто «Самоа». Учитывая то, что С. Моэм путешествовал по южной части Тихого океана в 1916 г., то это время как раз пришлось на начало аннексии островов Новой Зеландией, а Апией совместно управляли Британия, Германия и США. Не случайно и главные герои рассказа являются представителями разных держав. Лоусон – шотландец, Миллер – американский немец, Бривальд – норвежец, Кастер – австралиец. Таким образом, подчеркивая национальную принадлежность каждого из героев, автор хотел показать, что Самоа было поделено между западными державами.


Проведенный анализ использования значений слова “pool” показывает, что автор вложил в него все имеющиеся смыслы, причем первые два выражены в тексте эксплицитно, тогда как остальные выражены имплицитно и выводятся из подтекста: 1) это заводь, где плавает Этель и место где Лоусон впервые ее встретил, то есть место где смешались две расы; 2) пул – вид игры в бильярд, в который играют белые мужчины; 3) государство Самоа под управлением европейских держав в области политики и экономики. К этим трем значениям можно добавить еще одно, которое можно вывести из второго – если сравнить острова Тихого Океана с шарами в бильярде, а сам океан со столом игроками которого являются западные державы, которые, словно, разыграли между собой право владения островами.

К сожалению, в переводе на русский язык произошла неизбежная потеря информации, так как слово «заводь» не соответствует всем значениям слова “pool” и та информация, которая открывается определенному кругу англоязычных читателей, остается недоступной для русскоязычных читателей. При более глубоком и внимательном прочтении рассказа на английском языке становится ясно, что “pool” – это не только «заводь» - тихое красивое место, это место столкновения политических и экономических интересов, место возникновения конфликтов.

ЭДЕБИЕТ

1. Тураева З.Я. Лингвистика текста. М., 1986.
2. Савельева В.В. Художественный текст и художественный мир. - Алматы, 1996.
3. Долинин К.А. Интерпретация текста. - М.: Просвещение, 1985.
4. Oxford Wordpower Dictionary. Oxford University Press. 1993.
5. W. Somerset Maugham. Sixty-five short stories. Octopus Books Ltd. 1988.

ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ



С. Жусанбаева

ПӘН МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аннотация. Мақалада қарастырылған мәселелер. Қазақ тілі. Білім мазмұны. Оқыту әдістемесі. Инновациялық технологиялар.

Тірек сөздер: қазақ тілі, білім алушы, білім мазмұны, оқытушы компетенциясы, инновация, технологиялар.

С. Жусанбаева

СОДЕРЖАНИЕ ПРЕДМЕТА И МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ

Аннотация. Вопросы, рассматриваемые в статье. Казахский язык. Содержание образования. Методика обучения. Инновационные технологии.

Ключевые слова: казахский язык, содержание образования, компетенции преподавателя, инновация, технологии.

S. Zhusanbaeva

THE CONTENT OF SUBJECT AND TEACHING METHODOLOGY

Abstract. The issues dealt in this article. Kazakh language. The content of education. Methods of teaching. Innovative technologies.

Keywords: kazakh language, the content of education, competence of teachers, innovation, technology.

